

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



А. Ғ. ИБРАЕВА
С. З. МӘЛІКОВА
Е. Қ. ӘБЛІ

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
ТАРИХЫ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**А. Ғ. ИБРАЕВА
С. З. МӘЛІКОВА
Е. Қ. ӘБІЛ**

**ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
ТАРИХЫ**

**Петропавл
2018**

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 қаз)
И 15

Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы әдістемелік кеңесінің (14.07.2016 ж. №5 хаттама), М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ғылыми кеңесінің (13.07.2016 ж. №6 хаттама) шешімдерімен баспаға ұсынылған.

Пікір білдірушілер:

тарих ғылымдарының докторы, профессор *Қ. Ә. Ахметов:*
тарих ғылымдарының докторы, профессор *Г. Т. Мұсабалина*

Ибраева А. Ғ.

И 15 Петропавл қаласының тарихы. Ғылыми басылым / А.Ғ. Ибраева, С.З. Мәлікова, Е.Қ. Әбіл. Екінші басылым - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018. - 184 б.

ISBN 978-601-80556-3-8

Монография Петропавл қаласының 1752 жылы бекініс ретінде іргесі қаланағаннан бастап, XIX ғасырдың басында қала мәртебесіне ие болуының алғышарттары, 1921 жылы Қазақ Автономиялық Республикасы құрамындағы Ақмола губерниясының орталығы болғанға дейінгі тарихына арналады. Еңбекте аталған уақыт ішінде қаланың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына шолу жасалған. Кітап тарихшыларға, өлкетанушыларға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, магистрлеріне және жалпы оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5 қаз)

© Ибраева А.Ғ., Мәлікова С.З., Әбіл Е.Қ., 2018
© М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018

ISBN 978-601-80556-3-8

*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің сапа менеджменті жүйесі
ISO 9001:2015 талаптарының үйлесімділігіне сертификатталады*

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1 ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ, ТАРИХНАМАСЫ, ДЕРЕК КӨЗІ.....	6
1.1. Теориялық-методологиялық ұстанымдар.....	6
1.2. Қала тарихының деректік негіздері.....	12
2 XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚЫЗЫЛЖАР ӨңІРІ.....	26
2.1. Ресей өкіметінің Қазақстанның солтүстік аймағындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық қадамдары.....	26
2.2. Петропавл бекінісін салудың алғышарттары және даму тарихы.....	50
2.3. Петропавлдың Қазақстан және Ресей арасындағы саяси және экономикалық байланыстардағы рөлі.....	67
3 XIX ҒАСЫРДАҒЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЖАҒДАЙЫ.....	80
3.1 Қаланың дамуы, этникалық құрамы және әлеуметтік құрылымы.....	80
3.2 Сауда-саттық қарым-қатынасы.....	94
3.3 Мәдениеті және білім беру жүйесі.....	103
4 XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ.....	108
4.1 XX ғасырдың басындағы Петропавл қаласының әлеуметтік- экономикалық және мәдени дамуы.....	108
4.2 XX ғасырдың басындағы қарама-қайшылық кезіндегі Петропавл қаласы және ұлттық интелегенция өкілдерінің қызметі.....	125
4.3 1917 жылғы ақпан төңкерісі және Петропавл қаласы.....	152
ҚОРЫТЫНДЫ.....	174
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ.....	176

КІРІСПЕ

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында отандық тарихқа қызығушылық артуда. Оған мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Ғылыми қазына» сияқты мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылса, «Мәңгілік ел» идеясы ұлттық сипатқа ие болды. Аталмыш бағдарламалар аясында Отан тарихына байланысты алыс, жақын шет елдер архивтарынан баға жетпес құнды деректер елімізге жеткізіліп, зерттеушілердің қорын толықтыруда.

Әлемдік деңгейде Қазақстан өзінің лайықты тарихи алып, көшпелі өркениеттің дәстүрін мен құндылықтарын барша ғаламға паш етуде.

2015 жыл Қазақстан Республикасы Қазақ хандығының құрылуына 550 жыл толу мерейтойын атап өтіп, дүниежүзіне қазақ мемлекеттілігінің тарихи тұп-тамырының тереңде жатқанын паш етіп, ерекше маңызға ие болды. Бұл мемлекет құрушы қазақ халқының тұғырлы белгісі іспеттес. Тарихшы ғалымдардың мақсаты осы тарихи мұраны жан-жақты зерттеп, келешек ұрпаққа жеткізу.

Біздің ата-бабаларымыз ұрпақтарына Еуразия кеңестігінің қақ төрінен кең байтақ жерді аманат етіп қалдырды. XV ғасырда Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығы өз жерін сырттан шапқыншылық жасаған жаулардан ерлікпен қорғап келді.

Отандық тарихтың өзекті тақырыптардың бірі Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылуы. Ресей империясы бастапқы кезден-ақ өзінің бірнеше әскери-барлау экспедициясын жүргізіп, қазақтың рутайпалары мекендеген жерлерінде өз бекіністерін сала отырып, қазақ жерін отарлау саясатын жүргізуден бастады. Әсіресе, Ресей империясының Қазақстанның солтүстік

аймақтырына жасаған саяси-экономикалық, әлеуметтік және әскери қадамдары зерттелуі кенже қалған мәселелердің бірі. Бұл еңбектің жазылуына арқау болған Орта жүз қазақтарының солтүстік өңіріндегі ата-мекені болып табылатын Қызылжар өңірінде іргетасы қаланған Петропавл қаласының тарихы.

Авторлар қауымы бүгінгі күні тарихшылардың деректерді жан-жақты пайдалану барысындағы қолжетімділігін негізге ала отырып, Петропавл қаласының тарихын жаңа қырынан зерделеуді жөн көріп отыр.

1 ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ, ТАРИХНАМАСЫ, ДЕРЕК КӨЗІ

1.1. Теориялық-методологиялық ұстанымдар

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізі ретінде шынайылық, тарихилық, жүйелік және салыстырмалы талдау қағидаттары басшылыққа алынды. Қазақстан тарихындағы қазақ-орыс қатынастарына байланысты еңбектері және деректік материалдар теориялық тұрғыдан талданып, сарапталды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап өз тарихын Кеңестік идеология салып берген сара жолдан шығып, отаршылдық саясаттан туындаған бұрмалаушылықтан арылып, зерттеудің жаңа тәсілдеріне бет бұрды.

Зерттеу жұмысының методологиялық негізін айқындауда, қоғамдық құбылыстар мен үрдістерді зерттеудің диалектикалық материалистік тәсілдері қолданылды.

Тарих ғылымында қалыптасқан мәселені, болған оқиғаларды зерттеуде нақты фактілер мен дәлелдер арқылы шынайы көрсету қағидалары басшылыққа алынды. Сонымен қатар, жұмыста тарихи зерттеудің жалпы ғылыми әдістері мен талдау тәсілдері, қазіргі тарих ғылымында қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы тың ой-тұжырымдар мен ұлттық тұрғыдан көзқарастар басшылыққа алынды.

Өркениеттік әдіснамалық бағытқа соңғы кезеңдегі жаңа ғылыми ой-пікірлермен тұжырымдарға М.Қ. Қозыбаев, Х.М. Әбжанов, К.Л. Есмағамбетов, М.Қ. Әбусейтова, Т.О. Омарбеков, Ж.О. Артықбаев, А.Ф. Ибраева, А.Б. Шалғымбеков, Ж.Е. Жаппасов, С.З. Мәлікова және т.б. жетекші тарих, филолог, өлкетанушы ғалымдардың еңбектеріндегі ұлттық, әлеуметтік,

этникалық тарихқа қатысты, тарихи этнологиялық, тарихнамалық ұлттық деректерді зерттеу, талдау, пайдалануға қатысты тарихнамалық көзқарастарға және Қазақстан тарихына шолу жасаған шет мемлекет ғалымдарының еңбектеріндегі саяси, әлеуметтік экономикалық үдерістер жөніндегі тұжырымдарына, пікірлерге сүйендік.

Петропавл қаласының тарихын зерттеу нысаны етіп алған бұл тақырыпты талдау барысында тарих ғылымы қалыптастырған кейбір әдістер басшылыққа алынды. Олар құрылымдық, жүйелік, салыстырмалы, сараптамалық, диалектикалық таным тұрғысынан қаралды. Бұл әдістерді қолдану арқылы XVIII-XIX ғасырлардағы патшалық Ресейдің Қазақ хандығының территориясына әскери шептерді салу мақсатын, оның себептері мен салдарын, нәтижелерімен зардаптарын саралауға, қазақ-орыс қатынастарының шынайы сипатын, әлеуметтік саяси-экономикалық байланыстағы рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Қазақ жүздерінің ертеден қоныс тепкен этникалық территориясын анықтауға, оқиғаларды дәлелдейтін материалдар аясында шет мемлекеттер архивтарынан алынған деректерді анықтау, сұрыптау және зерделеу арқылы аталған мәселе төңірегіндегі қарама-қайшылықтар өз мәресіне жетті.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Петропавл қаласының XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың басына дейінгі тарихын жан-жақты ғылыми тұрғыда зерттеу. Осы мақсатқа жету барысында мынадай міндеттерді шешуге қол жеткізуді жөн көрдік:

- XVIII ғасырдағы Қазақстан жерінде салынған бекіністердің тарихнамасымен танысу, архив қорындағы құжаттарды зерттеп, зерделеп сараптама жасау;
- патша өкіметінің Солтүстік Қазақстан жерінде әскери бекіністі салудың мақсатын, себептері мен

салдарын айқындау және сол кездегі Қазақ хандығының этникалық территориясының шекарасын көрсету;

- Ресей мемлекетінің Солтүстік Қазақстанға жасаған саяси-экономикалық, әлеуметтік қадамдарын ашып көрсету;

- патшалық Ресейдің Қазақ даласы арқылы Орта Азия елдеріне шығуының саяси-экономикалық мақсатын ашу;

- Солтүстік Қазақстан жерінде патша өкіметінің отарлау саясатының жүргізудің және бекініс салудың мақсатына сипаттама беру;

- XIX ғасырдағы Петропавл қаласының құрамы және құрылымы, этникалық топтарына тоқталу;

- XIX ғасырдағы Петропавл қаласының саудасаттығы, мәдениеті және білім беру жүйесін саралау;

- XX ғасырдағы Петропавл қаласының зиялы қауымының қызметі және бағдарламалын көрсету;

- Петропавл қаласының Ресейдегі екі төңкеріс кезіндегі жағдайы барынша ашып зерделеу.

Қазақстан қалалары тарихын отандық және шет елдік зертеушілердің еңбектерінің негізінде және құнды деректерге сүйене отырып зерттеу.

Зерттеу нысаны: XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың басына дейінгі Петропавл қаласының тарихы.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері: XVIII-ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың басына дейінгі Петропавл қаласының тарихы болғандықтан, 1752 жылдан бастап патша өкіметі «Жаңа Есіл» (орысша «Новошимская линия.-авт.) немесе «Ащы-тұщы көлдер» («Пресногорьковская линия»-авт.)) шептерін тарту арқылы Солтүстік Қазақстан жерлерін отарлауға жедел түрде кірісіп кеткен еді. XVIII-XIX ғасырлар аралығында патшалық Ресей Батыс Сібірден бастап қазіргі Солтүстік

Қазақстан аймағындағы Орта жүз қазақтарының жерлеріне жылжыған болатын.

XIX ғасырдағы Ресей өкіметінің қазақ даласына жасалған отаршылдық саясатының айқын көрінісіне баға беруге негіз болды. XX ғасырдағы қазақ зиялы қауымының қазақ халқының мүддесі үшін күрескені туралы және патшалық Ресей мен большевиктердің қазақ халқына тікелей жасалған саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани отарлау саясатын жүргізгенін жан-жақты анықтауға жол ашты.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары.

- XVIII ғасырдағы Қазақстан жерінде салынған бекіністердің тарихнамасын зерделей келе патша өкіметінің қазақ даласына бағытталған нақты стратегиялық жоспары саяси отарлау және Ресей империясының шекарасын кеңейту мақсатын айқындайды.

Патшалық Ресей осы жоспарды жүзеге асыру барысында Қазақстанның солтүстік аймақтарына әскери қорғану шептерін тарта бастаған. Солтүстік Қазақстан территориясы арқылы өтетін Орынбор, Сібір, Ертіс, Есіл шептерінің салынуы арқылы патша өкіметінің осы жерлерге тұрақтап қалуға ұмтылғанын байқаймыз.

Сондай-ақ Ресейдің жаңа жағрафиялық саяси, экономикалық, әлеуметтік жоспарларын әзірлеуге мүмкіндік туғызды. Ғасырдың басында тартылған шептердің жалғасы ретінде 1752 жылы Сенат жарлығына сай Қазақстанның солтүстік аймағында тағы да Жаңа Есіл шебін тарту туралы шешім қабылданды.

Сібір линиясының әскери қолбасшысы Х.Х.Киндерманның бастауымен Тобылдағы Звериноголовадан бастап Омбы бекінісіне дейін шеп тартыла бастайды. Осыған орай, шеп бойында Петропавл, Пресногорьковский, Пресновский, Становой атты бекіністер мен форпостар бой көтере бастаған еді.

Құрылысқа Вологод әскери жасақтары және Есіл шебінің тұрақты емес әскери жасақтары тартылды. Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің қорындағы құжаттарды зерттеу барысында XVIII ғасырда Ресейдің салған Ертіс, Сібір, Есіл шептері осы уақыттан бастап шекаралық міндетті атқарғаны туралы мәліметтер өлкетанушы Бенюхтың еңбектерінде кездеседі.

- Патша өкіметінің Солтүстік Қазақстан жерінде әскери бекіністі салуының мақсаты және экономикалық, әлеуметтік қадамдары, Қазақ даласы арқылы Орта Азияға, Үндістанға баратын Кам сауда жолын өз бақылауында ұстау болатын. Сонымен қатар, аталмыш жұмыста авторлар қазақ жүздерінің этникалық территориясын көрсетуге тырысқан. Осыған орай, СҚМА және РФ Омбы облысының тарихи архивіндегі құжаттар мен отандық және Ресей ғалымдарының еңбектеріндегі мәліметтер, Орта жүз қазақтарының этникалық территориясын нақты көрсетуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, XVIII ғасырдағы Ресей экспедиция құрамында болған П.Рычков, П.Паллас, Х.Барданестің жазба күнделіктерінде Орта жүз қазақтарның Уақ, Аргын, Керей, Қыпшақ, Қоңырат, Найман ру-тайпаларының территориясы Солтүстік Қазақстан жерлерін қоса толықтай Батыс Сібір аймағын қамтығандығы жөнінде құнды мәліметтер кездеседі.

- Ресей империясының ішкі саяси және экономикалық бағыттары I Петр заманында айқын көрініс тауып, қазақ даласы барлық Азия елдеріне баратын қақпа ретінде саналды.

Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан аймағының бай табиғи ресурстарына деген қызығушылығы да жоқ емес еді. Орыс-швед соғысынан кейін экономикасы құлдырауға ұшыраған Ресей өкіметі осы жағдайды ретке келтіру барысында қазақ даласына қарай бағыт ала бастаған еді.

Бұл өлкенің бай ресурстары, балыққа толы көлдерімен, құнарлы жерлеріне деген ұмтылыс күшейе түсті.

- Ресейдің Қазақ даласы арқылы Орта Азия елдеріне шығуының саяси-экономикалық мақсатының бірі қазақ даласын бақылауда ұстай отырып, сауда жолдарын қадағалау. Жергілікті қазақтардың басқару хандық жүйесін жою арқылы, Қазақ даласын толықтай отарлау қадамдарын жүргізу екендігі айқын көрініс тапты.

- Солтүстік Қазақстан жерінде патша өкіметінің отарлау саясатын жүргізудің және бекініс салудың себептеріне сипаттама бере отырып, бұл бекіністер Ресейдің оңтүстік шекарасын қорғауға мүмкіншілік туғызып, қазақ даласына бағытталған саяси қадамдарын жүзеге асырды. Бекіністерде негізінен әскери орыс-қазақтары орналастырылды. Қазақтарға бекініс маңына көшіп-қонуға тыйым салынды.

- Ресей мемлекетінің Петропавл бекінісін салудағы басты қадамдарының бірі Орынбор, Сібір шебінің арасын қысқарту және Қазақ даласына жылжуға бағытталған еді. Осыған орай, Жаңа Есіл шебінің салуына байланысты Қызылжар өңірінде Әлие Петр атындағы бекіністің де іргетасы қаланды.

- Ресей мен Петропавл бекінісі арасындағы экономикалық байланыстары қазақ-орыс қатынастарының жаңа деңгейге шығуына ықпал етті. Ресейдің отарлау саясатының қадамдары халықтың сауда-саттықпен айналысуына да әсерін тигізді. Осыған орай, Петропавл бекінісі Солтүстік Қазақстан аймағындағы ірі сауда орталығына айнала бастады.

- Ресей империясы 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы» Жарлық шығарғаннан кейін Петропавл қаласының этникалық құрамы күрт өзгере бастады. Алғашында бекініс әскери адамдар мен орыс, шетел көпестерінен

құралған еді. Кейін патша өкіметі Ресейдің еуропалық, орталық аймақтарынан Петропавл қаласына және Солтүстік өңірлерге орыс, татар, поляк, неміс секілді қоныстанушыларды орналастыра бастаған болатын.

- XIX ғасырда Петропавл қаласының сауда-саттығы дами түсті, қала маңындағы аймақтарда ірі сауда жәрменкелері ашылды. Солардың бірі Тайыншакөл жәрменкесі болатын. Қоныстанушылардың өлкеге ағылып келуімен қалада татар мұсылман медресесі, православие шіркеу мектептері және басқа да ұлт өкілдерінің мәдени ұйымдары ашыла бастады.

- XX ғасырдағы Петропавл қаласының зиялы қауымының қызметінен және бағдарламасынан қазақ жастарын білімге тарту, өз басқару жүйесін құру, шекаралық аймақтарды белгілеу сияқты оңтайлы шараларды байқауға болады.

Ақпан және Қазан төңкерісі кезінде Петропавл қаласы толықтай Кеңес өкіметі қолына көшіп, қазақ зиялылары жаппай қуғынға ұшыраған еді.

1.2. Қала тарихының деректік негіздері

Зерттеу тақырыбының күрделілігіне және хронологиялық ауқымының кеңдігіне орай, мәселенің тарихнамалық деңгейін төңкеріске дейінгі, кеңес кезеңі және қазіргі кездегі ғылыми еңбектер негізінде үш кезеңге бөліп талдауға болады. Төңкеріске дейінгі авторлар XVIII ғасырда Ресейдің Қазақстанға жасаған саяси қадамдары мәселелерін қарастырған. Олар қазақ этнографиясы мен қазақ жүздерінің көші-қон жерлерін зерттеу барысында алынған мәліметтерді саралау арқылы жазылған. XVII ғасырда орыс-казактарының басшысы болған Ермактың Сібірді жаулап алуын және Есілдің төменгі ағысындағы, Ертістің және Тобылдың маңындағы алғашқы

бекіністердің салуын С.У. Ремезовтың «Книга большого чертежа» атты еңбегінде құнды мәліметтер келтірілген [1].

Бұл бекіністер кейін форпостар мен бекіністер шебіне айналды. Еңбектердің құндылығы сол уақыттағы жасалған жағрафиялық карталарда қазақ тайпаларының мекендеген жерлерінің территориялары айқын көрсетілген. Орыстардың Сібірге келгенге дейін бұл аймақта қазақтың ру-тайпаларының жері болғаны туралы дәлелдер жетерлік.

Бұл деректерде XVIII ғасырдағы Ресей экспедицияның мүшесі болған неміс ғалымы Г.Ф. Миллер еңбегін атап өтуіміз қажет. Ол Қазақстанның солтүстік аймақтарына бағытталған бірнеше экспедициялардың мүшесі болып, жергілікті халықтардың орналасқан елді мекендерін сипаттаған және сол мекендерінің атауларын да жазып отырған. Миллер орыс бекіністеріне сипаттама бере отырып, Батыс Сібір аймағын мекендеген Орта жүз қазақтары туралы құнды мәліметтер келтірген. Мәселен, еңбегін парактай отырсақ: «Батыс Сібір жерлері ежелден қазіргі Орта жүз қазақтарының құрамындағы Керей тайпасының ата-қонысы екендігіне күмән жоқ» – деген пікірлерді кездестіреміз [2].

Швед ғалымы академик Иоганн Петер Фальктың күнделігінде Орта жүз қазақтарының территориясы бекіністер маңында орналасқаны туралы сипаттама береді [3].

Ресей ғалымдарының арасынан С.М. Соловьевтің «История России» атты еңбегінде Ресейдің Еуропа мен Азия арасындағы сауда-саттығын көрсетіп, Ресей мемлекеті тек баюға ғана ұмтылғанын ашып айтады [4].

В. Лебедевтің «Из истории сношений казахов с царской Россией в XVIII веке» атты мақаласында XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастарын талдай келе, Ресей империясының қазақ жерлерін отарлау, тонау саясатын ашуға тырысып, «грабительская сущность колониальной

политики царизма» - деп патшалық Ресейдің отарлау саясатын әшкерелейді. Ол І Петрдің: «чрез многих изволил осведомиться об оной орде, ... всем азиатским странам и землям оная де орда ключ и врата и той ради причины оная де орда потребна под российской протекцией быть, чтобы только чрез их во всех странах комоникацию иметь и к российской стороне полезные способные меры взять», - деген сөзінен үзінді келтіреді [5].

XVIII ғасырдың екінші жартысында жарық көрген зерттеулердің бірі Петр Рычковтың еңбегінде Қазақ даласы, қазақтардың салт-дәстүрлеріне көңіл бөліп, Қазақ жүздерінің этникалық территорияларына қатысты құнды деректер мен мәліметтер береді [6].

Қазақ тарихының Геродоты атанған А.И. Левшин өзінің 1832 жылы жарық көрген «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінде Ресейдің жағрапиялық орналасқан бекіністеріне сипаттама бере келе, Қазақстанның Ресей құрамына қосылуының саяси бағытының негізінде болғанын айқындайды. Алайда евроцентристік көзқарасты ұстана отырып А.И. Левшин Қазақ даласының Ресейге өз еркімен қосылғанын және қазақтар мен орыс-казак арасындағы болған қақтығыстарға орыс казактарының көшпенділерден бекіністе қорғануға мәжбүр болды деп, қазақтардың жасалған шабуылы олардың қанына біткен тонаушылығы екендігін айтып, патша өкіметінің жақтаушысы болды [7].

Төңкеріске дейінгі Ресей тарихшылары Н.И. Костомаров [8], Н.М. Карамзин [9] сияқты ғалымдар отарлау саясатының маңыздылығының туындағанын айта отырып, бастапқы рөлді империяның «самодержавиясына» береді және Қазақстан жеріндегі бекіністердің құрылысына қатысқан орыс офицерлері жергілікті көшпелі халықтарды өркениеттен қалып қойған, ешқандай мәдениеті болмаған деп пайымдайды.

XIX ғасырдың ортасына қарай патшалық Ресей өкіметі Қазақ даласына ішкерлей кіру жоспарының бағытын күшейте түсті. Осы істі жүзеге асыру барысында бірнеше әскери тарихшылардан құралған топ жасақтауға бел буады. Осыған орай Ресейлік бірнеше ресми ғылыми қоғамдар ашылған еді. Олардың ішінде В.В. Бартольд [10], В.В. Вельмянов-Зернов [11] сияқты белгілі ғалымдардың еңбектері Қазақ ұлтының және жалпы Қазақстан тарихының зерттеу әдебиеттерін толықтыра түсті.

Әсіресе, Ресейдің отарлау әкімшілігі қызметкерлерінің Қазақ даласына бағытталған саяси-экономикалық жоспарлары мен бір-біріне жазған баяндамаларында құнды мәліметтерді кездестіреміз. Олар П.И. Небольсин [12], П.А. Золотов [13], И.И. Крафт [14], Х.Х.Киндерман [15] сияқты Сібір және Жаңа Есіл шебіндегі губернияларының кеңселеріне жазылған қолжазба хаттарын айта аламыз.

XVIII ғасырдың екінші жартысында П.И. Рычковтың, И.Г. Андреевтің, зерттеулері жарық көрді. Бұл еңбектердің маңыздылығы, авторлар сол кездегі оқиғаның және патшалық Ресейдің отарлау саясатының куәгерлері болды, қазақ басшыларымен отарлау әкімшілігімен болған қарым-қатынастарға сараптама жасай отырып баға берген [16].

Мысалы, И.Г. Андреевтің «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» атты еңбегінде Орта жүз қазақтарының ішкі саяси жағдайын аша отырып олардың территориялық шекарасын көрсетіп, қазақтардың ішкі Сібір линиясына көшуге мәшбүр болуы, сонымен қатар отарлау әкімшілігінің әдістерімен жасалған іс-әрекеттері туралы жазады. Еңбекте тарихи-жағрапиялық мәліметтер баршылық, бұл ақпараттарды Ертіс, Тобыл-Есіл, Өскемен секілді бекіністердің дамуы үрдісі бойынша Орта жүз қазақтарының өмірін бақылау арқылы алынған болатын [17].

1844 жылы П.А. Словцовтың «Историческое обозрение Сибири» атты еңбегінде Жаңа Есіл шебі құрылысы және Есіл қазақтары туралы мынадай жолдар кездеседі: «Эти зверонравные люди около половины XVIII в. были вынуждены искать покровительства России, делались подданными в лице своих ханов и почетных людей» - деген [18].

Сонымен қатар, А.Н. Радищев өз жазбаларында империяның отаршылдық саясатына қолдау білдіру пиғылын ұстанады. Ол 1791 жылы осы аймақтағы Ащы шеп арқылы Сібірге бара жатқан кездегі күнделік жазбасында Сібірдің Ресейге қосылуының үлкен маңызы бар екендігінің және оның негізін қалаған орыс ұлты деп көрсете отырып, жергілікті көшпелі халықтың жаңа қоныстаушыларға наразылық көрсеткені туралы айтады [19].

А.Н. Радищевтің ой-пікірі тұжырымдамаларын Н.М. Ядринцев [20], С.С. Шашков, П.Н. Буцинский [21], Г.Н. Потанин, П.Н. Головачев [22], Г.Е. Катанаев [23], есаул П.Г. Путинцев, старшина Ф.Н. Усов, В.И. Щеглов сияқты орыс қазақтары [24] орыс ғалымдары қолдап, идеологиялық тұрғыдан өз еңбектеріне арқау етті. Атап айтсақ, Г.Е. Катанаевтың «Историческая справка о том, когда и как постороен город Омск» атты еңбегінде айқын көрініс табады [25].

Сібір қазақтарының идеологтарының бірі болған, жоғарыда атап кеткен, Г.Е. Катанаевтың Қазақстанның солтүстік аймақтары туралы көптеген еңбектерінен бір қысқаша үзінді келтірсек: «Зная историю, что во время занятия русскими линии от Омска до Звериноголовки (называемой теперь Горькой), киргиз (қазақ авт.) не было и во времена первых разведок степей сподвижниками Ермака.... Не было их здесь и все XVII столетье.... Только с

падением Джунгарского ханства в 1757 г. киргизы быстро двинулись на север». [26].

Осылайша автор патша өкіметінің орыс-казактары арқылы Есіл даласының Ертістен Тобылға дейінгі Ресейдің отарлық саясатын өз еңбектерінде жақтап жазғаны айтылады

Алайда, Абылай сұлтанның 1759 жылдың 22 қазанында Үй шебінің командирі Роденге жазған хатында мынайдай қызықты бір мәлімет кездеседі: «Осы айдың бас кезінде орыстар Қызылжар (Красноярск) бекінісінің іргесінен қазақтардың 20 жылқысын қуып әкетіпті. Соңынан Құлеке батырды жіберіп отырмын, оның тапқан-таппағанын білмеймін». - делінген [27, 61,62-66.]. Бұл хаттан байқайтынымыз, Абылай сұлтан Петропавл бекінісінің тұрған жерін тарихи түрде «Қызылжар» деп атаған және бұл атауды осы жердегі Ресей бекінісіне тән атау ретінде қолданған, демек, Петропавл деп ат қойып бекініс салғанда орыс шекара әкімшілігінің қай жерді атағанын нақты білген.

В.А. Остафьевтің тарихтағы көзқарасына қарайтын болсақ, ол Ресей империясының Солтүстік Қазақстан аймақтарын қолдан жасалған күштеп қосып алуы дей келе, орыстардың қазақ жерлерін еркін жолмен отарлауы болған емес деп өз пікірін айтады [28].

Төңкеріске дейінгі кезеңдерде отандық зерттеушілердің еңбектерінде Қазақстанның Ресейге қосылуының ашылмаған тұстарын көрсетуге тырысқан казактың аяулы ұлдарының бірі, тұңғыш ғалым Ш.Ш. Уәлиханов қазақ халқының этнографиясын, жағрапиясын, фольклорларын зерттей келе, патша өкіметінің отарлау саясатының қазақтарға тигізген зардабына ерекше көңіл бөлді. Сол себептен ол Ресей өкіметінің қазақтарға жасалған әскери әрекеттеріне қарсылық танытып, полковник Черняевқа әскерден кетуі жөнінде өтініш

жазады және автор зерттемелерінде Ресей Қазақстанды отарлау саясатының негізін ашып көрсетеді [29, 4 б.].

Осындай мәселелерді Ә. Бөкейхановта көтеріп, өзінің «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» атты еңбегінде ол жаулап алу, басып алу деген ұғымдарға анықтама бере отырып, патша өкіметін қазақ жерлерін күштеп әскери жолмен бағындырғанын дәлелдеп қана қоймай саяси тұрғыдан орыстарды қазақ жерлері қызықтырған, сонымен қатар, автор өз еңбектеріне қорытынды жасап, Ресейдің отарлау саясатының еркін отарлауы және әскери күшпен отарлау екі бағытын көрсетеді [30, 45–46 бб.].

Кеңес кезеңінің тарихнамасына тоқталатын болсақ, М.Дулатовтың Қазақстанның Ресейге қосылуының мәселесі патша өкіметінің көздеген отарлау саясаты болғандығын және отандық тарихнамада тарихи шындықтар бұрмаланып жазылды деп айтты [31].

Белгілі түркітанушы Л.Н. Гумилев европоцентристік көзқарасты қатты сынап өз еңбектерінде Қазақстанның солтүстік аймақтары этникалық түркі тектес халықтарының атамекені екенін дәлелдеп, Ресейдің қазақ жерлеріне жасалған орыс халқының эскпансиясы деп атап кеткен еді [32].

А.Ф. Рязанов, В.П. Вяткин, В.Ф. Шахматов сияқты зерттеушілер құнды деректерге сүйене отырып, Ресейдің қазақ жерлерін отарлау кезеңдерін зерттеу барысында патшалық отарлау саясатқа ғылыми тұрғыдан шынайы баға берген. Бұл қадамдары арқылы Ресейдің қазақ жерлерін отарлау саясатының еркін түрде қосылуын жоққа шығарған болатын, алайда кейін тоталитарлық жүйеден қысым көргендіктен өздерінің ғылыми жұмыстарында қате кеткенін мойындауға мәжбүр болып, бастапқы пікірлерінен бас тартты [33].

Соған қарамастан жоғарыда аталған авторлардың еңбектері осы уақыттағы отарлау саясатының себеп-салдарын анықтау барысында септігін тигіздігін айта кету керек.

Отандық тарихнамадаға өз үлесін қосқан белгілі тарихшы Е.Б. Бекмаханов өзінің монографиялық еңбегінде XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын терең қарастырған болатын. Автор Қазақстанның солтүстігіндегі Жаңа Есіл немесе Ащы шебін салу әдістерін Ресейдің қазақ жерлерін басып алу мақсатында салынғанын және сол үшін жергілікті халықтың наразылығы өршіп, ұлт-азаттық көтерілістердің болғандығын шынайы жазған еді. Осындай шындық үшін Кеңес өкіметі тарапынан қатты сынға ұшырап, қудалауға ілеккен және ұлттық тарихқа деген көзқарасын өзгертуге мәжбүрлеген [34].

Белгілі этнограф М.С.Мұқановтың еңбегінде Қазақстанның солтүстік территориясын араб, парсы, византия, батыс еуропалық, қытай жазба деректеріне сүйене отырып сондай-ақ, Қазақстан жерінде болған немесе басқалардың мәліметтері бойынша Қазақ даласын суреттеген саяхатшылар мен тарихшылардың еңбектерінің негізінде зерделеуге тырысқан. XV ғасырларда құрылған қазақтардың тарихи этникалық территориясы қазіргі Қазақстан Республикасы территориясында өмір сүріп жатқан қазақтардың жері екендігін дәлелдеген еді [35].

Осы тақырып төңірегінде Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруі, патша өкіметінің саяси-экономикалық, әлеуметтік және әскери қадамдарымен жасалған іс-әрекеті, сауда-саттық қарым-қатынас, мәдени үдеріс сияқты мәселелерді қарастыру қажеттігі туындағанын да айта кету қажет.

Ғылыми тұрғыдан негізделген және зерделеу барысында Ресей империясының сол кездегі Солтүстік

Қазақстанның Қызылжар аймағында Петропавл бекінісін салудың мақсаты мен осы өңірдің отарлауының шынайы тарихын ашу мақсатында бірқатар ғылыми еңбектер атап айтсақ, кандидаттық, докторлық диссертациялар қарастырылды.

Мәселен, К.М. Туманшинның «История Петропавловска и Петропавловского уезда во второй половине XIX в. начале XX в.» атты еңбегінде: «Ресейдің қазақ жерлерін қосып алуы барысында және бекініс құрылысы жүргізілгенде қазақтар қарсылық көрсетпеді» - деп атап көрсетеді [36].

Бұл еңбектер кеңестік идеология тұрғысынан жазылғандықтан, бекіністердің салынуының түпкілікті мақсаты мен себептері айтылмағандықтан, Отан тарихында бекіністерге байланысты ашылмаған тұстары баршылық. Авторлар қауымы ғылыми зерттеулердегі олқылықтарды ескере отырып, бекіністер салынуының геосаяси, экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағынан қарастыруды жөн көрді.

Кеңес заманында жазылғанына қарамастан Н.Г. Апполованың [37], М.С. Мұқановтың [35], Ж.Қ. Қасымбаевтың [38] еңбектері Қазақстан тарихын жаңа қырынан қаруға, экономикалық, саяси, әлеуметтік, этникалық жағынан зерттеуге мүмкіншілік туғызып отыр. Мәселен, Ж.Қ. Қасымбаевтың еңбегінде Ертіс маңында салынған бекіністерге сипаттама бере отырып, ауқымды түрде қарастырылды. Шаруашылық, экономикалық дамудың маңыздылығын көрсетіп, Ресей империясы мен жергілікті халықтың арасындағы байланыстарын айқындап береді.

Шет ел зерттеушілерінің арасынан М.Б. Олкотт өзінің «Қазақтар» атты еңбегінде: «Қазақ жерлерінің отарлануы Ресейдің патшалық империялық саясаты, дей келе, қазақ жерлеріне орыс халқы бекіністер шебінің салынуы арқылы

казак жерлерін біртіндеп Ресей империясын құрамына қосып алуы патша өкіметінің бұл өңірдегі саясатын айқындайды» - деп атап көрсетеді [39].

Зерттеуші Ю. Скайлердің пікірінше казак даласындағы бекіністердің рөлі, орыс горнизондары казак даласына орыстар жағынан әскери қауіп төндіріп тұр, деп түсіндіреді [40].

Джордж Демконың «Орыстардың Қазақстанды отарлауы 1896-1916 жж.» атты еңбегінде Ресейдің Қазақ даласына стратегиялық жоспарланған бағыттарының бірі екендігін айтса [41], ағылшын тарихшысы А. Краусс Ресейдің Қазақстанға және Орта Азияға нақты бағытталған отарлау саясатын жүргізді, деген пікірін білдірген [42].

Академик М.К. Қозыбаев Қазақстан жерлерін Ресей империясының геосаяси бағытына көзделген, қызығушылығы болған отарлау саясатын айқындап, Қазақстанның Ресей империясының құрамына өз еркімен қосылды деген тұжырымнан бас тарту керектігін ашық айтқан [43].

Солтүстік Қазақстан аймағы мен Петропавл қаласына қатысты біршама мәлімет жинаған өлкетанушы М.И. Бенюхтың пікірінше, XVIII ғасырда Ресей өкіметінің басқыншылық саясатының басымдығы және Кеңес заманында отарланған жерлердегі халықтардың этникалық территориясын әділ түрде қарастыру керек екендігін айтады. Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде автордың жинаған жеке қорындағы, Ескі Есіл шебі туралы қол жазбаларында бірнеше сауалдарға жауап іздейді. М.Бенюхтың пікірінше, Ресей өкіметі XVIII ғасырда отарланған жерлерін заңды түрде бекітпегенін және өз шекарасын жабық күйде ұстап отырғанын айтады. Қорындылай келе, автор Батыс Сібір шекарасының заңды күші болмағанын дәлелдейді [44, 33 б.].

Өлкетанушы А.И. Семеновтің «Город Петропавловск за 200 лет (1752-1952 жж.)» атты еңбегінде қазіргі Петропавл қаласы тұрған жерде, тіпті облыс аймағында, 1752 жылы Ресей мемлекеті бекіністер желісін салғанша, «қазақтар қоныстанбаған, тіпті, мысалы, 1694 жылы осы жермен Түркістанға қарай Есілді жағалап өткен Сібір казактары «бірде-бір тірі жанды көрмеген» деп жазады. Одан әрі, «бекініс қазақтарды жоңғар шапқыншылығынан қорғау үшін», яғни қазақтардың мүддесі үшін салынған болатын, дейді. [45]. Бұл –ақиқатқа көпе-кернеу қиянат жасаушының сөзі. Себеб, 1745 жылы күзде Қалдын Серен қайтыс болғаннан кейін-ақ, оның ұрпақтары, отбасы хан тағына таласып, өзара қырқысты бастап, он жылға жетпей Жоңғар хандығының шаңырағын ортасына түсті де, ошағына су құйған көрші Қытай бір кездегі әлуетті мемлекетті жер бетінен жоғалтып жіберген.

Қазіргі таңда отандық тарихшылар отарлау саясатын жаңа тұрғыдан қарап зерттелмеген тұстарды зерделей келіп, қазақ жүздерінің этникалық территориясын айқындап көрсетуде. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2010 жылы басылып шыққан «Қазақстан тарихы этникалық зерттеулер» атты жинақтың 8 томында Орта жүз қазақтарының тек бір ғана Арғын тайпасының көші былай сипатталған: «Арғын руларының көші-қон аймағы жаз айларында Сарысу мен Есілдің жоғарғы ағысы бойы аралығындағы жайылымдарды пайдаланған» - деп жазылған [46].

Петропавл қаласының тарихы Қазақстанның солтүстік аймақтарында Семей, Өскенмен, Омбы секілді XVIII ғасырда бекеністер мен қалаларымен пайда болуы, патша өкіметінің Сібірді отарлауымен Қазақстанның Ресей құрамына енуімен орыс-қазақ қатынастары дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан аталмыш ғылыми зерттеу Ресейдің Солтүстік Қазақстанды отарлауының басты

қадамдарына негізделген. Осылайша Ресейдің қазақ жерлерін отарлаудың саяси-экономикалық, әлеуметтік салдарын ашуға мүмкіншілік береді.

Белгілі тарихшы М. Әбдіровтың «Хан Кучум известный неизвестный» атты еңбегіне жүгінсек, VIII-XI ғғ. Қазақстанның солтүстік-шығыс және Сібірдің оңтүстік аумақтарында күшті де мықты қыпшақ-қимақ тайпаларының мемлекеті болғаны, этникалық тұрғыдан осы халықтардың барлығы түркі тектес екендігін көрсетіледі [46].

Отандық зертрушілер М. Қойгельдиев, Т. Омарбеков, М. Мырзахметов, Ж. Артықбаев [47], А. Шалғымбеков [48], А.Ғ. Ибраева [49], М.Әбдіров [46], Ж. Жаппасов [50], А. Сейтқасымов [51], С. Мәшімбаев [52], З. Тайшыбай [53], С. Мәлікова [54], Е. Қуандық [55] секілді ғалымдардың Қазақстанның Ресейге қосылуының мәселелерін өз еңбектерінде айқындап көрсетеді.

Мәселен, А.Б. Шалғымбековтың 2002 жылы жарық көрген «Ресей империясының әскери жылжу тарихы және Қазақстанның солтүстік аймақтарда тұрақтап қалуы (XVIII ғасырдың екінші жартысы XIX ғасырдың бірінші жартысы)» атты еңбегінде Ресей империясының Қазақ хандығының жерлерін әскери күшті қолдана жүріп отарлағаны айтылады. Сонымен қатар, Қазақстанның солтүстік аймағындағы бекіністердің салынуудағы мақсаты, себептері, маңыздылығы, қазақ жүздерінің этникалық территорияларын айқындап көрсетеді. [48].

Ресейдің Ғылым академиясының Ресей тарих институтының 2008 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген еңбектің авторлары тарих ғылымдарының докторы В.В. Трепавловтың басшылығымен «Русские в Евразии XVIII-XIX вв. Миграции и социокультурная адаптация в иноэтнической среде» аты еңбегінде сол уақыттағы патша өкіметінің Қазақ жеріне отарлау саясатын көрсете отырып,

казак жүздерінің ата-қоныстары орыстардың Сібірге келмей тұрып, Қазақ хандығының территориясы болғаны айтылады [56, 393 б.].

Монографиялық еңбекті жазу барысында көптеген құнды архивтік деректер ғылыми айналымға қосылды. Атап айтсақ, Солтүстік Қазақстан облысының архивінің құжаттарынан, өлкетанушы М.И.Бенюхтың № 158 жеке қорынан 304, 305, 306,307, 308, 312, 313, 314, 315, 317, 321, 322, 326, 328, 330, 333, 335, 336, 338 істері қаралып, Қ. Мұқановтың № 1273 жеке қорындағы № 7, 8, 11, 12, 13, 18, 20, 21, 24, 26, 37 материалдар қаралды.

Жалпы, ғылыми еңбекті жазуда қолданылған деректердің сипаты мен мазмұнына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

1-ші топта, құқықтық-нормативтік құжаттар, сонымен бірге сол уақыттағы Ресей империясының Жаңа Есіл шебі бойындағы бекіністерге әскери орыс-казактарын орналастыру туралы мемлекеттік актілері мен жарлықтары, орыс офицерлерінің Қазақ өлкесі туралы жазылған баяндамалары және Жарлықтар.

2-ші топта, XVIII ғасырдағы Сібірге, Қазақ даласына жіберілген экспедиция құрамында болған ғалымдардың жазып кеткен күнделіктеріндегі мәліметтер, атап айтқанда, Г.Георги, П.Паллас, П. Рычков, Х. Барданестердің казак даласының жер-су аттары туралы жазбалары.

3-ші топта, Қазақстан Республикасының Ұлттық электрондық кітапханасын «Kazneb kz» қорындағы ғылыми басылымдар, Кеңес заманындағы жарық көрген ғылыми кітаптар оның ішінде «Статические материалы по подворному обследованию переселенческих хозяйств 9 типичных поселков» сияқты сирек кездесетін кітаптар қаралды.

Н.Г. Аполованың «XVIII-XIX ғасырлар аралықтарындағы Қазақстанмен Ресей арасындағы

экономикалық байланыстары» атты еңбегін ерекше айта кетуге болады.

Бұл еңбекте Петропавл бекінісініндегі Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық қарым-қатынас жан-жақты зерттелген.

4-топта, Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің қорлары қаралып, Петропавл тарихына қатысты құнды мәліметтер алынды. М.Бенюх қорындағы жазбаларда Абылай ханның саясаты сипатталған, сонымен қатар, Құлсары мен Құлеке батырлардың ерлігі туралы мәліметтер келтірілген.

5-шы топта, Ресей Федерациясының Омбы қаласындағы «Омбы облысының тарихи архиві» қорындағы құжаттар қарастырылып, оның ішінде генерал-лейтенант Г.Е.Катанаевтың жеке қорынан Петропавл бекінісіне байланысты құжаттары қаралып, енгізілді.

2 XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚЫЗЫЛЖАР ӨңІРІ

2.1. Ресей өкіметінің Қазақстанның солтүстік аймағындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық қадамдары

Қазіргі кезде елімізде Отан тарихын зерделеуге айрықша маңыз беріліп отырылғаны мәлім. Соңғы жылдары Отан тарихының беймәлім тұстары ашыла бастады. Алыс, жақын шетелдердің архив және кітапхана қорлары ақтарылып, тарихымызға қатысты талай құнды дүниелер елімізге әкелініп, ғылыми айналымға қосылуда. Осылай тәуелсіздіктің аркасында тарихымыздың бұрын бұрмаланып айтылмай келген, зерделенбей жатқан тұстарын қайта жаңғыртуға мүмкіндік туды.

Дегенмен, тарих ғылымындағы осындай жетістіктермен қатар, зерттелуі кенже қалған мәселелер де жоқ емес. Әсіресе, мұның өңірлер, ғылыми тілмен айтқанда, аймақтану мәселесіне тікелей қатысы бар. Қызылжар өңірінің тарихында да зерттеушілерді қызықтыратын тұстар баршылық. Біз бүгін өңірдің этникалық және этногенез тарихына, дәлірек айтсақ, автохонды қазақ халқына қатысты мәселелерді сөз етпекпіз.

Бұрынырақ жарық көрген еңбектерді сараласақ, ежелгі және ортағасырлық кезеңдегі өлкедегі этникалық процестер жайлы мәліметтер жан-жақты келтірілгенімен, кейінгі орта ғасырлардағы, нақтырақ айтсақ, моңғол шапқыншылығынан кейін бұл өңірде қоныстанған және өмір сүрген қазақ халқының негізін салуға тікелей атсалысқан ру-тайпалар жайында мәліметтер бұлыңғырланып кетеді.

Қазақ хандығы кезеңіндегі дәстүрлі қазақ қоғамының қалыптасуымен потестарлық көшпелі жүйе негізінде өмір сүрген жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайы,

қоғамдық-саяси құрылымы, тұрмыс-тіршілігі, мәдени дамуы, жалпы этникалық және этногенез мәселелері жайында тым жұпыны жазылған. Тіпті, кей еңбектерден бекініс салынғанға дейін бұл жерде адамзаттың ізі болмағандай, тек бекіністің негізі құрылғаннан кейін тіршілік жанданғандай әсер аласын.

Осы мәселені ғылыми тұрғыдан қарастырсақ, бұл өңірде адамдар сонау тас ғасырында пайда болған. Белгілі археолог ғалым В. Зайберт энелит дәуірінде Ботай деген атпен ғылымға белгілі мәдениеттің болғандығын дәлелдеген (“Ботайская культура”, “Атбасарская культура” книги-альбома “Ботай – у истоков степной цивилизации”, т.б.). Сақтардың және басқа тайпалардың орналасуын арнайы зерттеген қазақ ғалымдарының ішінен Ә. Марғұлан, М. Қадырбаев, К. Ақышев сынды археологияның майталмандары б.з.б. VII-IV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы бірқатар тайпалар мен тайпалық топтарды былайша орналастырады: “оңтүстікте бұлар тиграхауда – сақтар, грек деректемелеріндегі массагеттер солар мен дахтар (дайлар); батыста савроматтар (ежелгі аорстар), орталық және солтүстік аудандарда – исседондар, солтүстік-шығыста – аримаспылар”[57, 86 б.].

Еуразияның далалық белдеуінің ортағасырлық жалпы тарихи жағдайы бірқатар этносаяси және мемлекеттік құрылымдардың құрылуымен ерекшеленіп, Қазақстанның Шығыс, Орталық және Теріскей бөліктерінде әуелі Қимақ, кейін Қыпшақ қағанаттары пайда болды.

Ғалымдардың бұл ғылыми тұжырымынан туындайтын негізгі қағида қазақ халқының негізін қалаған ру-тайпалар Қазақстан жерінде сонау ежелгі дәуірлерден өмір сүрген. Мұндай үдеріс Қазақстанның солтүстік өңірінде де байқалады. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұлардың бәрі ру-тайпалық бөлімшелер ретінде тілі жағынан туыс, мәдениеті жағынан жақын сақ және кейінгі

түркітілдес тайпалардың заңды мұрагерлері, этникалық-мәдени бірегейлігін жалғастырушы қыпшақ, арғын, керейт (керей), уак т.б., тайпалары болған.

Моңғол шапқыншылығынан кейін Сібір хандығының этникалық құрамы көптеген қазақ ұлтының негізін құраған тайпалардан тұрғанын ескере отырып, Сібір хандығының тарихы Қазақстан тарихының құрамдас бір бөлігі екендігіне еш күмән келтіруге болмайды.

Мәселен, бұл туралы талай ғылыми еңбектер жазған Орта жүздің ру-тайпалық құрамын зерттеуші ғалым М.Мұқанов Солтүстік Қазақстан және Батыс Сібір жеріне керей тайпаларының қоныстануын XIII ғасырдың басындағы тарихи оқиғалармен байланыстырады [58].

Бұл мәселені тілге тиек еткен көбіне Ресей ғалымдары, соның ішінде жаңа кезеңнің көрнекті зерттеушілерінің бірі Н.Аристов Моңғолия жерінен Қазақстанның солтүстік-шығыс аймақтарына арғын, найман, керей, меркіт тайпаларының жаппай қоныстануын былайша сипаттайды: “...Шыңғысхан әскерінен жеңіліс тапқаннан кейін, Моңғолияның түркітілдес тайпалары өздері тұрған жерінен жағрафиялық бағытта батысқа қарай ығыса бастады: алдында наймандар, меркіттер, соңында керейлер. Бұл жағдай аталмыш тайпалардың қырғыз-қазақ даласына таралуына ықпалын тигізді [59].

Осы мәселеде ойымыз дәлелді болу үшін бірқатар орыс жылнамаларындағы деректерді салыстырмалы түрде қарауды жөн көрдік. Мәселен, XVII ғасырдың басында құрастырылған “Строгановтың Сібір жылнамасы” атты деректік материал бертін жазылғанымен, өткен кезеңнің оқиғалары жайында құнды мәліметтер береді. Бұл жылнамада керейдің билеушісі Ван ханның (Тоғұрыл – авт.) Шыңғысханның қудалауынан ығысып, қазіргі Ресейдің Түмен қаласының жеріне орныққаны туралы мынадай нақты мәлімет келтіріледі: “...Шыңғыс, Ван

ханның ұлы Тайбұғаны жібер, қай жерде тұрғысы келеді, сол жерде тұрақтасын. Ол Тұра өзенінің бойына келіп, қала тұрғызды. оны Чимгий деп атады, қазір ол жерде Түмен деп аталатын христиан қаласы орналасқан”, – деп атап көрсетеді [60].

Осыған ұқсас мәліметтер 1836 жылы Сібір метрополитінің дякі Савва Есипов құрастырған “Есиповтың Сібір жылнамасында” кездеседі. Дегенмен, аталмыш жазба деректе алдыңғысымен салыстырғанда бір ерекшелік байқадық, онда Көшімнің “Қазақ ордасынан” шыққандығы былай сипатталады: “...Қазақ ордасының даласынан Көшім хан көп әскерімен келді”. Осы үзінді қазақтардың бұл өңірмен тек байланыс жасап қана қоймай, Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібірдің оңтүстігінде өмір сүргендігін дәлелдейді. Бұл пікірлер Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде де ғылыми негізде пайымдалған.

Қазақ жүздері Ресей империясының құрамына қосылғаннан кейін өлкені жан-жақты зерттеу мақсатында экспедициялар ұйымдастырылғаны белгілі. Соның бірі Сібір жеріне жасақталған академиялық экспедиция (1733-1743 жж.). Осы экспедицияның мүшесі болған атақты орыс зерттеушісі Г.Миллер (1705-1783 жж.) тарихи, археологиялық, этнографиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1750 жылы “Сібір тарихы” атты еңбек жазды. Бүгін сол еңбекті парақтай отырсақ, осы өңір туралы, тіпті, кейінгі авторлар қозғамаған мәселелер келтірілгендігіне көз жеткіземіз. Сондықтан бұл еңбекті іргелі зерттеулердің қатарына жатқызамыз.

Автор оны жазу барысында архив деректеріндегі ресми құжаттарды пайдалана отырып, бұл өңірдің тарихына қатысты маңызды мәліметтер келтіреді. Г.Миллердің осы еңбегін кейін С.Бахрушин, А.Андреев, Э.Масанов сияқты зерттеуші ғалымдар жоғары бағалап,

оны тіл маманы, этнограф, тарихшы деп атап өткен болатын.

Сібір тарихын зерттеген Г. Миллер осы өңірді мекендеген жергілікті халықтар туралы құнды ақпарат келтіреді. Ғалым қолда бар мәліметтерді зерделей келе Батыс-Сібірде ең ірі этникалық-саяси құрылымдардың бірі Орта Ертіс, Тобыл, Есіл мен Тура аумағындағы түркітілдес тайпалардың бірлестігінің болғандығын атап көрсетті. Автор деректерге және халық аңыздарына сүйене отырып, бұл бірлестіктің қалыптасу кезеңін XIII ғасырға жатқызады. Автордың пікірінше, олардың бәрі Тура өзеніне қазақ даласынан келген Батыс-Сібір жерін иеленген және Чинги-Тура немесе Чимги-Тура қаласын (Түмен қаласы) салған. Ол жерді Тайбұғаның ұрпақтары иемденгенін, ал Тайбұға тұқымынан соңғы билеуші Сейтақ (Сейд-Ахмед – А.И.) болғанын атап өтеді

Осыған орай, Г. Миллер өзінің “Сібір тарихы” атты туындысында Сібірдің оңтүстік батыс және Солтүстік Қазақстан жерлерін билеген Тайбұға әулеті туралы үш бірдей мәлімет бере отырып, Тайбұғаны Қазақ ордасының ханы Мамықтың немесе Ван ханның (Тоғұрыл – авт.) ұлы деп көрсетеді. Жергілікті халықтар қазіргі қазақ ұлтының құрамындағы қыпшақ, найман, арғын, керей, т.б. ру-тайпалары болғаны жайында қажетті деректер келтірілген. Ойымыз дәлелді болу үшін деректерді жеке-жеке бергенді жөн көрдік.

Мәселен, бірінші мәліметте: “Есіл өзенінің Ертіске құятын саласында көп жылдан бері Ноғай хандары тегінен шыққан бір татар князі мекендеген деген, оның есімі – Ван хан. Ол Ертіс, Тобыл өзендеріндегі аймақтарды мекендеген жергілікті халықтармен бірге, Туре татарлары осы Ван ханға бағынған. Бірде Ван ханға бағынған тайпаларының бір өкілі Чинги бас көтеріп, өзінің басшысы ханды өлтіріп, билікті қолына алады. Ал өлтірілген ханның кәмелетке

толмаған ұлы Тайбұға қашып құтылып, қаңғып жүріп, көптеген жерлерден пана іздейді. Күндердің күнінде Чинги Тайбұғаның мекендеген жерін біліп қойып, оны шақыртып алып қамқор болатына уәде беріп, өзіне қаратып алғаны айтылады. Кейін Чинги Тайбұғаға Тур өзенінің маңынан жер беріп, сол маңда қала салып, қаланың атын айтылады.

Кітапта келтірілген екінші мәлімет бойынша автор Ремезовтің жылнамасына сүйеніп былай дейді: “Есіл өзенінің Ертіске құятын саласында Он-Сом (Ван хан, Тұғұрыл – авт.) атты ханның билік құрғаны, мекендеген жердің атауы “Кизыльяр” бұл жердің орталығы Қызыл-Тура қаласы болды және орталық ордасы міндетін атқарды, сонымен қатар Он-Сом ханның Ертішақ есімді мұрагері болғаны айтылады. Ертіс өзенін осы Ертісшақтың есімімен байланыстырады. Ертісшаққа Түмен ханы – Шыңғыс шапқыншылық жасап, Ертісшақты жеңгені көрсетіледі, кейін Есіл өзенінде Саргачиктің билегені және кейбір есіл татарлары өздерін саргачиктер деп атап жүргені туралы айтылады. Бұл аңызда белгілі тарихшы ғалым Мұрат Әбдіров өзінің “Хан Кучум известный неизвестный” атты еңбегінде Саргачикті “Сары-Қасқа хан” деп көрсетеді.

Үшінші мәліметте: “Моңғол ханы Шыңғыс Бұхараны бағындырғаннан кейін Есіл, Ертіс, Тобыл, Тур өзендерінің жерлерін Қазақ ордасы немесе қырғыз-қайсақ ордасының ханы Мамық ханның ұлы Тайбұға сұлтанға сенім артып, осы жерлерді басқаруға бергені және кейін бұл аймақтарда Тайбұғаның ұрпақтары билегені туралы айтылады [61, 181 б.].

Г.Миллер бұл аңыздарды жіктеп, сараптама жасағаннан кейін үшінші аңызға тоқтала келіп былай дейді: “Мүмкін, Он-Сом (Ван хан, Тұғұрыл – авт.) және Ертішақ Шыңғысхан кезінде бірі – Сібірді, бірі Ертісті билеген болу керек. Шыңғысхан әскерін жіберіп олардың жерін басып алғаннан кейін, ол жерде қалмай билікті

Тайбұғаның тізгініне қалдырып кеткен болу керек” (61, 187-б.).

Автордың бұл пікірінен шығатын қорытынды, қазіргі Батыс-Сібір және Қазақстанның солтүстік аймағында керейдің Тайбұға әулеті ертеден билік жүргізген [61].

Белгілі тарихшы ғалым Аманжол Күзембайұлының “Қазақ және Сібір хандықтарының этносаяси байланыстары” атты мақаласында осы мәселеге қатысты мынадай қызықты мәліметтер келтірілген: “Бүгінде қазақ халқының құрамындағы қалың ел керей жұрты, деректерге қарағанда, Сібір жеріне XIII ғасырдың алғашқы ширегінде сонау Мұңғұлия жерінен қоныс аударған сияқты. Сібір түркілерінің тарихына арнап “Тобольские губернские ведомости” газетіне мақала жазған Н. Абрамов деген зерттеуші Сібір керейлерін Ван ханның ұрпағы ретінде көрсетеді. Ібір-Сібір ұлысының негізін қалаған жоғарыдағы Әбіл ханның немересі Тайбұға екендігіне дәлел жетерлік” [62].

Тайбұға әулетінен кейін бұл өңірде Көшімнің билік құрғаны туралы біршама мәліметтерді ғалымдар ғылыми айналымға енгізіп отыр. Бұл кезеңде қазақ-орыс қатынастарының шиеленісе бастағандығы байқалады.

Г. Миллердің « Сібір тарихы » еңбегінде XVI ғасырдың тарихи оқиғалары тізбектеліп, Көшім хандығын Мәскеу мемлекетінің орыс казактары арқылы жаулап алушылық жорықтар жасап, отарлау саясатын жүзеге асыру тарихы анық баяндалған.

Ортағасырлық Орта жүз ру-тайпаларының этникалық және этно-саяси мәселелерін зерттеуші ғалым М.Мұқановтың пікірінше: “Сібірдің Ресейге қосылуына себеп болған XVII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығына орай Орта жүз казактарының солтүстік-шығыс және солтүстік жерлер территориялары біраз өзгеріп, Тур, Тобыл, Ом жерлерінде көшіп жүрген қазақтың керей

тайпасы, оңтүстік Сібірге және Солтүстік Қазақстан жерлеріне ығысуға мәжбүр болды” [58].

Қазақтардың ата-бабалары Батыс-Сібір алқабын ертеден мекендегені туралы кейбір Ресей ғалымдары да жазып жүр, соның ішінде түркітілдес халықтардың этнографиясы мен тарихын зерттеп жүрген тарихшы, ғалым Н.Томилов былай деп жазады: «...Сібірде алғашқы казак топтары қашан пайда болды? – деген сұраққа: ...Ертісте қазақтар мен өзбектердің бірге келуіне себеп болған 1394-1395 жылдардағы мұсылман әскерлерінің арасындағы діни соғыс. Әбілқайыр ханның тұсында (Көшпелі өзбек хандығы) қазақтар Сібір татарлары қоныстанған аймаққа жайғасты. Әбілқайыр Тобылда, Чимги-Турада (Түмен) өзінің бұл аймаққа билігін жүргізді...», – деген қызықты мәліметтер келтірген [63].

Демек, қазақтың ру-тайпалары және олардың ата-бабалары Қазақстанның солтүстік аймағын сонау ежелден мекен етіп, кейінгілері (керей, уақ, меркіт) Батыс-Сібірдің оңтүстік бөлігіне кем дегенде XIII ғасырдан қоныстанғанын аңғарамыз.

Мұндай құнды мәліметтер бүгінгі күнге дейін жеткен еңбектерден, деректерден алынып отыр. Демек, патшалық Ресейдің қазақ жерлерін отарлау саясатын сонау XVI ғасырдан бастау керек деген академик М. Қозыбаевтың пікірі орынды болып шығады. Өйткені, қазақ халқының негізін қалаған ру-тайпалардан құралған Батыс-Сібір хандығы патшалық Ресей тарапынан XVI ғасырдың екінші жартысында жауланды.

Бұл көзқарасты белгілі тарихшы ғалым, профессор Ж. Қасымбаев та өз еңбектерінде келтірген болатын. «XVIII ғасырдағы Семей, Өскемен, Железинск сияқты әскери бекіністердің салынуын Ресей өкіметінің сонау XVI ғасырдан бастап қазақ жерлеріне үлкен қызығушылықпен қарауының, әлеуметтік-экономикалық және саяси

дамуымен байланысты терең себептерге негізделгенін...» – атап көрсеткен болатын ол.

Петропавл, Семей, Өскемен, Железин, Жәмішев, Коряков (Павлодар) және Қазақстанның басқа да XVIII ғасырдағы бекіністерінің пайда болу тарихы, патшалық Ресейдің Сібірді отарлау тарихынан бастау алады.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуі, ұзаққа созылған әлеуметтік, экономикалық және саяси процесс болып табылады.

XVIII ғасырда күшейе түскен Ресей империясының геосаяси-әлеуметтік қадамдары I Петрдің «Қазақ даласы барлық Азия елдерінің кілті және қақпасы» деген сөзінен Ресейдің негізгі ішкі саяси және әлеуметтік дамудың басты мақсаттарын айындап берді. Осы істерді жүзеге асыру барысында Ресей мемлекетінің назары Қазақ даласына бағытталды.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Батыс Сібір, Оңтүстік Орал және Повольже шептеріндегі бекіністерді салуы, Ресейдің Қазақ даласын отарлау саясатының алғашқы қадамы еді. Алғашында орыстардың бірнеше әскери экспедициялары құралып, Қазақ даласына барлау жұмыстарын жүргізді.

Бастапқы кезде бұл экспедиция көшпелі тайпалармен қақтығыста сәтсіздікке ұшырап, кері шегінуге мәжбүр болды. Сондықтан Ресей өкіметі Қазақ хандарымен бейбіт дипломатиялық жолмен байланыс жасауға көшуге мәжбүр болды. Осы бағыттағы Ресей мемлекетінің ең ірі дипломатиялық қадамдарының бірі Қазақстанға А.И. Тевкелевтің 1730 жылғы 8-ші қыркүйектегі Әбілхайыр ханның елшілігіне жауап ретіндегі сапары еді.

А.И. Тевкелевке кезінде I Петр көп шығындарға қарамастан Қазақстанды Ресейдің қарамағына алуды тапсырған. Сонымен қатар, патша өкіметі Қазақ даласында өз тіректерін нығайту жолындағы беталысында, құрылып

жатқан шептер мен бекіністерден қазақ қоныстарын шеттетуге тырысты [50,58 б.].

Ресей империясы Қазақ даласына жылжи отырып өз шекарасын кеңейтіп қана қоймай, Орта Азия елдерімен сауда-саттық орнату маңыздылығына үлкен мән берді. Сонымен бұл, Қазақ даласы арқылы өтетін керуен жолдарын өз қарамағында ұстауға арналған саяси қадамдары да болды.

XVIII ғасыр аралығында қазақтың Орта жүз тайпалары оңтүстік-шығыстан бастап, орталық Қазақстан, қазіргі солтүстік Қазақстан жерлері мен Есілдің жоғарғы ағасын және Батыс Сібір бөліктерін алып жатты [64].

Патшалық Ресей, Қазақ хандығы мен Жоңғар мемлекеті арасындағы қақтығыстарды пайдалана отырып, Қазақ даласына енуді жоспарлады. XVI ғасырдың аяғындағы тартылған 1587 жылы Түмен, Тобыл, 1594 жылы Тара қаласы бойындағы шептердің жалғасы ретінде басқа да шептер салу көзделді.

Алайда осы ғасырда тартылған шептер шекаралық міндетін атқармаған, ол уақытта әлі Ресей мемлекеті империя ретінде қалыптаспаған еді, сондықтан XVI ғасырдағы тартылған шептер әлі шекара ретінде қаралмаған болатын [44,36.].

Патша өкіметінің Шығыстағы сауда жолдарын өз бақылауында ұстау мақсатында, орыс саясаткерлері Сібірден Шығысқа қарай бекіністер салу жобасын әзірлеу туралы ұсыныстарын айтып жатты. Сонымен бірге, әскери күшті пайдала отырып, Орта Азия елдерін Ресей бодандығын қабылдауға мәжбүр болатына сенді.

Ресей өкіметі Сібір жеріне түпкілікті кіру барысында Есіл шебін тартып, оның бойында бекіністер мен әскери форпостар салды.

XVII ғасырда (1663 жылы) орыс мемлекетінің оңтүстік шекарасы тек Есілдің жоғарғы жағында орналасқан

«Царево городище» атты елді мекенімен шектелген еді [44, 8 б.].

Осы кезде салынған бекіністер мен редулар және форпостар туралы кеңес заманындағы ғалымдардың зеттеулері оларды бір-бірінен айырмашылығы жоқ екендігін айта келіп, форпостарға мынадай сипаттама береді: «форпост, ол кез келген әскери, не басқа да бекіну пункті қызметін атқарып, шекара бойындағы қоршауда, не қоршаудың сыртқы жағында орналасқан» - делінген. Сонымен қатар, Ресей өкіметнің құжаттарында форпостар, редуттар- қорғану деген ұғымды білдірген. Солардың ішінде Жаңа Есіл, басқаша айтқанда Ащы шеп бойындағы осындай құрылыстар қорғану міндетін атқарып отырғанын байқаймыз. Сондай-ақ «остры» деген ұғым XVIII ғасырда пайда болды, ол шеп бойымен орналасқан селолық елді-мекен және осы жерлерге негізінен орыс өкіметі қылмыскерлерді орналастырып отырған.

Патша өкіметі жаңа шекарасын белгілеу үшін бір біріне жақын орналасқан бақылау пунктерін салып, топырақтармен қоршап тастаған. Кейбір қазуға келмеген жерлерде орыс казактарының атты әскері бақылап жүрген. Басқа да Үй, Орал шептерінде осындай жоспармен салынған [44,9 б.].

Бұдан шығатын қорытынды Қызылжар өңірінде салынған «Әулие Петр» бекінісі, форпостарды қорғауға қосымша ретінде салынғанын байқауға болады.

Ресей империясы Еділ өзенінен Оралға, әрі қарай Тобыл өзеніне дейін XVII ғасырдың ортасында Закамск бекіну шебін тартқан болатын. Бұл шептің тартылуы сол уақыттағы Симбирск және Сызран әскери шекара шебіндегі бекіністердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі еді. Закамск шебінің салдарынан жергілікті башқұрттардың территориясы бөлініп қалды. Осылайша Ресей өкіметінің шекарасы қазақтардың Кіші және Орта жүз жерлерінің

территориялық шекарасына жақындай түсті. Алайда патша өкіметі онымен тоқтамады. Закамск шебінің жалғасы болып XVII ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның солтүстік аймағының территориясы арқылы Сібір шебі тартыла бастады. Осылайша 1663 жылы Тобылдағы «Царево Городище», 1670 жылы Ертістегі «Чернолуцкая», 1670 жылы Есілдегі «Абацкая және Коркинская» атты қорғаныс пунктері пайда бола бастады.

Ал XVIII ғасырдың басына қарай Ертістің орта ағысындағы аймақта Бетинский, Зудилковский, Аев т.б., бірнеше қорғаныс пунктері салынды.

Сібір шебіндегі бұл бекіністер қазақ жүздірінің жерлеріне басып кірудің басты плацдармы болды десе де болады.

Ресейдің негізгі әскери бағыты Оралдан, Батыс Сібір аймағына дейін әскери бекіністерді сала отырып жылжуы көшпелі халықтардың бірнеше көтерілісіне әкеп соқты. Мысал ретінде жергіліті башқұрттардың бірнеше мәрте бас көтеруі.

XVIII ғасырдың басында Ресей империясы қазақ жерлеріне басқыншылық отарлау саясатын белсенді түрде бастап кетті. Қазақ даласында әскери шептер мен бекіністер салудың бастамасы А.М. Бекевич-Черкасскийдің әскери экспедициясы Каспий арқылы Хиваға жол ашуы, И.Д. Бухгольцтің Ертіспен жылжыған экспедициялары 1716 жылы Жәмішев, Омбы бекіністерін, 1717 жылы Железин, 1718 жылы Семипалатинск жылы және И.М. Лихаревтің 1720 жылы Өскемен бекіністерінің негізін қалады. Осының салдарынан Орта жүз казактарының көші-қон дәстүрі бұзылып қана қоймай, Батыс Сібір мен Алтай жерлерінен шектеліп қалды. Ал 1730 жылдан бастап Қазақстанның солтүстік аймақтарының шекарасына Орынбор шебі тартыла бастады, ол Жайық жағалауындағы Орск бекінісінен

бастап Үй және Тобыл өзеніне дейін созылды. Патша өкіметі тартылған шептің бойында бекіністер салып, оған әскери қызметке әскери адамдармен казактарды орналастырды.

Сондай-ақ осы уақытта Батыс Сібірдің оңтүстігінде Есіл шебінің құрылыстары да жүріп жатқан болатын. Есіл шебі Тобыл өзенінен бастап Царево Городище (қазіргі Қорған қаласы авт.) арқылы Коркинский острогы (қазіргі Есіл қаласы авт.), Ертістегі Чернолуцкіге дейін (Омбы қаласының солтүстікке қарай 50 шақырым жерде). Бұл шептің бойында Звериноголова бекінісі, Абадский, Зудиловский, Большереченский, Каинский секілді бекіністердің іргетастары қаланды. Кейін Есіл шебі, 1752 жылы Жаңа Есіл шебін салу барысында, Ескі Есіл шебі деген атауға ие болды [48,31 б.].

Бастапқы кезде патша өкіметі осы елді мекенге қарапайым орыс шаруаларын орналастырған еді. Кейін қоныстанушыларға қарсы болған жергілікті көшпелі халықтар шапқыншылық жасай бастады. Олардан қорғану үшін қалашықтың сыртын ормен қоршаған. Кейін бекіну тәсілін күшейту барысында, бұл жерге әскери адамдарды орналастырған болатын. Олардың келуімен ағаштан жасалған қоршаулар салынған. Тағы да басқа әр түрлі ұсақ-түйек құрылыстары бой көтерген.

XVIII ғасырда Ресей академиялық Орынбор экспедициясын басқарып келген Иоганн Фальк Петропавл бекінісін былайша сипаттайды: «Есілдің оң жақ жағалауындағы биік жарда орналасқан, аспалы көпірі бар. Бекініс Есіл шебін тоғыстырған орын. Жан жағынан қазылған, алтыбұрышты салынған қоршаулардан тұрды» делінген.

Осындай бекініс салу тәсілін пайдала отырып, сол уақытта орыс казактары Тобылдың жоғарғы ағысында, Есіл өзені бойындағы жерлерді қазып бекіністер салды

және жана жерлерде орыс шаруаларың селолары пайда бола бастады.

Ескі Есіл шебі Батыс Сібір жерінде негізінен ішкі және сыртқы бекіністер болып екіге бөлінген. Ол бірінші ішкі Тобыл, екіншісі шекаралық, соңғысы шеп бойындағы қоршай орналасқан орыс елді мекендері еді. Олардың арасындағы қарым-қатынастарды арнайы әскери адамдардың командирі арқылы жүргізілді.

XVIII ғасырдың орта ширегінде Тобыл мен Ертіс арасындағы осы шепті Есіл шебі деп атады. Бұл жүйеге арнайы бекіну форпостары, орыстардың деревнясы және селолары кірді.

Мұның барлағы көшпелі халықтардан қоғануға арналған бекіну формасы міндеттерін атқарып отырды. Селолық жерлерде әскери адамдардың болмауынан, шаруалар кез-келген тәсілдермен қорғануға мәжбүр болды. Патшалық Ресей осындай саяси тәсілдерді қолдана отырып отарлау бағытын сәтті түрде жүргізді.

Ескі Есіл шебінде келесі бекіністер мен форпостар бой көтерді: Утяцкий форпосты 5 зеңбірек, 131 адам, Иковский пункті 2 зеңбірек 40 адам, Верхсудский 2 зеңбірек, 53 адам, Емуртминский 1 зеңбірек, 87 адам, Устьцарский 81 адам, Лебяжье 35 адам, Нижнечерновский 148, Верхночерновский 71 адам, Верхноутяцкий 70 адам, Марковский 74 адам, Максимовский 71 адам, Маревский 67 адам, Арлагульский 46 адам, Верх-суерский 60 адам т.б., пунктер болды [44,36 п.].

Осылайша қазақтар шептің бергі жағына ығысуға тура келді. Қазақтардың көші-қон дәстүрінің бұзылуына әсер етті. Шығыстағы Жоңғар мемлекетінің Қазақ даласына тоқтаусыз шапқыншылығы қазақ-жоңғар қарым-қатынасының шиеленісуіне әкелген еді. Осыған орай, Орта жүз қазақтары Жайық өзенінің жоғарғы ағысына,

Тобыл, Есіл және Ертіс өзендерінің төменгі ағысына орналасып, бекініп алған.

Қазақ даласы әр кезде көрші мемлекеттердің қызығушылығын тудыратын. Қазақ хандығының территориясы сол уақыттағы Ресей мен Қытай секілді екі ірі империяның объектісіне айналды. Осы екі мемлекеттердің саяси-экономикалық қақтығысуы және бұл аймақтарда билік жүргізу мақсатын көздеу салдарынан Қазақ жүздері стратегиалық маңызы бар жерлерден ығысуына мәжбүр болды.

Бұл қазақтардың көші-қон дәстүрін бұзып қана қоймай, қазақ ру-тайпалары арасында және көрші көшпелі елдер мен сауда жолдары және жайылымдар үшін әскери қақтығыстарға алып келді.

Ресей мемлекетінің сыртқы саясатынан қауіптенген қазақ би-сұлтандары ішкі саяси жағдайды қалыпқа келтіріп, Ресей өкіметімен бейбіт қарым-қатынас орнатуға тырысты. Осылайша Қазақ жүздері арасындағы тартыстарды тоқтатып, экономикалық дамудың жолдары қарастырылды.

Осы кезеңде Ресей мемлекеті, империя ретінде қалыптаса бастап өз территориясын қазақтардың ежелден мекендеген жерлерін отарлау арқылы кеңейтуді көздеген болатын. Ресей өкіметінің сыртқы экспансиясы көрші мемлекеттерге күшейе түсті. Олардың алға қойған мақсаттары Орта Азия елдерімен сауда-саттық орнатып және табиғи ресурстарға бай Қазақ даласын шикізат өндіру орталығына айналдыру еді.

Сонымен бірге, Ресей геосаяси қызығушылығын өзінің қуаттылығымен шешімін табуға бағытталған қадамдар арқылы жүзеге асырды. Атап айтқанда, осы бір алпауыт мемлекетпен Қазақ хандығын салыстыруға болмайтын, патшалық Ресейдің әскери күші Қазақ хандағына қарағанда әлде қайда күшті еді. Заманауи от

мылтықпен және ірі әскери күшке ие болған мемлекет бірінші кезде өз территориясын кеңейтуге бар күшін салуға тырысатынын байқау қиын емес.

Ресей өкіметінің әскери-саяси бағыттары негізінен Қазақ жүздері мекендеген жерлерге әскери форпост-бекініс құрылыстарын салудан басталды. Ресей мемлекеті Орталық Азия хандықтарымен сауда және дипломатикалық қарым-қатынастар орната отырып, Қазақ даласы арқылы Хиуа мен Бұхара хандықтарының қалалары арқылы транзиттік сауда жүргізуге тырысты.

Орта Азиядан шыққан сауда керуендері Қазақ даласы арқылы Самара, Қазан сияқты қалаларға бағыт алатын болды.

Керуен жолдары Бұхарадан Сырдария, Түркістан, Сарысу, Ұлытау, Есілдің ағысымен Ертіске және Тобылға дейін баратын болғандықтан орыс мемлекеті бұл транзиттік сауда жолының дамуына үлкен қызығушылықпен қарап отырды. Ресей өкіметі Қазақ хандығының саяси жағдайымен және олардың көрші елдерімен қарым-қатынастарына терең үңіле отырып, үлкен мән берген [50,456.].

XVIII ғасырда қазақ-жоңғар қатынастарының шиеленісуі Ресей империясына тиімді еді және Орта Азияға сенімді қадам басуға үлкен мүмкіндік берді. Осылайша Ресей өкіметі Қазақ хандығымен қарым-қатынастарды күшейте беріп, бірнеше экспедициялар ұйымдастырған болатын.

Ресейліктердің басты мақсатының бірі Орта Азия және Үндістанмен сауда байланыстарын ашу, сонымен қатар, сауда жолдарының қауіпсіздігін күшейту еді.

Қазақ даласы барлық Азия елдеріне апаратын қақпа ретінде саналды. Ресей Қазақ хандығын алғашқыда Орта Азия хандықтармен күресте одақтас ретінде пайдалану жоспарлаған еді.

XVIII ғасырдың басында Ресей патшасы І Петр оңтүстікке «қиыршық алтын» шығатын жерлерді іздеуге арнайы әскери экспедициялар жіберген.

XVIII ғасырдың 20- жылдарындағы қазақ-жонғар соғысындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған оқиға орын алғандықтан қазақ-орыс қатынастары белсенді түрде жүрді.

Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың бастауымен Кіші жүз қазақтары Жем, Жайық өзендерінен асып оң жақ жағалауға шығуға талпынды. Бұл жағдай орыс бодандығындағы башқұрт және қалмақтармен қақтығыстарға әкеп соққан еді. Шекаралық келіспеушіліктерді реттеу мақсатында Әбілқайыр хан Ресейге елшілік жіберген, алайда жіберген елшілігі нәтижесіз болды. Оған себеп орыс патшасы қарудың күшімен Орта Азияға Қазақ даласы арқылы өзінің позициясын бекітуді ойлады. Ресейдің Қазақ шекарасына жасаған алғашқы қадамдары аса сақтықпен жүргізілді. Сонымен қатар, қазақ, қалмақ, башқұрт ішкі қарама-қайшылықтарын пайдалануға, оларды бір-бірімен шабыстырып отыруға негізделген саяси қадамдары болды.

XVIII ғасырдың ортасында Ресейдің әскери шептері Жайық пен Ертіс өзендерінің оң жағалауларына табан тіреп, ал ғасырдың соңына қарай қазақ жерінің солтүстік шекарасына нақты бекіді деп айтуға болады.

XVIII ғасыр қазақ халқы үшін ауыр жауынгершілік заман болды, қазақ хандары егемендігін сақтап қалуға бар күштерін салды. Қазақ жеріне оңтүстіктен Қоқан, Хиуа хандықтары, шығысында Жоңғарлар мен Қытай қауіп төндіріп тұрса, батысында башқұрт, қалмақ тайпалары тыныштық бермеді. Мұны байқаған орыс патшалары, осы сәтті пайдаланып, қазақ жерлеріне біртіндеп ене берді. Осылайша қазақ халқына өзінің мемлекеттігін нығайту мүмкіндігі шектеле бастады. Ресейдің қазақ жерлеріне өз

бекіністерін салудың негізінде, ұлы көші-қон жолдары осы ғасырдың ортасына қарай қазақ үшін жабылды [50,516.].

Ресей өкіметі қазақ жерлеріне біртіндеп енді және қазақ халқының ішкі істеріне араласуыды өзіне мақсат тұтты.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ даласында жер мәселесі өрши түсті. Ол Ресей өкіметінің қазақ жерлерін отарлау саясатының белсенделігіне байланысты болатын.

Сонымен қатар, қазақ-жоңғар, қазақ-қытай қарым-қатынастарының шиеленісуінен Ресей мемлекеті Ертістің оң жағалауын түгелдей және Есіл, Тобыл өзенінің төменгі ағысындағы шұрайлы жерлерге орналаса бастаған болатын. Ресейдің бұл саясаты Қазақ хандарының наразылығын тудырып, қазақ-орыс қатынастары шиеленісіп кетті. Қазақтар орыс бекіністеріне жиі шабуыл жасап отырғандықтан, бұл қақтығыстар орыс өкіметін де алаңдата бастады.

1747 жылы Ресей сыртқы істер жөніндегі коллегиясы қазақтарға қатысты құпия жарлық шығарды. Жарлықта: «орыс көпестері қазақтарға қару-жарақ сатуға тыйым салынсын дей келе, қазақтар мен башқұрт және қалмақ арасындағы шиелістерге орыс үкіметін араластырмай, өз араларында шешілсін» - делінген [65,126.].

Сөйтіп, патша өкіметі көшпелі тайпаларды бір-біріне айдап салып, астарлы отарлау саясатын қазақ жерлеріне жүргізе берді. Қазақстанның солтүстік аймақтарына әскери экспедициялар ұйымдастырды.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 1734 жылы Сенаттың Обер секретары И.К. Кириловтың (1689-1734 жж.) Қазақстан мен Орта Азиядағы Ресей иеліктерін нығайтуымен, осы елдер арасында сауданы дамыту үшін қалалар мен қорғаныс шептерін салу жөніндегі ұсынысын Сенат және Сыртқы істер коллегиясы қабылдады,

1734 жылдың 1 мамырында Сенат жарлығымен И.Қ. Кирилов басшылық еткен Орынбор экспедициясын құрды.

Экспедицияның мақсаты: Қазақстан, Башкирия, Қарақалпақстанның Оңтүстік аудандарының шаруашылығын, олардың пайдалы табиғи қазбаларын пайдалануға дайындық, -болды.

Бұл уақытта қазақ халқы жоңғарлармен соғыстың ауыр кезеңін бастан өткізген еді. Соны пайдаланған, Ресей империясы Ор (Тобылдың бір тармағы), Жайық өзендері құйылысында бекініс шептерін сала бастайды. Жайық өзенінің алдыңғы тұсында орыстың бекіністі сауда орталығы Орынбор (1735-1738 жж.) қаласының іргесі қаланды.

Хиуа, Бұхара, Ташкент бағытында орыстың сауда керуендері жүрді, қалаға қарай ағылған орыс көпестеріне үш жылға дейін алым-салық алынбайтын сауда жүргізуге (1735-1738 жж.) рұқсат етілді.

XVIII ғасырдың өзінде Жайық өзені бойында 14 қамал салынды. Жайық қалашығынан бастап Звериноголовск бекінісіне - 770 шақырымға созылған Уйск шебі аяқталды. 1752 жылы тоғыз қамал, 58 бекіністен тұратын 540 шақырымға созылған - Жаңа Есіл шебі оны 950 шақырымға созылған Ертіс - Сібір шебімен жалғастырды.

Алғашқы кезде қазақ жерін отарлау екі бағытта жүргізілді: Қазақстанның Батыс бөлігінде (Кіші жүзде), Солтүстік пен Шығыста (Орта жүзде). Бұл бөліктің барлығында да Ресейдің орыс-казак әскерлері бекініс шептер, яғни, қамалдар тұрғызды. С.Д. Асфендияровтың мәліметтері бойынша 1752 жылы әскери шеп Қазақстанды жартылай шеңбермен «Каспий жағалауларынан Ертістің жоғарғы ағысына дейін» қамтыды.

Осы уақытқа «бірқатар жеңілдіктер мен бөлінген жерлері» бар Орал, Сібір және Орынбор казак әскерлері құрылды. Казак әскерлеріне Кіші және Орта жүздерді

Ресейдің вассалына айналдыру міндеті тұрды. Оны іске асыруға түрлі амалдар жұмылдырған. Солардың бірі «қатал бағыт» деп аталып, мынадай әскери шаралар қарастырған: шекараның далаға ішкерлей енуі, шептерде бекіністердің құрылуы, Жайық, Тобыл, Ілек, Есіл, Ертіс және т.б. өзендердің бойында көшіп-қонуға тыйым салу [50.496.].

XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығы мен Ресей империясы арасындағы байланыстар туралы профессор Ж.Қ. Қасымбаевтың «XVIII ғ. Ямышевск, Железнинск, Семей, Өскемен және т.б. бекіністердің салыну тарихын көптеген жылдарға созылған орыс-қазақ қарым-қатынасының дамуы және Қазақстанның Ресейге қосылу тарихымен жалғасып жатыр.

Орыс мемлекеті сонау XV ғасырдың өзінде-ақ көрші Қазақ хандығына үлкен қызығушылықпен қараған. Оның өзі Ресей мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуымен байланысты терең себептерге негізделді», – дейді. Ғалым одан әрі: «Көшім хандығының жойылуы және Ресейге Батыс Сібірдің, Қазан, Астраханның қосылуы, Сібір және Қазақ даласына баратын Кам сауда жолының құрылуы қазақ-орыс қарым-қатынасының дамуына қолайлы жағдайлар туғызды.

Орыс мемлекетінің Қазақстанға, әсіресе XVI ғасырдан бастап қызығушылық танытады. Өйткені, Ресей ортаазиялық хандықтарымен сауда және дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатқаннан кейін Қазақ даласы арқылы Хиуа мен Бұхара орталықтарындағы қала көлөнершілерімен транзиттік сауда жүргізді.

XVI ғ. соңы - XVII ғ. Қазақ даласы арқылы Бұхара мен Хиуадан Ресейге 44 елшілік және Ресейден 9 елшілік ортаазиялық хандықтарға өтеді. Оларда көп тауар мен адамдар болды. Орта Азиядан шыққан сауда керуендері Қазақ даласы арқылы Астрахан. Еділдің жоғарғы

ағысымен Саратов, Самара, Қазан және т.б. орыс қалаларына 44 елшілік бағыт алады. Сонымен қатар, ол сауда керуендері Қазақ даласы арқылы Сібірге де – Бұхарадан Сырдария, Түркістан, Сарысу, Ұлытау. Есідің жоғарғы ағысымен Ертіске, одан Тобылға дейін барды. Орыс мемлекеті бұл транзиттік сауданың дамуына қатты қызықты және ортаазиялық хандықтардың сауда керуендеріне, көпестерге Қазақ даласы арқылы өткенде қауіпсіздікті қамтамасыз етуі үшін Қазақ хандығының саяси жағдайымен және олардың көрші елдермен қарым-қатынасына терең үңіле бастады. [38].

XVI ғ. екінші жартысында Мәскеу Қазанды (1552 ж.), Астраханды (1556 ж.) жаулап алғаннан кейін Сібірді отарлауға кірісті. Академик М.Қ. Қозыбаев орыс-қазақ қатынастарына байланысты былай деген «Мәскеу мемлекеті Қазақ еліне 1731 жылдан емес, 1580-ші жылдардан бастау алады. Өйткені, Ермак жаулап алған Сібір хандығының халқы негізінен қыпшақ, арғын, найман, керей т.б., қазақ құрамында жүрген тайпалардан тұрды», - деп пікір білдірген еді.

Орыстардың Сібір жерін отарлаудың басты да негізгі себептерінің бірі, бұл Батыс Сібір және Қазақстанның солтүстік аймақтарының табиғи ресурстарының байлығы және сауда жолдарына деген құштарлығы болды.

1581 жылы Ермак жасақтары Көшім хандығының астанасы Іскер қаласын жаулап алғаннан соң, Сібір жерінде орыстардың беделі тез арада өрби түсті. Қаланың қалдықтары қазіргі Тобольск қаласынан 17 шақырым жерде орналасқан болатын. Алайда Ермактың жеңісінен кейін Мәскеу өкіметінің билігіне тек Сібір хандығы территориясының аз бөлігі өткен еді. Ермактың өлімінен соң Мәскеу мемлекеті Сібір алқабынан айырылып қала жаздады. Жылдар бойы жергілікті түркі ру-тайпалардан қорғануға тура келді. Орыстардың жақсы қаруланған

әскеріне жергілікті халық айтарлықтай төтеп бере алмады. Сөйтіп Сібір хандығы жойылып, құрамындағы түркі тайпалар арғын, керей, уақ, қыпшақ рулары Қазақстанның солтүстік аймақтарына ығыса бастады [66].

XVII-XVIII ғасырлардағы шекаралық мәселелер туралы сібір зерттеушісі Ремезов те бұл мәселені нақты былай деп атап өтті: «из Казачьи Орды приходили и воевали Тюкалинскую волость» (қазіргі Омбы облысының ауданы РФ).

1820 жылы орыс ғалымы Г. Спасский өзінің «Сибирский вестник» журналындағы мақаласында келтірілген мәліметіне назар аударсақ: «...при самом покорении Сибири Российским оружием, киргиз-кайсаки, или по тогдашнему названию Казачья Орда обитали во-первых, от реки Ишима, где ныне город сего имени до Тобола, где город Курган и до речки Тары... после того в начале XVIII столетия киргизы опять показались...» - деген қызықты мәліметті оқуға болады [50,35 б.].

Қазақстанның солтүстік аймақтарымен Сібір жерлерінің бірқатар өңірлерінде ежелден бері қазақтың ру-тайпаларының көшіп-қонып жүрген атамекені екендігі, қазақ ауыз әдебиетіндегі жырау дастандарда жақсы сақталған. Солардың бірі XVIII ғасырда өмір сүрген Қожеберген жыраудың «Елім-ай» дастанынан үзінді келтіре отырып, қазақ жерінің территориясы сонау Сібір жерін де алып жатқаны туралы жыраланады.

*Ел қорғап, қол бастауда көшелі едім,
Қазақтың қатардағы шешені едім.
Теріскей Сарыарқаны қыстайтұғын,
Егіз ел Керей-Уақ көсемі едім.*

*Тұтас ел жігі ажырамай, орнаған бақ,
Ішінде Орта жүздің Керей-Уақ,
Құт қонып, қыдыр дарып ерте кезден,*

*Мекендеп Сібірде олар тұрған ұзақ.
Астасқан Арқа-Сібір жерін жайлап,
Жаз болса, бие менен іңген байлап.
Теңге атып, бозбалалар көкпар тартып,
Ән шырқар ақындары топта сайрап.*

Ал, «Описания Средней Орды киргиз-кайсаков» атты еңбектің авторы, XVIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген 1772 жылдың 1 қаңтарында Петропавл бекінісі гарнизонында қызмет атқарған және Сібір шебінің әскери басшысы А.Д. Скалонға қазақ терминдерін әзірлеуімен қатар алғашқы орыс-қазақ сөздігін құрастыруға ат салысқан капитан Иван Григорьевич Андреевтің мәліметін алатын болсақ былай делінеді: «Пределах или границах киргиз-кайсаков» атты еңбегінде мынадай өте бір қызықты мәлімет келтірілген: «...о древних границах сего народа по прохождению их с места на место, ясно доказать никак не можно...Здесь же за приличное сочтено, объявить известное, что границы сего народа, со времени взятия Сибири и по совершенном покорении татар от реки Ишима, где ныне город Ишим, на реку Тобол, где город Курган, и на реку впадающую Тар, где город Тара. Но в последующие времена, по учреждении и заведении Иртышской линии до крепости Устькаменогорской, отнесены так же и отграничены в 1752 году Новою линиею от Звериноголовской через Тарскую, Ишимскую и Тобольскую дистанции на крепость Омскую, то сии киргизы или, по тогдашнему названию, Казачья Орда, отошли далее в степи» [18].

Біздің бұдан байқайтынымыз, казактың ру-тайпалары және олардың ата-бабалары Батыс Сібірдің оңтүстік бөлігін кем дегенде XIII ғасырдан бастап мекен еткен аймағының шекараларын анықтауға мүмкіншілік туды. Мұндай құнды мәліметті жаңа кезеннің зерттеушілері

келтіріп отыр. Бұдан шығатын қорытынды сол кездегі Сібір хандығы Қазақ хандығының бір бөлігі ретінде қарастырғанын аңғарамыз.

1771-1774 жылдары И.Фальктің және генерал - майор М.Траубенберг тапсырмаларымен қазақ даласына экспедиция жасаған грек көпесінің ұлы Христофор Барданес Қазақ хандығының этникалық территориясы туралы және қазақ жүздеріне сипаттама беріп, құнды ақпарат жинаған болатын. Автор қазақ даласын аралап жүріп, орыстардың атап жүрген «қырғыздары» немесе «қырғыз-қайсақ» деген халық өздерін «қазақ» деп атайтынын көрсетеді, сонымен қатар, қазақтар үш ордадан тұрады Кіші жүз, Орта және Ұлы жүзден. Қазақтар кең байтақ жері бар екендігін және шығысында Қытаймен, батысында Ресеймен шекаралас екендігі туралы айтылып, соның ішінде Орта жүз қазақтарының солтүстік жерлері Сібір губерниясына дейін созылып жатқаны жазған.

Сонымен қатар, Жаңа Есіл шебі бойымен жүріп өтіп, осы маңдағы жер-су аттарын қазақша төл атауларымен атап, күнделіктерінде жазып қалдырғанын айта аламыз. Осы ғасырда өмір сүрген Петр Рычковтың да Орта жүз қазақтарының территориясы Сібір, Үй шебі бойына дейін екендігін байқауға болады. Бұдан көретініміз Қазақ хандығының шекарасы тек Қызылжар аймағымен шектеліп қалмағаны және Батыс Сібірдің басқа да жерлерін алып жатқанын байқаймыз [67].

Бұрын-соңды ғылыми айналымға түсе қоймаған алуан түрлі орыс энциклопедияларындағы деректерді талдай отырып, зерттеуші Мұхтар Құл-Мұхаммед «Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі» атты 1994 жылы жарық көрген еңбегінде қазақ-орыс байланыстарына қатысты деректер негізінде жаңа пікірлерге келеді.

Автордың айтуынша кеңес өкіметі орнағанға дейін жазылған энциклопедиялары коммунистік идеология

үстемдік еткен жылдарда негізінен буржуазиялық бағыттағы орыс ғалымдары шығарған деген желеумен көбінесе арнайы ғылыми зерттеулердің объектісі бола алмағанын, ал бұл деректердің құндылығы жоғары екенін пайымдайды.

Автор: «Біз бұл деректерді әлдекімдердің территориясына көз аларту үшін емес, тарихи шындықты констатациялау үшін келтіріп отырмыз», - дей келе, зерттеушілерді бір сәт орыс энциклопедияларына үнілуін ұсынады.

Мұнда автор «Қазақстан Ресейге бодан болар тұста осы күнгі Ресей құрамындағы Астрахан, Қорған, Омбы, Орынбор өлкесіндегі бірқатар жерлер Қазақ хандығының құрамында болатын», – дей келіп, мұны орыс энциклопедиялары арқылы дәлелдейді.

Мәселен, «Үлкен энциклопедия» қазақтар «Есілдің жоғарғы ағысы, Тобыл, Ертістің бойындағы далаларды мекендеді», деп жазса, «Гранат» энциклопедиясында «Солтүстік Тұранның ұлан-байтақ даласында» тұрды деп атап көрсетеді. «Брокгауз-Ефронда»: олардың Астрахан, Верхнеурал, Челябин, Троицк уездерінде еркін көшіп-қонатынын да атап көрсеткен [50].

Ресей өкіметі осылайша әр түрлі бекіністер мен форпостарды қазақ даласында сала отырып, экономикалық және әлеуметтік қадамдарға негізделген саясатын қарудың күшімен отарына айналдыра бастады.

2.2. Петропавл бекінісін салудың алғышарттары және даму тарихы

Петропавл қаласы Солтүстік Қазақстан аймағының ірі сауда-саттық орталығы болып қана қоймай, сонымен қатар, өлкенің экономикалық дамуына септігін тигізе отырып, Солтүстік Қазақстан тарихындағы маңызды саяси-әкімшілік рөлінің басымдығын айта кету керек.

1752 жылы Қызылжар аймағында, Есілдің оң жағалауында «Әулие Петр» атты бекіністің негізі қаланды. Жаңа Есіл шебіндегі Сібір орыс-казактары жасақтарының әскери бекіністерінің бірі еді. Бекініс құрылысын салуға жер аумағы ыңғайлы болатын. Бұл туралы архив құжаттарында: «Есіл өзенінің оң жағалауындағы биік жерде орналасқан, жан-жағы жар, өзеннің суы ішуге жарамды, бекіністің маңы қорғануға тиімді» - деген ақпарат кездеседі [68].

Патшалы Ресей империясының қазақ жерлеріне түпкілікті енуі Солтүстік Қазақстанды отарлау саясатынан айқын көрініс тапты. Оның алғашқы қадамы Орта жүз тайпалары мекендеген далада 200 шақырым Жаңа Есіл шекаралық шебін салудан басталған еді. Сол себептен Орта жүз қазақтары атамекендерінен ығысуға тура келді. Бұл үрдіс XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ-жоңғар қақтығысымен сәйкес келуі Ресей мемлекетіне әскери күшпен Солтүстік Қазақстан жерлерін өз пайдасына шешуге үлкен мүмкіншілігін туғызды. Патша өкіметі кезкелген айла тәсілдерімен Кіші және Орта жүз қазақтарын өздеріне қаратып, бодандыққа алуға айдаларын жүзеге асырып бақты. Ресей өкіметі қазақтар жағынан бодандықтың шешімін күтпей-ақ, жергілікті халықтардың қоныстарын үлкен көлемде жерлерді жаулап алу жоспарын пайдаланды. Қазақ хандырын Жоңғар мен Қытай тарапынан бірге қорғанамыз деп сендіргенімен, патша өкіметінің түпкілікті мақсаты Орта жүз қазақтарының жерлерін тартып алу болды.

XVIII ғасырда қазақтар Қытай мен Жоңғар тарапынан үнемі қысымшылық көріп тұрды. Ескі Есіл шебі доға тәрізді болғандықтан әскери стратегиялық тұрғыдан орыстарға тиімсіз болды, мысалы Еділ-Жайық бекіністерінен Омбы бекінісіне бару үшін көп уақыт алатын. патша өкіметі тарапынан аталмыш шепті

турасынан өткізу туралы идея туындады. Бірақ Орта жүз қазақтарының хандары мен сұлтандары патша өкіметінің бодандығын іс жүзінде әлі мойындамаған. Соған қарамастан патшалық Ресей Орта жүз қазақтарының жерлеріне бекініс салу жоспарын жедел түрде бастап кетті. Мұндай іс-шараларды бастау әскери-саяси негіздерге себептелген.

Біріншіден, Қазақ хандығына жоңғар тарапынан төніп тұрған қауіп болғандықтан, патшалық Ресей осы сәтті тиімді пайдаланғысы келді.

Екіншіден, Ресей жағынан Ескі шептің шекарасы қазақтарды жоңғар қауіпінен қорғауға ешқандайда кепілдік бермеді және оның территориясы байырғы қазақ жерлері Ресейдің қол астына өтіп кеткен болатын. Ресей сенатының хатшысы И.К. Кирилловтың орыс шекарасын Закамск шебінен Самара-Бугульма, Башкирияның оңтүстігіне орналастыру жоспарын Орынбор губернаторы И.И. Неплюев (1742-1758 жж.) жүзеге асырған еді.

Ол орыс мемлекетінің жаңа шекарасын Оралдың оңтүстік жағына дейін созуды жаңа Сібір шебін салуға өз тарапынан қолдау көрсететінін білдірді. Жаңа Есіл құрылысына И.И. Неплюевтің аса қызығушылық танытқаны соншалық, ол бұл жоспарды Сенат отырыстарында бірнеше рет көтеріп, Сібірдің әскери басшыларына кеңесін аямады. Осы Жаңа Есіл шебінің бойында бекіністер мен форпостардың салынуы Орынбор шебінің жалғасы деп білді. Осыған орай 1746 жылдың 3 қыркүйегіндегі жазған хатында Тобылдағы Звериногорова бекінісін салуы, уақыт өте келе ақталатыны туралы ой-пікірін айтқан болатын [73].

Бастапқы кезде салынған ескі Есіл шебі Сібірдің ішкі жағында орнаскандықтан біршама қиындықтар туғызды. Алайда оның құрылысы жаңа Есіл шебін тартуға септігін тигізді.

Сонымен қатар, Ресей өкіметі жаңа шепті сыртқы саясатының мүддесі үшін қарастырған еді. Жоңғар мемлекеті тек Қазақ хандығына емес, сонымен бірге Ертіс шебі бойындағы орыс бекіністеріне қауіп төндіріп тұрды. Осыны түсінген патша өкіметі жоспарды іске асыруға асықты және Сібірге 1745 жылы 5 полктан құралған әскер жіберді. Оның үстіне Ертіс маңына жақындап қалған қаптаған қытай әскерінен де сескенген Ресей тездетіп шара қолдана бастады. Ол кездегі Қытай- Ресей қатынастары мәз емес еді. Осылайша Ресейге бекіністерді салу шығыстан төңген қауіпті бәсеңдетуге мүмкіншілік берді.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында басталған Жаңа Есіл шебі Қазақ даласын бағындыруға бағытталды. Қазақ даласына кіру Неплюевтің жоспарына сай 5 бағытта жүргізілді: Біріншісі- Жайықтан, екіншісі -Орынбордан, үшіншісі- Орскден, төртіншісі Үй шебінен, бесіншісі - Сібір шептерінен.

Оның Сенатқа ұсынған жоспары қолдау тауып бекітілген болатын [74,48 б.].

Соныдықтан Ресей мен Қазақ хандықтары арасында саяси-экономикалық байланыстарында жиі қақтығыстар орын алды. Орыс бекіністері, орыстардың отарланған жерлерде тұрақтанып қалуымен қатар, көршілес елдермен қарым-қатынас жасауға және жіргілікті халықтардан қорғану үшін мүмкіншілік туғызды.

XVIII ғасырдың 50-жылдарында жалпы ұзындығы 930 шақырым келетін Ертіс шекаралық шебінің (Омбы, Железинская, Жәмішев, Семей және Өскемен бекіністерінің) құрылысы аяқталған еді. Тап осы кезде Өскемен бекінісінен Кузнецк бекінісіне дейін 723 шақырымға созылатын Колывановская шекара шебінің құрылысы да салына бастаған болатын.

Патша өкіметі қазақ-жоңғар қақтығыстарын пайдалана отырып, қазақ жерлерін ашықтан-ашық одан әрі жаулап алу әрекетіне кірісіп кетті.

Жаңа Есіл жоспарын подполковник В. Кутузов 1740 жылдың басында әзірлеген болатын, оның жоспарына сай Жаңа Есіл шебі Ертіс бойындағы Чернолуцкийден бастап Тобылдағы Утяцк фортпостына дейін болатын. Осы жоспармен Сібір губернаторы болған А.М.Сухарев келіскен еді.

Алайда Х.Киндерманның Сібір жеріне келуіне байланысты В.Кутузовтың жоспары сынға ұшырап, жүзеге аспай қалды. Осыған орай поручик Шишковқа жаңа жоспар әзірлеуге тапсырма берілді. Жаңа жоспарға сай Шеп құрылысы ащы көлдер бойымен салыну тиіс еді. Бұл жоспарға Кутузов қарсылық танытып, ащы көлдердің бойында елді-мекендерге орнасалтыру ыңғайсыздық туғызады деп пікір білдірді. Ал Кутузовтың жоспары солтүстікке қарай жоспарланған және орналасу жері де қолайлы, шептің тартылуына 9900 адам қатысу керек еді. Осы екі жобаны Неплюев қарап талдаған соң, олардың екеуінен де бас тартты. Оның ойынша осы екі жоспар өкімет қазынасына көп шығын әкеледі.

Соған қарамастан, Неплюевтің Орынбор шебінің үлгісімен, әскердің күшімен салып, қазынаға көп шығын келтірмеу ұсынысы қабылданбы.

1746 жылы 15 мамырда Сібір губернаторы А.М.Сухаревке, Х.Киндерманның Кутузов жоспарының жаңа шеп тарту жобасы талаптарға сай келмейтіні туралы хабарлама жетеді. Кутузовтың жоспары бойынша шеп тартылатын болса құнарлы, шабынды және басқа да шұрайлы жерлер шептің арғы жағында қалып қояды делінген. Осыған орай осы жылдың жаз айында Киндерман жаңа шеп тартылу жолын өзі жеке дара барып қарап келген еді [75, 5 б.].

Бұдан байқайтынымыз патша өкіметі шептердің тартылуына жағрапиялық мән беріп отырғанын көреміз. Осыған орай Сенат Киндерманның жобасын қолдап ұсынысын қабыл алды. Осылайша Сенат жарлығы бойынша 1752 жылы Қазақстанның Солтүстік жағында тағы бір күшейтілген Преснегорьковск шебін салу басталды.

1752 жылы жаз айында Омбыдан 565 шақырым қашықтықта Звериноголовск бекінісінің іргетасы қаланды. Оған қоса Нашебур және Вологод полктерінің солдаттары мен драгундері Қызылжар аймағында Луцк драгун полкінің әскери күзетімен «әулие Петр бекінісі», болашақ Петропавловск қаласы қаланды.

Оны Есіл өзенінің еңселі биігіне тұрғызып екі қатар ағаш қабырғалармен қоршап тастады. Топырақ жолдарын көмкерген қамал француздардың әскери инженері Вобанның жүйесімен салынды және шептегі басты тірек пункті болып табылды. 1753 жылы шеп құрылысы жалғасты. Оның құрамына 10 қамал, 31 редут және 40 маяк енді.

1758 жылы «Ащы шебіне» (Ащы көлдер) 2 жылға Орал және Дон әскерлерінің 2 мың казактары жіберілді [76, 2 б.].

1752-1755 жылдары Орта жүз казактары жерінің солтүстік аймағында Жаңа Есіл (Новоишим) шекара шебіндегі әскери бекіністер құрылысы жүріп жатты. Ол Үй шекара шебін Ертіс шекара шебімен жалғастырды. Оның бойында Звериноголовая, Покровская, Николаевская, Лебязье, Полуденная, Петропавл, Пресновская және Кабанья сияқты бекіністер салынды. Оның жалпы ұзындығы шамамен 540 шақырым болды. Оған едәуір көп әскер күші шоғырландырылды. Бұрынғы доға тәріздес Ескіесіл шекара шебі енді «тігінен түзетіліп», казактардың көшіп-қонып жүретін жерінің ішіне қарай 250 шақырым

кіріп кетті. Жаңа шекаралық шеп «Ащы шеп» деген атауға ие болды. Өйткені оның бойында көптеген суы ащы тұзды көлдер бар еді. Ескі Есіл және Жаңа Есіл аталған шекара шептерінің аралығында ежелден бері көшіп-қонып жүрген қазақтар одан күшпен қуып шығарылды. Мұның өзі бұрыннан қалыптасқан көші-қон жүйесін бұзды. Патша үкіметінің жерді баса-көктеп тартып алуы салдарынан көптеген қазақ рулары дәстүрлі мал жайылымдарынан айрылды.

Өкімет қазақ жерін отарлау саясатының әскери тірегі ретінде қараған Сібір әскерлері күшейтілді. Бекіністер шебі қазақтардың ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген жайылымдарына шек қойды. Жерден қысым көрген рулар бір-бірімен бәсекелесіп өзара қырқысты.

Бір жағынан қазақтардан құнарлы, шұрайлы жерлерді тартып алды.

Екіншіден жаңа бекіністерге және оның маңайындағы қоныс тебе бастаған орыс шаруаларын қамал горнизондарын азық-түлікпен, әсіресе, астықпен қамтамасыз ету мақсатымен – Сібірден Ресейдің ішкі облыстарынан шаруаларды қоныстандыру басталды [50].

1752 жылы генерал Х.Киндерман жоспарының бекітілуімен, бірден орыс бекіністері Қазақ елінің солтүстігінде салына бастады. Осыған орай, Покровский, Николаевский, Лебяжье, Петропавловский, Полуденный, Становой, Пресновский, Звериноголовый атты бекіністер бой көтерді. [78].

Сібір шебінің басшысы полковник Ифлантаның 1752 жылдың 27 шілдесіндегі Крафтқа жазған баяндамасында генерал Киндерманның берген нұсқауларына сай Тобыл өзенінің Звериноголовая бекінісінен бастап Ертіске дейін редуттар мен форпостар және араларында маяктар орнастыру туралы хабарланды. Жаңа бекіну құрылыстарының мақсаты мен негізін көрсетті. Қай жерде

қандай бекіністер салу, қанша әскер қолдану керек екендігі жазылған. Сондай-ақ Звериноголова бекінісінен Есілге дейін, Есілден Ертіске дейін құрылыс жүргізу туралы айтылды. Осы Крафттың атына жазылған баянхаттан Киндерманның жаңа бекінісінтер салудың мақсатын көре аламыз [79, 13 б.].

1752 жылғы наурызда Сенаттың Тобылдағы Звериная голова шоғынан Омбы бекінісіне дейін ұзындығы 565 шақырым Жаңа Есіл немесе Ащы шеп салу туралы жарлығы шықты. Осыған орай 11 бекініс, 33 редут және 42 маяк, басқаша айтқанда, бақылау бағандарын салу көзделді. Құрылысты жүргізу үшін 3642 адамнан отряд жасақталды. Жұмыстар 1752 жылдың жазында басталып кетті. 1752 жылғы көктем-жаз айларында Есіл өзенінде, ескі белдеуден түстікке қарай 180 шақырым жерде, Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында жырланатын «Қызылжар» деп аталған екі қазақ ауылының маңында әуелгіде «Әулие Петр бекінісі» деп аталған басты фортификациялық құрылыс Жаңа Есіл шебінің іргесі қалана бастады.

1752 жылғы қазанға дейін әулие Петр бекінісінде уақытша бөрене жақтаулар, төрт батареясы, қақпалы мұнара, штаб үйі, офицерлер мекені, он казарма, екі азық-түлік дүкені, дәрі-дәрімек қоймасы, қарауылдар, шағын батареялар тұрғызылды. Бекіністің жанында 120 атқа арналған атқора салынды [80, 18 б.].

Кейін ол Петропавл бекінісі деп аталатын болды. Бекініс құрылысы бірқатар кедергілермен ұзақ уақытқа созылды. Оған себеп: біріншіден, бекініс салу жұмысы көп қаражатты талап ететін, екіншіден, жергілікті қазақтардың бекініс құрылысына қарсылық көрсетіп, ұдайы шапқыншық жасап отыруы еді.

Омбы бекінісінен бастап Звериноголова жеріне дейін екі 6 бұрышты бекініс салынып, тоғыз 4 бұрышты, 33

редут және 42 маяк тұрғызылды. Бұл жерлерге тұрақты 1290, уақытша 2352 жұмыс күші тартылды. Әрбір бекініске 50 адам, редуттарға 20 адамнан орналастырылды.

Құрылыс жұмыстары ширек ғасыр жалғасты. Бекіністің құрылысы XVIII ғасырдың 70-ші жылдарының соңына таман аяқталды.

Есіл белдеуіндегі өзге бекіністермен салыстырғанда Әулие Петр бекінісі құрылысының аумағы зор еді. Ол Есілдің оң жағалауындағы биік жарқабақта, өзен арнасының бұрылысында салынғанымен айбынды көрінетін. Бөренеден қиылған жақтауы (ал кейінде жер үйіндісі де) алты ұшты жұлдыз түрінде болды. Әрбір ұшында алты бастион орнатылды. Бекіністің ішінде ағаш үйлер: штаб үйі, офицерлер мекені, казармалар, дәрі-дәрімек қоймалары, азық-түлік дүкендері және екі кордегардия болды, бекіністің жанында жарқабақта жоғарғы, ал ойда төменгі форштадтар орналасып, олар бөренелермен қоршалды. Төменгі форштадттың екі қақпасы салынды. Петропавл бекінісінің ішкі көрінісі мынадай еді: бір-бірінен егіздерше аумайтын, жіңішке қайың ағашынан қиылған, төбелеріне шым төселген немесе жұқа тақтайлармен жабылған бір қабатты үйлерде казармалар орналастырылды. Офицерлер мекендері де осыған ұқсас еді. Құрылыстардың біріне түрме жайғастырылды. Бекіністің ортасында солдаттарды үйрететін және жазалайтын шағын алаң болды. Осы жерде ағаш шіркеу тұрғызылды [81].

Жаңа шеп командирі Сібір корпусының Омбыда орналасқан штабына бағынды. Ал Петропавл бекінісінде жаңа шеп және полк басшысы тұрды. Бекіністе белдеу бастығы тұрып, белдеудегі екі полктың бірінің штабы жайғасты. Тұрақты әскерлерге қоса мұнда казактар бөлімшесі тұрған еді. Жалпы гарнизондағы адамдар саны 300-350 адамнан аспады.

Сібір жасақтарының басшысы Крафтың нұсқаумен құрылысшылар Жаңа шебіндегі басты қорғану тіректерінің құрылыстарын бастаған еді. Архив деректерінде: «Жаңа шептің құрылуына байланысты Сібір қаларынан 2 мың драгун полк орыс-казактары тартылды. Ал, 1758 жылы Дон және Жайық орыс-казактарының бір мыңға жуық жасақтары 2 жылға әскери міндеттерін атқаруға жіберілген болатын. Кейін олардың орнына башқұрттар мен мешеряк топтары енгізілді» - деген мәлімет келтірілген [69].

Бекіністі салғаннан кейін оған қатардағы тұрғындарды тарту мәселесі туындап, 1752 жылы редуттар мен бекіністерге ниеті барлардың бәрін орналастыруды талап еткен патша жарлығы шықты.

Петропавл бекінісінің құрылыс басшысы болып поручик Трейблуг тағайындалды. Бастапқы кезде бекініс қабырғасының жалпақтығы 72 өлшемде болды, ішкі бұрыштардың бір-біріне қарама-қарсы орналасқан олардың ұзындығы 103 сажень өлшемінен тұратын. Петропавл бекінісі Жаңа Есіл шебі секілді басқада тұрғызылған бекіністерге ұқсас болатын оның маңыздылығы әскери мағанада болды. Бекіністе бірнеше жерде орнатылған пушкалар кез келген жауда қорғануға арналған еді.

Құрылыстардың көбі ойдағы төменгі форштадта орналасты. Мұнда маусымдық сауда алаңы жұмыс істеді. Сауда-саттық ісінің қажеттігін бекіністің басшылығы да, казактың рубасылары да қалады.

Сонымен қатар, халықтың рухани жағдайын қарастырған үкімет 1782 жылғы патша Жарлығымен Уфа және Тобыл губернияларының шекарасында төрт мешіт құрылысына қазынадан 20 мың сом бөлінді. Соның бірі он екі жыл өткеннен кейін Петропавл бекінісінің ойдағы бөлігінде салынды.

Белдеуді орнатқаннан кейінгі 20-30 жылда бекіністер мен редуттардың тұрмысы қатты өзгерді. 1765 жылы

бекіністе белдеудегі алғашқы мектеп ашылды, онда әскерилердің және отставкадағы солдаттардың балалары оқыды. 1786 жылы әскери поштаға қосымша азаматтық пошта да ашылды.

Бұл туралы Мәскеудің бас поштамтына хабар беріліп, ол почта тасымалдарының анық кестесін бекітті де содан бастап бекіністің тұрғындары империяның кез келген түкпіріне хаттар жіберетін болды [83, 11 б.].

Сауда жерлікті тұрғындармен қарым-қатынасты қалыптастыруға жағдай жасады. Мұны әскери басшылық қазақ жерлерінде Ресей ықпалын таратуды қамтамасыз етудің әсерлі көзі деп білді. Бұл ретте, сауданың екі жаққа пайдалы болғанын атап көрсету керек. Абылай ханның генерал-губернатордан талап етуінің арқасында бекініс іргесінде Сібірдегі ірі жәрмеңке мен кеден орналастырылды. Бұдан кейін де жәрмеңке саудасы Есіл бойының басқа да редуттары мен шаруалар қоныстарында кең тарады.

XVIII ғасырдың 60 жылдарында Петропавл бекінісі сауда, кейінірек өндіріс орталығына айнала бастады. Жаңа Есіл мен Ертіс шептерінде орналасқан басқа бекіністерге қарағанда Петропавл бекінісінің сауда-саттық жағынан басқа бекіністерден ілгері тұрды.

Ол Ресей мен Қазақ хандығының және Орта Азия арасындағы ірі сауда орталығына айналды. Петропавл бекінісі кереуен жолында орналасқандықтан сауданың дамуына өз септігін тигізді. Патша өкіметі Ресей мен Қазақ хандығы және Орта Азия арасындағы сауда-саттыққа ерекше көңіл бөлгендіктен 1764 жылы Сібір қаражатынан шепке келген қазақтарға және Орта Азия саудагерлерін тегін тамақтандыру үшін шешім қабылданды. Петропавл бекінісіне Воронеж, Қазан, Астрахань, Тула, Тары т.б., қалалардан жергілікті қазақтармен сауда-саттық жүргізу үшін саудагерлер ағылып жатты, осы саудагерлердің

барлығы отарлау саясатын жүргізе отырып, оларға қомақты қаражат әкелді. Петропавл бекінісіндегі сауда- саттықтың маңыздылығын ескере отырып және осы өңірдегі ірі сауда орталығы болғандықтан патша өкіметі 1782 жылы Пресногорьковский, Николаевский, Омбы шекара-кеден тіректерін бекітті [82, 112 б.].

XVIII ғасырдың ортасында Ресей әскери шептерді салу арқылы Орта жүз қазақтарының жерлерін азайту туралы алғашқы заң актілерін қабылдауға мүмкіндік алды.

1755 жылы шетел істер коллегиясы қазақтарға Ертістен өтуге тыйым салды. Патшалық Ресей Ертіс, Есіл бойындағы шептердегі бекіністерде 10 верстан жақын және форпостардың ауданына 30 верстен жақын жерде көшуге тыйым салды. Осылайша Қазақ жүздері өздерінің байырғы территорияларынан біртіндеп айырыла бастады. Ресей империясы қазақ жерлерін барынша жаулап алуға күш қуаттарын аямады.

1765 жылы Сібір шекара шебінің командалышы генерал-поручик И. Шпрингер Ертістің далалық бетінде ені 10 шақырым келетін алқап белгілеп, ол аймаққа қазақтарды жолатпауға бұйрық берді. Сондай-ақ қазақтардың Ресей әскери бекіністеріне 30 шақырымнан жақын баруына тыйым салынды.

Қазақтардың Ертістің оң жақ бетіне өтуінің қандай түрі болса да әскери күш қолдана отырып, қайтадан еріксіз қуып жіберуімен аяқталатын. Тек 1771 жылы ғана казак хандары мен сұлтандарының талаптарына орай, Сұлтанбет және Ұрыс сұлтандар басқаратын Ертіс бойы қазақтарының Ертіс өзенінің оң жақ бетінде көшіп-қонып жүруіне рұқсат етілді. [77, 58 б.].

Соның өзінде де тек қысқы мезгілде уақытша көшіп баруына рұқсат алды. Осыған орай қазақтар патша өкіметіне аманат беріп тұруға міндетті болды.

Қазақ жүздерінің мықты қаруланған әскері бар мемлекетке қауқары жетпеген еді. Оның үстіне қазақ жеріне жан-жақтан шапқыншылық жасап отырған жаулар тыныштық бермеді.

Сыртқы істер алқасының 1771 жылғы жарлығымен Ащы шеп арқылы қазақтардың өтуіне рұқсат етілді, ал 1788 және 1797 жылдардағы жарлықтармен қазақтарға Ресей иеліктерінің ішіне қоныстануға құқық берілді.

Қазақтардың жайлымды жерлері жаңадан белгіленген шекаралық шептің «ішкі жағында» қалып қойды. Қазақтардың қарулы қарсылығы басталып кетті. Бұл оқиғалар ХІХ ғасырда өмір сүрген зерттеушілердің бірі Н. Петропавловскийдің еңбегінде жеткілікті дәрежеде жан-жақты суреттелген: “...Қорған, Есіл және Туқала округтарында орыс шаруалары жердің заңды иелері қазақтармен күрес жүргізді. Жаңа шекара шебі жаңадан басып алынған жерлерді қазақтардан қорғау үшін патша үкіметіне қызмет етті. Бір жағынан, жоңғарлармен, екінші жағынан, башқұрттармен жанталаса күрес жүргізген қазақтардың патша үкіметінің жерді тартып алу экспансиясына ұйымдасқан түрде қатты қарсылық көрсетуге мұршасы келмеді. Орта жүздің шекара шебі аймақтарындағы жер дауының одан әрі шиеленісе түсуі Жаңа Есіл шекара шебінің құрылысы аяқталғаннан кейін қазақтардың шекарадан ішкі жаққа өтуіне бұрынғыдан да бетер қатаң тыйым салынды. Жоңғарлар талқандалғаннан кейін қазақ сұлтандары мен старшындары Ертіс өзенінің оң жақ жағалауына көшіп бару үшін белсене әрекет етіп басты. Алайда жергілікті аймақтың өкімет билігі тарапынан ашықтан-ашық қатты қарсылыққа душар болды,

Алғашқысында Петропавл әскери фортпост болып, кейін Сібірдегі бір қала ретінде саналып, кейін Ресейдің солтүстік және орталық Қазақстан жерлерінің отарлау

тірегі ретінде Қазақ жерінің солтүстігіндегі ірі сауда орталығына айналды.

Көптеген құрылыс нысандары бекіністің төменгі форштадында орналасты. Сонымен қатар, осы жерде маусымдық сауда алаңдары болған. Ал жоғарғы форштадта Ресей әкімшілігі тарапынан Қазақ хандығымен қатынас орнату үшін Абылай ханға арналған елшілік үй салған еді. Петропавлдың негізгі экономикасының бастапқы кезеңінің қалыптасуына сауда-саттық капиталы септігін тигізді. Бұл үрдіс ұзаққа созылған өлкедегі сауданың даму қатынастарына байланысты болды.

Ресей мен Қазақстан арасындағы өзара келісім арқылы Орта жүз қазақтарымен сауда-саттық қатынастың дамуы негізге алынып, тек Семей және Троицкіде ғана емес, сонымен қатар, Жаңа Есіл шебі бойындағы Абылай ханның ауылдары орналасқан жерлерде де көзделді. Осылайша Ресей әкімшілігі 1759 жылы Әулие Петр бекінісінде сатовка ұйымдастыру туралы қауылы қабылдады. Осы істі жүзеге асыру барысында айырбастау алаңы ашылды [70].

XVIII ғасырдың соңына қарай Петропавлдағы айырбастау саудасы Ертіс бойындағы бекіністер мен Троицкіге қрағанда әлдеқайда алдыңғы қатарда болды. Айырбастау алаңына көптеген көпестер келіп әртүрлі тауар түрлерін Ресейден, Орта Азиядан және Қытайдан әкеле бастады.

«Тұрғылықты жері алыс болғанымен, қазақтар саудаға бірнеше кеуендерімен келетін. Саудаға олар мыңдаған жылқы, ірі қара және қой айдап әкелетін еді. Сондай-ақ мал өнімдерін, қой терісі, аң терілерін, мата т.б., тауар түрлерін айырбасқа салып отырды» - делінген 18 ғасырдағы архив құжаттарында [71].

1804 жылдың 10 желтоқсанында I Александр патша ресейдің «Қалалар тізбесін, қарамағында полицейлік басқарумен бекіністер мен порттары бар» Жарлығын

бекітеді. Сол тізімде Әулие Петр, Омбы, Семей және Кузнецк қалалары енгізіліп, олардың тұрғындары азаматтық ведомство бақылауына берілген.

Алайда форштад Әулие Петр бекінісін қалаға ауыстыру туралы ресми құжат жоқ.

Сондықтан жоғарғыда көрсетілген фактіге сүйене отырып бекіністің қалаға осы жылы ауыстырылған деп есептеуге болады. XIX ғасырдың екінші жартысында ортаазиялық аймақта орналасқан орыстардың басты сауда орталығының бірі болды. [72].

Қалада екі ірі сауда жәрменкесі болды, олар: «Петровская» және «Андреевская». Жүз жыл бұрын қаланың сауда-саттық айналымы жылына 20 млн. рубльді құраған.

Уақыт өтіп, бекініс ұлғайып, қалаға айналды. 1834 жылы Петропавлда 18 көше, 9 қысқа көше, 8 тас үй және 970-тен аса ағаш үй, аурухана, төрт шарапхана, бір былғары және 2 май қайнату зауыты, 12 ұста, 2 жел диірмен және 4 мыңдай тұрғындар болды.

1849 жылы жоғарғы қалада екпінді құрылыс басталды. Бұған 435 үйді және тауарларымен бірге 106 дүкеншелерді құртып кеткен өрт негіз болды.

1854 жылы Тобыл губерниясы басшылығымен қаланың сәулет құрылысы анықталды. 1858 жылы Петропавл қаласы құрылысының алғашқы жобасы әзірленді, алайда 1858 жылы осы жобаға өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды. Осылайша 1861 жылы Петропавл қаласының жаңа жобасы бекітілді. Жобаға сай құрылыс жұмыстары қаланың жоғарғы жағында салынып, негізінен оң және шығыс жақтарына қатты көңіл бөлінді. Қаланың басты көшесінің құрылысы қарқынды жүріп жатты (Пушкина к.).

Жаңа жоспарды іске асыру барысында қаланың қорғану үшін салынған құрылыстарының іздері жойылып,

қала келбетіне айнала бастаған еді. Бастапқы кезде салынған ғиматтармен қатар шахарда жаңа құрылыстар да бой көтеріп, кіші-гірім ауқатты көпестердің үйлері де тұрғызыла бастады. Көпес үйлері тастан қашалған тұрғын үй және конторлар мен қоймалардан тұрды.

Ал, 1868 жылы Петропавлда шамамен 39 көше, 30 қысқа көше және 79 тастан салынған, 1394 ағаштан тұрғызылған үй мен 319 сауда дүңгіршектері болған. 1870 жылдардың аяғына таман қазақтармен сауда жасау үшін тастан Айырбас ауласы (Меновой двор) салынды. [84, 18 б.].

1876 жылы Петропавл бекінісі бүкіл Сібір, бұрынғы Жаңа Есіл белдеуімен бірге жойылды. Қала өзінің әскери маңызынан айырылды.

XVIII- XIX ғасырларда Петропавлдың халқы баяу өсті. Тек Петропавл арқылы Транссібір темір жолын ашқаннан кейін ғана, 1894 жылы, тұрғындар саны Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныс аударушылардың есебінен өсе бастады. Тұрғындардың құрамы қаланың дамуының үш кезеңіне сәйкес болды.

XVIII ғасырда мұнда тек әскери адамдар тұрды.

XIX ғасырда, жергілікті тұрғындармен сауданың дауыуымен Петропавл үлкен қалаға айналды, онда көпестер мен мешандардан, отставкадағы солдаттардан, шаруалардан шыққан ұсақ саудагерлер және отырықшы қазақтар мен татарлар басым болды.

Петропавл қаласында 1871 жылы қалалық қоғамдық банк ашылып, кейін 1880 жылы мемлекеттік банктің бөлімшесі құрылды. Алтын айырбастауға арналған сауда синдикаты жұмыс істеді. Қалада бір жүн-мата фабрикасы және 60 зауыт болған, олар: 6 - тері өңдеу, 10 - кой терісін, 3 - ішек өндіру, 21 - кірпіш, 14 - май өндіру, 4 - сабын өндіру, 4 - жүн өндіру, 3 - май шам өндіру зауыттары [73].

Нарықтық қатынастың даму салдарынан Петропавл қаласы бүкілресейлік рынокқа, сауда-ақша байланысына қосылуына жағдай жасалып, Ресейдің қаржы орталықтарының филиалдары ашылды.

Осыған орай, Петропавл аймақтың ірі ауылшаруашылық шикізат орталығы болды. Транссібір теміржолының салынуы қаланың дамуына ықпалын тигізді.

Алайда қаланың экономикасы отарлық сипатта қала берді. Ауылшаруашылығының шикізатын өңдеу барысында бірнеше өндіріс орталықтары салынып, аумағы кеңейе берді.

Мекемелердің өндіріс күшін қалыптастыруда үлкен қыншылықтар да кездесті. Негізгі жергілікті «индустрия» қой, май, тері өндірістерінен құралды. Олардың ішіндегі ірісі консервалық зауыт болды, ол 1915 жылыдан әскер қажеттілігін қамтамасыз етіп отырды. Кейбір ұн өндіру кәсіпорындары да даму үстінде болатын. Мәселен, қалада 6 диірмен пайда болды. Петропавлдың тағы бір ерекшелігі ол аграрлық сипаты еді.

XIX ғасырдың ортасында Түмен, Ишим және Омбы арқылы Сібірге телеграф тартылғанда оған Петропавлды да қосу ұйғарылды. 1873 жылғы сәуірде Ишим қаласынан Петропавлға дейін 167 шақырым телеграф байланысын тарту басталып, қазан айының соңында аяқталды. 1878 жылы Петропавлдан Көкшетауға, Атбасарға және Ақмолаға телеграф желісі тартылды.

XX ғасырдың басында қалада ірі өнеркәсіп кәсіпорындары, атап айтқанда, темір жол шеберханалары, былғары жасау және консерв зауыттары, май шайқау т.б. басқа да кәсіпорындар пайда болған кезде жалдамалы жұмысшылар қатары айтарлықтай көбейді.

1903 жылы ұзындығы бес шақырымға тарта алғашқы су құбырларының желісі салынды. Ол кейін кеңейтіліп,

1911 жылға дейін ұзындығы 13 шақырымға жетті. Қалада сегіз су құбырының бөткесі және 28 өрт сөндіретін құбыр болды. Тәулігіне 40 мың шелек су жұмсалды.

1900 жылы телефон байланысы орнатылды. Екі жыл өткеннен кейін телефон желісінің ұзындығы 32 шақырымға, абоненттер саны 192 адамға жетті.

Алғашқы электр жарығы 1908 немесе 1909 жылы (анық уақыты белгісіз) кинотеатрда пайда болды. Шамамен осы уақыттан бастап баспахана жанындағы электр станциясы жұмыс істейді. Қалалық электр станциясы 1912 жылы салынды, алайда электр жарығы қаланың орталығына ғана берілді [84, 9 б.].

Осылайша XVIII ғасырда Қазақ даласы және жалпы алғанда бүкіл Орта Азия сияқты Ресей империясының құрамына патшалық өкімет фортпостар мен бекіністер сала отырып әскердің карауымен шаруаларды және қылмыскерлерді пайдаланып, көздеген мақсаттарына жете берді. Сөйтіп, осы елдерге бағытталған саяси-экономикалық отарлауды қарудың күшімен жүргізе отыра, Қазақстан мен Орта Азия халықтарын Ресей империясының құрамына қосқан болатын.

2.3. Петропавлдың Қазақстан және Ресей арасындағы саяси және экономикалық байланыстардағы рөлі

Петропавл бекінісі мен Ресей өкіметі арасындағы саяси және экономикалық байланыстар әсіресе Абылай ханның тұсында дамығандығын байқаймыз. «Қазақтың дербес ел болуына, әрі-беріден соң, қазақтың қазақ болуына, басы қосылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына ерен еңбек сіңірген Абылайдан артық адам болмас».

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абылай аңсаған азаттық» мақаласында: «Абылай Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы

ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұлан-ғайыр жерімізді жаудан азат етіп, еліміздің етек-жеңін бүтіндеді. Оның қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын аңсап, осы қасиетті мақсатқа жету жолында найзаның ұшын ғана емес, дипломатияның күшін де жұмсаған заманының аса көрнекті ханы болғанына тарих куә», – деді.

Абылай хан қазақты алмағайып заманнан аман алып шықты. Жаугершілік заманда ұлттың елдігін сақтады. Халықтың басын біріктіріп, бір тудың астына жинады. Ол өзінің ерлігі мен ақыл-парасатының арқасында ұлтты жойылып кетуден сақтап қалды..

Абылай хан Қытай мемлекетімен бейбіт қарым-қатынасты өрбіте отырып, Ресеймен де қалыптасқан саяси-экономикалық қатынасты үзбеген. Ресей патшалығы болса Қазақстандағы өз саясатын Абылайдың қолдауынсыз іске асыра алмайтынын мойындаған болатын. Абылай ханның өз еркімен елінің бірлігін және дербестігін сақтауға әрдайым дайын екенін патша өкіметі түсінді. Ресей өкіметі Абылайды өз ықпалына көндіре алмайтынын түсініп, Қазақстанды отарлаудың басқа жолдарын қарастырды. Сөйтіп, қазақ жеріндегі бекіністерге орыс-казактарды орналастыра бастады. Патша үкіметінің бұл іс-әрекетіне Абылай наразы болғанымен Ресеймен қарым-қатынасты тоқтатпай, жағдайды шиеленістіруге бармады.

Абылай хан Ресеймен сауда-саттықты дамытуға аса мән берді. Көп ұзамай Орск, Ямышев, Троицкіде жәрменкелер ашылды.

Абылай Ресей мен саяси-экономикалық қатынастарды өз пайдасына шешуді шебер пайдаланды. Осыған орай, Орта жүз қазақтарының би-сұлтандары мен батырлары Ресей өкіметіне Петропавл бекінісінің жанында қазақтарға арнап тұрақты және қыстауға болатын үй және мал

тұратын сарайлар салып беруі туралы ұсыныстар білдірген.

1759 жылы Сібір шебінің генерал-майоры И.И. Веймарн Абылай ханмен кездесіп және келісім сөз жүргізіп, ханға арнап үй тұрғызу қарастырылады. Абылай ханның бұл өтінішін әскери коллегия қабыл алап, И.И. Веймарнға Абылай ханға инженер офицерді жіберсін, үй салу жерін белгілесін деп хат жолдайды. Мұндағы Ресей үкіметінің көздеген мақсаты Абылайға қысқы үй салып беріп, сол жерді қалашыққа айналдырып, орыс қоныстаушыларын көптеп әкелу еді [85].

1761 жылдың 25 тамызында Елизавета Петровнамен хат жазысып, келісім сәтті түрде өткеннен кейін Абылайға қысқы үй салу жоспары бекітілді. 1765 жылы Петропавл бекінісіне Абылай хан өзінің ұлы Бөрі сұлтан арқылы Сібір шебінің генерал-майоры П. Девицке хат жіберді. Бұл хатта Абылай өзіне қысқы тұрғын үй салу үшін 20 құрылысшыны жіберуді сұрайды.

1765 жылы жаз айында Петропавл бекінісіне қарама-қарсы Енқыстау деген жерде Абылайға арнап тұрғын үй салынды.

Жаңа Сібір шебінің салынуымен осы өңірде сауда жүргізудің қажеттілігі туындаған еді. Жақын маңда орналасқан әскери горнизондар мен форпостар, редуттармен қатар, Есіл маңында қоныстаушы орыс шаруалары болды.

Сонымен қатар, жергілікті Орта жүз қазақтары жағынан сауда-саттыққа қызығушылық таныта бастады. И. Крафттың сыртқы істер жөніндегі коллегиясына жазған хатында Орта жүз қазақтарының оған келіп көптеген жылқы әкеліп сауда жасауын сұраған делінген. И.Крафтын бұл өтінішіне коллегия Петропавл бекінісінде сауданың ұйымдастыру өтінішін қабыл алды.

Жаңа шептегі қазақтар мен орыстардың саудасының дамуы мақсатында коллегия орыс саудагерлерін 5 жылға салықтан босату туралы ұсыныс қабылдайды.

Құлсары батырдың өтінішіне Петропавл бекінісінен қазақтар ұн, басқа да керек жаракты сатып алу үшін А.И. Тевкелев пен П.И. Рычков 1758 жылдың қазан айында Құлсары батырға Жаңа шеп командиріне орыс саудагерлерін Петропавл бекінісіне келуін ұйымдастыру туралы жарлық шыққанын хабарлайды. Бірақ 1758 жылы қазақтарға жоспарланған астық саудасы жүзеге аспай қалады. Осыған орай, Абылай хан 1759 жылдың күз айында Орынбор гурбернаторы А.Р. Давыдовқа Петропавл бекінісіне астық жіберуін сұрайды.

Петропавл бекінісіндегі жәрмеңке 1759 жылдың 2 желтоқсанда ашылған болатын.

Сібір корпусының командирі Киндерман Құлсары батырға жазылған хатында: «Қазақтар әулие Петр бекінісінде сатовка (сауда) ұйымдастыруға және орыс саудагерлеріне сол бекініске келіп сауда жасау үшін рұқсат берілгенін» хабарлайды. Киндерман Құлсары батырға бұл хабарды Орта жүз қазақтарына жеткізуін сұрады.

Осыған орай, Петропавл бекінісіндегі сауда-саттық аса қарқынды дамыды деп болжауға болады. Оған себеп болған бекіністің жағрапиялық орналасуымен қатар керуен жолы Ресей арқылы Батыс Сібірге, Орталық Қазақстаға және Орта Азига шығуы еді.

1759 жылы Солтүстік Қазақстан аймағындағы Орта жүз және Абылай мен Құлсары батырға бағынышты қазақтар мал саудасын жүргізді. 1764-1767 жылдар аралығын жылқы саудасы екі есе өсті, қой саудасы үш есе, ірі қара саудасы бір жарым есе өскенін мына кестеден байқауға болады.

1764-1777 жылдар аралығындағы Петропавл бекінісінің Ресей мен мал сату айналым кестесі

1 Кесте

Жылдар	Жылқы және құлындар, саны	%	Қой және ешкі, саны	%	Бұқа, сиыр және бұзаулар, саны	%	Барлығы
1764	651	35,3	498	27,1	694	37,6	1843
1765	865	42,0	459 (қойлар)	22,8	691	34,3	2015
1766	1514	43,5	839	24,1	1125	32,4	3478
1767	1346	35,7	1394	37,0	1028	27,3	3768
1768	553	34,6	472 (қойлар)	29,5	574	35,9	1599
1774	409	7,6	3648	68,1	1305	24,3	5362
1777	3052	26,6	4714	41,1	3697	32,3	11463
Барлығы	8390	28,4	12024	40,7	9114	30,9	29528

[38, 320 б.].

Бұл кестедегі мәліметтерге сүйене отырып Петропавл бекінісінің ірі сауда орталығы болғанын аңғару қиын емес. Басқа бекіністерге қарағанда Қызылжар жәрмеңкесінің Орынбор сауда-орталығынан екі-үш есе артық болған. Петропавл бекінісінің сауда-саттық айналымы сол кездегі Кяхтадан кейінгі екінші орында тұрған.

Орта жүз қазақтарының кейбір аймақтарында 1767 жылы мал саны азайып жұтқа тап болып құлап қалды. Сондықтан осы жылы Петропавл бекінісіне әкелінген тауарлар айналымы сәл төмендеп қалған болатын. Орта жүз қазақтарында әсіресе жылқы саны көп болғандықтан, Петропавл бекінісіндегі жылқы және қой саудасы, Орынбор кеден тіректеріндегі жазылған тізбектерінде Кіші жүз қазақтары саудасынынан кем түспеді.

Жеті жыл ішінде (1764-1768, 1774-1777) жылдары Петропавл бекінісінде жылқы айырбастау саудасы 26,6 пайыздан 43,5 пайыз құраған болатын, 1774 жылы егер қой

саудасы 22,8 пайыздан 68,1 пайызға өссе, жылқы саудасы 7,6 пайызға ғана ұлғайған.

Орта жүз қазақтарының солтүстік өңірлерінде соның ішінде Петропавл бекінісінің аймағындағы шөп шабындықтарының дамуына байланысты ірі қара малдың да сауда-саттық айырбастауы қарқыны байқала бастады. Ірі қара саудасы (24,3 пайыздан 37,6 пайызға өсті). Осыған орай 1774 жылы Петропавл бекінісіндегі сауда-саттықтың басында қой, екінші ірі қара, ал үшінші орында жылқы саудасы болды.

Петропавлға Тобыл мен Есіл маңындағы қазақ ауылдарынан көптеген мал әкелінді. Тауар айналымы тек қана мал саудасынан тұрмай, сонымен қатар, қазақтар жәрменкеге көптеген аң терілерін әкелген, соның ішінде түлкі терісіне деген сұраныс көп болған. Бірінші кезекте түлкі терісі тұрса, екінші қой терісі, үшінші кезекте жылқы терісі болды. Алайда терілерге деген сұраныс жыл сайын өзгеріп отырған, мысалға алғанда 1764 және 1774 жылдары аралықтарында мал терісіне сұраныс көп болдығандықтан, аң терісі екінші кезекке түсіп қалды [38, 321б.].

1764-1777 жылдары Петропавл бекінісіне әкелінген мал және аң терілері шамамен екі есе өтті. Қазақтардың елтірі терісіне (мерлушка) Ресейден келген саудагерлер арасында үлкен қызығушылық тудырып бұл тауарға деген сұраныс арта түсті. Атап айтқанда, 1774 жылы 1764 жылмен салыстырғанда қой және елтірі терісі 13 есе өсті, ірі қара, қой жүндерінен жасалған киіз, текемет сияқты тауарлардың саны елтірі терісіне карағанда аз мөлшерді құрады, әсіресе, түйе жүніне сұраныс аз болды. Оған себеп Орта жүз қазақтарында түйе басы басқа мал санынан кем болатын.

Сауда жасауға Петропавл бекінісіне жаз айларында Орта жүзден шамамен 500-600 қазақ өз тауарларын әкеліп отырған. Ал орыс тауарлары бекініске Тобыл, Тары, Қазан,

Тула, Курск, Архангельск секілді қалалардан келген саудагерлер арқылы ағылып жатты.

Осыған қарағанда Петропавл бекінісі мен Ресей арасындағы сауда-саттық айналымы сол ғасырдағы саяси-экономикалық байланыстарын да өрбітті.

1765 жылы Петропавл бекінісінде Тобылдан келген Дмитрий Захаров, Дмитрий Посников және Данила Шариев сияқты орыс көпестерінен құралған саудагер болды [38, 322 б.].

Сонымен қатар, Орта Азияның ірі сауда орталығының бірі болған Бұхара қаласының Бака Бакшев, Сафаров, Шахназаров, Аслурей есімді көпестері Петропавл бекінісінде өз саудаларын жүргізді.

Орыс көпестері Петропавл бекінісіне әкелген тауарлардың түрі Орынбор және Троицкіге келіп түскен тауарлардан айырмашылығы жоқ болатын. Орыс саудагерлері бекініске кенеп, шұғадан жасалған маталар, темірден және болаттан құйылған және т.б., бұйымдар тасымалдады. Қазақтар жағынан әр түрлі түсті қызыл, жасыл шұға маталары сұранысқа ие болып жылқы басына айырбасталды.

Орыс көпестері Тобыл, Троицк жәрменкесінде Қытай мен Орта Азия саудагерлерінен Бұхар матасы, Қытай маталарын сатып алып, осы тауарларды Петропавл бекінісіне әкеліп отырған. Мысалы, тауарлардың ішінде Ташкенттің мақтадан жасалған маталары және Қытай жібек маталары еді. Петропавл бекінісіндегі жәрменкеде, орыс шұға маталары 1763-1765 жылдары шамамен орташа алғанда, орыс ақшасымен санағанда қызыл шұғаның бағасы 46-дан 70 тиын, ал көк шұға - 90 тиынды құрайтын. Орыс көпестері бұл маталарды қазақ жылқыларына ғана айырбастап отырды [38, 323 б.].

Қазақтардың мал санының көптігі соншама олар кез келген тауарға жылқы, ірі кара, қой және түйе берген. Екі

халық арасындағы сауда айналымы қос елге тиімді болғанымен орыс көпестері өз пайдаларына шешуге тырысты. 1765 жылдың кеден тізімдемесіне көз жүгіртетін болсақ Тобыл саудагері Петропавл бекінісінде 2 аршин көк шұға матасын бір жылқыға айырбастағаны туралы мәлімет бар, ақша бағасымен қарағанда 1 рубль 80 тиын. Ал Бұхар саудагері Аслурей болса 5 аршин қызыл шұға матасын қазақтарға 3 рубль 75 тиынға сатқан.

Петропавл жәрменкесінде ірі қаранының саудасы қызу жүрген осыған орай, осы жылы тағы да бір Тобыл көпесі Д. Шаришев есімді саудагер қазақтардан 5 аршин қызыл шұға матасын жалпы соммасы 3 рубль 75 тиынды құрайтын, ол бір түлкі терісіне, бір жылқыға және бұға айырбастағаны жазылған. Түмен көпесі Иван Быков төрт бас ірі қара малды 10 аршин қызыл шұға матасына сатып алды, әр малдың бағасы 1 рубль 87 тиын, жалпы соммасы 7 рубль 50 тиын болды. Орта есеппен санағанда жылқы мен ірі қара бағасы шамамен 4 рубль 05 тиын боғанын көре аламы [38, 324 б.].

Бұдан байқайтынымыз орыс көпестеріне қазақтармен сауда жасаудың тиімді болғанын өз пайдасына шешіп көп қаражат әкелген. Орыс көпестері өз тауарларының өткізу және сату барысында басқа да жолдарын қарастырып отырған. Көпестер Петропавл бекінісіне келіп түскен тауарларды Орта жүздің солтүстігіндегі аймақтарда орналасқан қазақ ауылындарына сатуды ұйғарды. Абылай ханның генерал-поручик И.А. Деколонгқа 1775 жылдың қыркүйектің 28-ші күні жіберілген хатында «Қазан татарларының көпесі Ескендір қазақ ауылдарына барып сауда-саттық жасау ойы бар екенін хабарлап, оны жіберуін сұрады». Құлсары батырдың 1775 жылдың 10 шілде күні Деколонгке татар көпесі Адалов қазақ ауылдарында сауда жасауға берілген бұйрықтарды бұлжытпай орындағаны және Адаловты тағы бір мәрте жіберуін хабардар етті.

Орыс көпестерінің қазақ ауылдарына барып сауда жүгізіп, қомақты қаражатқа бөленгені соншалық, олар генерал-поручик Деколонгке қол хат жазып беріп рұқсат алды. Мысалы алғанда Омбы көпесі Алексей Пеньковский 1775-1776 жылдары өз қызметкерлерімен бірге қазақ ауылдарында сауда-саттық жасауға кеден тізбесіне тауар түрлерін енгізіп, қол хат жазған [38, 325 б.].

Алайда патшалық Ресей үкіметінің Қазақ хандарымен Петропавл бекінісіндегі сауда-саттықты пайдалана отырып, қазақ жерлеріне бағытталған астарлы саясаты болды. Орыс көпестері қазақ ауылдарына барып сауда-саттықты сылтау етіп, патша үкіметінен алған тыңшылық қызметтерін атқарған. Орта жүз қазақтарының көші-қон жерлерін белгілеп, соның ішінде Петропавл бекінісінің аймағын, қазақтар арасында болып жатқан жағдайларды патша үкіметіне баяндап отырған. Бұл тыңшылық жұмысты жүргізгендердің бірі-жоғарыда көрсетілген Пеньковский еді. Оның міндеті қазақтардың қолына түскен тұтқындарды Ресейге қайтару.

Патша үкіметі Петропавл бекінісіндегі саудаға үлкен мән берді. Осыған орай орыс туарлары көпестер арқылы қазақ даласына кіре берді.

1771 ж жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салды. Үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының ұлы ханы болды. Ол Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде мұсылман елдерінің басын қосуға

ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурғанмен келіссөзжүргізді. Орыс бодандығынан бойын тартып, патша әкімшілігінің шақыруымен хандық белгілерді

кабылдау үшін 1779 ж қазан айында Петропавл бекінісіне барудан бас тартты. Шоқан Уәлиханов: «1771 жылы хан сайландырып, ант бергісі келмеді. Сөйтіп ол өзін халық қалап, баяғыда-ақ бұл дәрежеге лайықты қойғанын желеу етті», - деп жазды.

Абылайға жіберілген орыс офицері және аудармашыларына Абылай хан қатыгездік танытты. Бұл іс-әрекетіне Ресей тарапы наразы болғандықтан, Петропавл бекінісіндегі сауда айналымынан жылына Абылайға төленетін 300 рубль ақша беруін тоқтатты.

Сөйтіп, Абылай хан қол астындағы қазақтардың бостандығын сақтап қалуға тырысты. Патша тыңшылары Абылайдың орыс мемлекетіне қастандық жасауы мүмкін екені туралы ұдайы баяндап отырған. Патшалық Ресейдің бұл іс-әрекеті Абылай ханға жүрмейтін түсінгендіктен Абылайдың қойған талаптарын орындауға мәжбүр болды.

Қазақстанның солтүстік аймақтарында ауа райы жазы ыстық, қысы суық болғандықтан 1788-1789 жылдардың қыс айларыда Орта жүз қазақтары жұтқа тап болып шамамен 120 мың мал басы қырылып қалды. Осыған орай, 1790 жылдың күз айында қолда қалған мал басымен қазақ басшылары Сібір шебінің ішкі жақ тұсына шығып кетуге мүжбүр болды. 1789 жылы Сібір корпусының басшысы болып тағайындалған генерал-поручик Штрандман қазақ басшыларына қатаң шара қолданған. Оның осы іс-әрекетіне Уәли хан наразылық танытып патша үкіметінің корпусына хат жолдады. Патшаның жауабын тоспай Уәли хан Сібір шебінің бойында орналасқан фортпостарға шабуыл ұйымдастырды.

Осылайша Орта жүз қазақтары мен Ресей өкіметі арасындағы қақтығыстар, орыс генералдарының қазақтарға жасалған әрекеттерінен туындап тұрған. Осы себептерден жәрменкеге қазақтар жағынан мал тасымалы азая бастады. Бұл Ресей өкіметін алаңдатты, өйткені негізгі

қаражат патша қазынасына қазақ арасындағы мал саудасынан түскен. Қазақстан Ресей арасындағы қалыптасуы тоқтату үшін 1794 жылы Сібір шебінің Есіл аралық басшысы генерал-майор Боувер Орта жүз қазақтарына сауданы жалғастырып дамыту үшін өз ұсыныстарын білдірді. Сонымен қатар, жаулық әрекеттерді бәсеңдетуге көп үлесін қосты [38, 241б.].

Боувер Орта жүз қазақтарының жерлері арқылы өтетін сауда керуендеріне шапқыншылық жасауға жол бермеу үшін екі сот орынын ашуға Уәли ханға ұсыныс жасайды. Басты сот орыны Петропавл бекінісінде, ал екіншісі Уәли хан ордасында орналассын деген пікірін білдірді. Сонымен бірге аманат ретінде екі жақтың белгілі басшыларын Петропавл бекінісінде тұруға және сауданың дамуына байланысты жәрменкеге ірі көлемде мал басын жеткізушілерге, қазақ би сұлтандарына арнап бекіністің маңында қысқы үй, малдарға қоршаулар салып беру, екі жаққа да тиімді екендігі туралы ұсыныс жасады.

Сонымен бірге, Боувер қазақтарға орыс шаруаларын жіберіп, шөп шабу әдістерін меңгеруге үйрететін айтты. Оның Орта жүз қазақтарына жасаған бұл ұсыныстарын П.И. Рычков пен Д.В. Волков жергілікті қазақтар мал шаруашылығымен жер өңдеу жұмыстарын игеру барысында ілгері дами отырып, Қазақтан мен Ресей арасындағы мал сауда-саттығын жоғары деңгейге жеткізеді деп ұғынды [38, 325 б.].

Керуен сауда жолдарын ірі саудагер көпестерге беру туралы мәселе көтеріле бастады. Бұған себепші болған грек көпесі Курбанов болатын, ол Орта жүз қазақтарымен сауда жасап жүріп, би-сұлтандардың сеніміне кірген. Курбанов Ресей үкіметінің қазынасына төлем жасай отырып, Петропавл бекінісінен шет мемлекеттерге керуен жіберуге кедергі болмауын және Ертіс шебіндегі

бекіністерде еркін сауда жасау үшін, патша өкіметінен рұқсат алған.

Ресей өкіметімен жақсы қатынаста болған көпес Курбанов осы сәтті пайдалана отырып, патшадан Петропавл бекінісінің маңынан оған жайылым беруді сұрады. Ол жерге жылқы мен ірі қара мал өсіруді көздеді. Сонымен қатар Орта жүз қазақтарының би-сұлтандары жағына үлкен абыройға ие болу еді.

Грек көпесі Курбанов Ресей өкіметі мен Ұлы жүз қазақтары арасындағы тоқтап қалған сауда-саттықты қалпына келтіріп, пайда табуды көздеген.

Патша үкіметі бұл ұсыныстарды қарап Петропавл, Ертіс шебі бекінісіндегі және Орта Азияға баратын сауда керуендерін жіберуге рұқсат етті. Бұл іс-шаралар екі ел арасындағы сауда-саттық қарым-қатынастарды дамыта түсуіне сенімді болатын. Патшалық Ресей барлық сауда жолдарын бақылауда ұстай алмау себебін байқаған, көпес Курбанов осы сәтті пайдаланып қазақ даласына көптеген тауар түрлерін әкеліп, қомақты қаражат түсірген. [38, 327 б.].

Осылайша 18 ғасырдың екінші жартысында Петропавл бекінісі қазақ-орыс саяси және әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарының дамуының бел ортасынан орын алды.

1764-1774 жылдар аралығындағы Петропавл бекінісінің Ресей мен мал терісі және ан терісі сату айналым кестесі

2 Кесте

жылдар	Мал терілері		Кііз, текемет саны		Кийм саны		армячнна	Түйе жүні		Ан терісі			
	барлығы	жылқы	кой	Саны	%	Ірі қара		барлығы	барлығы	Оның ішінде түлкі	23ф	655 1029 606 2342 2182 1021	
		Саны					%						Саны
11764	1482	1155	238	16,1	89	6	53	46	131	5п	23ф	655	351
11765	722	429	237	32,8	56	7,8	17	31	30	-	-	1029	680
11766	487	489	216	42,9	82	16,3	51	24	20	-	-	606	402
11767	729	295	433	59,4	1	0,1	40	137	270	4	2,5	2342	1608
11768	452	262	332	73,5	120	26,5	49	60	64	-	-	2182	1379
11774	3490	262	3059	87,7	169	4,8	45	22	-	12	-	1021	581
Барлығы	7362	2330	4515	61,4	517	7,0	255	320	515	21п	25,5ф	7835	5001

Кестеге сүйене отырып Петропавл бекінісіндегі сауда-саттық және тауар айналымының аса ірі көлемде болғанын көре аламыз.

3 XIX ҒАСЫРДАҒЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЖАҒДАЙЫ

3.1 Қаланың дамуы, этникалық құрамы және элеуметтік құрылымы

Ресей империясы Қазақ даласына әскери шапқыншылығы арқылы XIX ғасырдан бастап, отарлауға толықтай кірісіп кетті. Кейбір авторлар Ресейдің осы бағытта ілгерілеп, ақыр аяғында Қазақстанды жаулап алуы бұл мемлекеттің сан ғасырлар бойы жүргізіп келген экспансиялық саясатының жалғасы деп есептейді.

Орыстар біріндеп қазақ даласының ішкерлей тереңдеп ене берді. Осыған орай Петропавл бекінісіне көптеген қоныстанушылар еуропалық Ресей жағынан келе бастады. Олардың басты бөлігі славян өкілдері болды.

Қазақстанның солтүстік шекарасының ұзына бойында орыс-казактарға ені төрттен жеті мильге дейін ұланғайыр жер берілді. Патшалық Ресейдегі қатыгез саяси тәртіп орыс шаруаларының қазақ жерлеріне миграциясының туындауындағы ең басты тұрақты факторларының бірі болды. Орыс шаруалары қожайынынан құлдық жағдайымен шамалас тәуелділікте болды. Сондықтан көптеген орыс шаруалары еркіндіктің жоқтығы мен саяси езгінің ауыртпалығына төзе алмай, Шығыстағы өңірлерге қашып кетудің жолдарын іздестірді.

Ресей империясының батыс бөлігінен қазақ жерлеріне қоныс аударушылықтың тағы бір басты себебі, село тұрғындардың тығыз орналасуына байланысты болды. Өз ата-мекендерінен итермелеп шығарған күштермен қатар мигранттарға жаңа жерлердің тартымдылығы да әсер етті. Алыс жатқан Сібір мен Қазақстан шаруаларға Еуропалық Ресейдегі тәртіптен құтылудың бірден-бір жолы ретінде көрінді. Сондықтан Шығыстағы жатқан жерлерде

толықтай еркін боламыз деген үміт қоныс аударушыларды алыс жолға жетеледі.

XIX ғасырдың бас кезінен патша өкіметі Қазақстанға қоныс аудару қозғалысын белсенді түрде қолдауға көшті. Осы миграцияны бақылауға алу мақсатында өкімет шаруалар қоныстанатын жерлерді белгілей бастады. Сол себептен Қазақстан жеріне экспедиция жіберілді. Осыған орай Солтүстік Қазақстан жерінде 36 млн., десятинаға жуық жер зерттеліп, оның 17 млн., десятина жер келімсектерге қиылып алған болатын [87, 17 б.].

Орыс мемлекетінің Қазақ даласын жаулап алуының өзіндік себептері болды. 1822 жылдың 22 шілдесінде Ресей императоры Александрдің «Сібір қырғыздары» атты жарлығы шықты. Бұл жарлық Орта жүз қазақтарының даласын Ресей өкіметінің бодандығына өткізіп, осыған орай қазақ даласында жаңа басқару жүйесін енгізуді жария етті. Бұрын Ресейге ешқандай алым-салық төлеп көрмеген қазақтарға ендігі жерде жасақ, түтін салығы, жол салығы сияқты алым-салық түрлері көбейді, қазақ өз жерін өзі жалға алып, пайдаланатын күй кеше бастады.

“Сібір қырғыздары туралы жарғының” ең басты міндеті Қазақстандағы тәуелсіздіктің соңғы қалдықтарын жойып, қазақ даласын түгелдей Ресей империясының отарына айналдыру болды. Осы астарлы саясаттың мақсаты қазақ жерлерінде хандық билік жойылып, Қазақстанда сыртқы округтер ұйымдастыруды көздеді. Құрылған округтер басына “округтік приказдар” сайлап қойылды. Округ құрамына 15-тен 20-ға дейін болыс кірді. Әрбір округтің қатаң межеленген жері болды. Болыстар 10-12 ауылдан тұрды, оларды жергілікті би-сұлтандар басқарып отырды. Әр ауылда 50-ден 70-ке дейін шаңырақ болды. Осыған орай, Қазақстанның солтүстік аймағындағы Орта жүз қазақтарының хандық билігі осы жарғы бойынша тоқтатылған еді [87, 21 б.].

Патша өкіметі қалай да қазақтарды отырықшыға айналдыру іс-әрекеттерін жүргізіп отырған. Сондықтан отырықшылыққа көшкен адамдарға 15 десятинаға дейін жер беруге патша өкіметі тарапынан рұқсат етілді. Ресей үкіметі осы арқылы қазақтар жағынан барымтаны, ру-аралық қырқысуды жоюға тырысты.

Қабылданған реформалар Қазақстанда сауда-экономикалық үрдістің дамуы үшін оң алғышарттар туғызды. Алайда жүргізілген реформалар жергілікті қазақ халқына өзінің теріс әсерін тигізіп, қазақтар өз құқықтарынан айырылды. Патша өкіметінің бұған белгілі дәрежеде мүдделі болуын экономикалық факторлармен қоса, оның көшпелілер арасында өзінің саяси ықпалын нығайту ниеті еді.

Жаңа қабылданған ережелерге сәйкес қазақтардың сот ісін жүргізудің бұрынғы жүйесі қатаң өзгеріске ұшырады. Сот жүйесі тек империя тарапынан қаралды, мысалы, сатқындық, қарақшылық, кісі өлтіру, барымта, сондай-ақ жергілікті қазақтар жағынан патша өкіметіне қарсы бас көтеру жөніндегі бүкіл істі империяның әскери соты қарайтын болды. Сонымен қатар, жергілікті қазақтар жағынан шеп бойындағы бекініс, немесе қала тұрғындарына шабуыл жасап, үйлерін тонағаны және оларға 20 сом күмістен асатын мөлшерде материалдық шығын келтіргені үшін қатаң жазаға тартылатын болған.

Жергілікті ауқатты қазақтардың билеуші сұлтандары және орыс-казак әскери адамдарымен белгілі өңір гурбаторларынан құралған шекара Комиссиясының азаматтық қылмыстық істері бойынша сот мүшелері болды. Кейін қазақ сұлтандары, билері осы соттың барлық маңызды сот-құқықтық мәселелерінен алынып тасталды. Осыдан бастап билер екінші дәрежелі істермен ғана айналысып, олардың қазақ қоғамындағы беделі төмендеп кетті.

Аталмыш реформа аясында Петропавл қаласында жергілікті қазақ халқымен қатар орыс, татар, поляк т.б қоныстаушыларға ағартушылық бағытында жағдайлар кеңейтілді. сауаттылықты кеңірек тарату көзделді.

Ресейдің 1822-1824 жылғы Жарғылары бүкілқазақ халқының дәстүрлі билік құрылымын жойып, әлеуметтік-саяси және шаруашылық өмірінің барлық жақтарына әсерін тигізген еді [88,30 б.].

Хан билігі жойылғаннан кейін Қазақстанның Ресейге бағынышты аймақтарында Ресейдің саяси-әкімшілік жүйесін енгізуге нақты мүмкіндік туды. Жаңа аумақтық құрылыс енгізіліп, бүкіл Ресей империясындағыға ұқсас басқару органдары құрылды. Реформа патшаның отаршылдық саясатына қарсы оппозицияның топтасуын күшейте түсті.

Жаңа билікке қарсы болған қазақ жүздері, орыс басқыншыларына қарсы көтерілістер ұйымдастыра бастады.

Әсіресе Абылай ханның немересі Кенесары бастаған көтеріліс (1837-1847 жж.) Орта жүз қазақтарының барлық даласын алып жатты.

1824 жылы генерал Капцевичтің бастауымен Карқаралы және Көкшетау округтерінің ашылуына байланысты жергілікті би-сұлтандар жағынан наразылық тудырды. Батыс Сібір басшыларына қазақ даласына басқа да округтер ашуына қиындата түсті. Осыған орай 1825 жылы Сібір қазақтары жарлығына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдап, округтер құру уақытша тоқтатылды. [86, 9 б.].

Қазақ даласының солтүстігімен шекаралас Сібір жеріне орыстар 1861 жылдан кейін жаппай қоныстана бастады, келген қоныстанушыларға қазақтар қарсылық көрсетті. Бұған себеп орыстар байырғы қазақ ру-тайпаларының жерлерін тартып алып қоныстанды.

XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанды әскери отарлаудың шешуші кезеңі болды. Ресейдің жүз жылдан астам уақытқа созылған отарлау саясатының салдары осы өлкенің барлық дерлік аумағы империя құрамына қосылуына әкеп соқты.

Аймақта Ресей позициясын нығайтудың басты жолдарының бірі – басқару жүйесіне өзгерістер енгізу болды. Метрополияның қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсібі шикізат көздеріне, жұмысшы күшіне деген мұқтаждық күн сайын өсе түсті. Табиғи ресурстарға, малшаруашылығы шикізатына бай қазақ жері орыс кәсіпкерлерінің назарына көптен бері-ақ іліккен болатын. Алайда әр түрлі табиғи-географиялық жағдайлары бар көлемді аймақты игеру басқарушы топтардан әкімшілік-территориялық, сот және басқа өзгерістерді енгізуді талап етті.

1822-1824 жылдардағы реформалар отарлау үшін кеңістік ашып берді, бірақ мұндағы ғасырлар бойы сақталып келе жатқан басқару формаларын толығымен жоя алмады. Бұл міндеттерді XIX ғасырдың ортасында, қазақ жерлері түгелдей Ресей құрамына енгеннен кейін ғана шешу мүмкіндігі туды. Осы реформаны әзірлеу кезінде қалың қазақ халқының құқықтары ескерілмей келді.

Қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі, ағартушы ғалым Ш. Уәлиханов қазақтардың материалдық жағдайын жақсартуға олардың құқықтарын қорғау реформаларын жүргізуді жақтап, Қазақстанда жергілікті қазақ халқы өзін-өзі басқару негізіндегі әкімшілік басқару жүйесін құруды енгізу қажет деген ұсыныс айтқан болатын. Алайда бұл ұсыныстар патша тарапынан қолдау таппай, қабылданбады. Бұл түсінікті жайт еді, патшалық Ресей барлық жаулап алған, отарына айналдырған елдерін өздері ғана басқаруды ұйғарған еді [88, 30 б.].

Патша өкіметі реформа жобасын жасауға қазақ өлкесінің ерекшеліктерін, мәдениетін, дәстүрін жақсы білетін орыс шығыстанушы ғалымдарын да қатыстырмады. XIX ғасырдың 60 жылдарындағы реформалардың басты мақсаты мыналар болатын:

1. Қазақстан жерін Ресей үкіметінің мемлекеттік меншігі деп жариялау және қазақ даласын одан әрі отарлау үшін алғышарттар жасау;

2. әкімшілік басқаруды жеңілдету және қазақ халқына салық салу жүйесін жетілдіру мақсатымен нақты әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау және оны дамыту;

3. жалпыимпериялық азаматтық және қылмыстық заңдарды қазақ даласына қолдану;

4. сот органдарының байырғы халықтың қарсылығын неғұрлым икемді реттейтін және өзінің өткір жүзін олардың күресіне қарсы бағыттайтын жаңа құрылымын жасау.

Жаңа отаршылдық әкімшілік реформалары бойынша Қазақстанның бүкіл аумағы үш генерал-губернаторлыққа, губерниялар мен облыстарға бөлу көзделді. Өз кезегінде облыстар уездерге бөлінді. Ақмола облысына – Ақмола, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездері кірді.

Ал 1867-1868 жылғы “Уақытша ережелер” даладағы сот жүйесіне де өзіндік өзгерістер енгізді. Қазақстанда Ресей империясының құқық және сот жүйелері болды. Сот жүйесінің жаңа органдары, әскери соттар, уездік соттар құрылды. Олар Ресей заңдары негізінде аса маңызды қылмыстық істерді қарастырып отырды. XIX ғасырдың 60-жылдарының орта шенінде патша үкіметі жалпыимпериялық соттарды енгізумен, олардың құзіретін кеңейтумен қатар, сот органы ретінде билер сотын сақтап қалуға ұмтылды. Сонымен бірге, патша үкіметі билер сотын сақтай отырып, оның қызмет шеңберін шектеуге және тарылтуға тырысып, бар күштерін салды.

1867-1868 жылдардағы “Уақытша ережелерде” қазақтар орналасқан барлық жер және “сол жердегі бар нәрсенің” бәрі патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жарияланды.

Мемлекеттік меншік деп жарияланған жерлер көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақ халқының мерзімсіз қоғамдық пайдалануына берілді, сөйтіп қазақ жерлері орыс мемлекетінің қол астына өтті. Жаңа ережеге сәйкес барлық ормандар соның ішінде Қазақстанның солтүстік аймағындағы ормандар мен жайылымдар Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жарияланды.

Осы заң ережелерінің салдарынан қазақтар ормандарды, жайылымдарды пайдалану құқығынан мүлде айрылған болып шықты. Патшаның бұл іс-әрекеттеріне жергілікті қазақ халқы жағынан қатты наразылық туды.

Осы заңдарда пайдалы қазбалар кеніштерін пайдалануға байланысты мәселелер реттелді. 1867-1868 жылдардағы ережелерде жасаған қылмысы үшін қазақтарға әскери қылмыстық заңдар негізінде жауап беретін қылмыстардың тізбесі белгіленді. Бұл тізбеге мынадай қылмыстар енгізілді: сол кездегі мемлекеттік құрылысқа опасыздық жасау, өз тайпаластарын өкіметке қарсы қою, өкімет орындарына қарсы шығу, поштаға, қазыналық және әскери көліктерге шабуыл жасау, телеграф желілерін зақымдау, христиандарды және христиан дінін қабылдауға ниет білдірген адамдарды, лауазымдаы адамдарды өлтіру. Қазақстанның салық жүйесіне де айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Біріншіден, түгін салығы 1 сом 50 тиыннан 3 сомға көтерілді. 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша халық ағарту, халыққа дәрігерлік көмек көрсету салаларына қатысты біраз шаралар қарастырылды [89, 8 б.].

Уездік қалаларда бастауыш мектептер мен дәрігерлік пункттер ашылып, уездік дәрігерлер тағайындалды.

Әкімшілік орталықтарда пошта бөлімдерінің ашылуы да маңызды рөл атқарды. XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда жана реформа жүзеге асырылып, ондағы әкімшілік құрылымға, салық жүйесіне және сот құрылымына біршама өзгерістер енгізілді. 1891 жылы “Далалық облыстарды басқару туралы ереже” қабылданды.

XIX ғасырда Қазақстанда орналасқан шағын бекіністер мен Петропавл өз бастауын әуелі орыстардың казак әскери бекінісінен алып, кейін қалаға айнала отырып, қала мәртебесін алды.

XIX ғасырдың басында Петропавл қаласының экономикалық сауда-саттық, саяси дамуының қарқыны өсе түсті. Бұған себеп болған қоныстаушылардың көптеп келуі, осаған орай Петропавлда өнеркәсіпті дамыту және жұмыс орындарын ашу мақсатында бірнеше зауыттар салына бастады. 1807 жылы паташа тарапынан қабылданған бірнеше реформаларға сай, Петропавл Тобыл гурберниясы құрамында қала болды. [90, 67 б.].

Ал төменгі фордштадт 1808 жылы Сібір линелік казактар әскерінің құрылуы бекітілгеннен соң, соның құрамына кірді.

1824 жылы Омбы облысының құрамына еніп, Петропавл округы болып атана бастады. Омбы облысының басқару орталығы Петропавл қаласында орналастырылды. 1825 жылы Петропавл қаласында қалалық басқару жүйесі ұйымдастырылып, қалалық өмір басталып кетті. Осы жылы Петропавл қаласының тұрғыны шамамен 3 мың 495 адамды тұрды, көпшілігі орыс, украин ұлттары, олар әскери орыс-казактардың отбасы құрады. Сонымен қатар, поляк, татар, башқұрт да болды.

Петропавлда 700 жүзге жуық үй, сауда-саттық жүргізген көпестерге арналған қонақ үйлер және осы көпестердің 44 сауда дүңгершектері жұмыс істеді.

Алайда Петропавл қала мәртебесіне ие болғанымен 1853 жылы басқа қалалармен салыстырғанда қала халқы санынан едәуір кем еді.

Қала тұрғындарының өсуін төмендегі кестеден көреміз:

1803- 1100 астам

1825- 3495

1834- 3923

1851-6712

1860-7340

1882-10268

1893-16653

1900-21700 адам. [45, 53 б.].

Қалада алғашқыда негізіне әскери адамдар болса, кейіннен көпестер, саудагерлер, шаруалар мен әртүрлі чиндердің өкілдері басым болған.

Петропавлдың әлеуметтік құрамы 1868 жылғы мәліметтер негізінде төменгідей екен:

Дін иелері - 77 адам (0,9%)

Әскерилер – 1656 адам (18,9%)

Азаматтық қызметкерлер -266 адам (3,0%)

Дворян-шенеуліктер -213 адам (2,4%)

Әртүрлі шенеуліктер-1103 адам (11,6%)

Құрмет атағы бар азаматтар- 31 адам (0,4%)

Көпестер -1017 адам (11,6%)

Мещандар – 2219 адам (25,4%)

Шаруалар – 1923 адам (22,0%)

Қазақтар- 145 адам (1,6%)

Жер аударылғандар -102 адам (1,2%).[45, 54 б.].

Қаланың ұлтық құрамында орыстар басым болған, 1834 жылы орыстар – 94 %, татарлар - 5%, қазақтар - 1%.

1834 жылы Петропавл қаласы біршама кеңейіп 18 көшеден, 9 қысқа көше, тастан қаланған 8 үй, ағаштан салынған 971 үй бой көтерді.

Қала халқының санының өсуіне байланысты және Солтүстік Қазақстан климатының қатаң болуы, еуропалық Ресейден келген қоныстанушыларға ауа - райы қолайсыз еді. Келген келімсектер түрлі ауруларға шалдықты.

Осы жылы Петропавл қаласы тұрғындарына арнап аурухана салынып, тері илейтін, 2 май өндеретін зауот, 12 ұста шебрханасы, 2 жел дирмені жұмыс жүргізді. Бұл қалада жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік туғызды.

Зауыттардың алғашқы іргесі 1816 жылы қаланған, оған арқау болған Петропавл қаласына қоныс аударған ағайынды Большаковтар еді.

Петропавл қаласы Есілдің жағалауында орналасқандықтан көктем айларында өзен қатты тасып, қала жыл сайын су тасқынының астында қалып отырған.

Петропавл қаласының төменгі ой қаласында түрлі себептермен қазақ даласына қоныс ауларған орыс шаруаларына ғана тұрғын үй салу құқығына ие болды. Ал осы жердің заңды иелері қазақтар еді, тек бір-саран бай, би-сұлтандары болмаса оларға үй салу түгілі қаланың маңында көшуге де тыйым салынған.

Петропавл қаласының құрылысы 1849 жылы өз қарқынын күшейте түсті, оған себеп болған осы жылдың мамыр айында қалада қатты өрт шығып, бірнеше ғимараттар от жалынына ұшырады, шамамен 435 үй мен 106 көпестік дүңгіршектер тауарларымен бірге жанып кетті. Шыққан өрт салдарынан қала тұрғындары, қатты зардап шекті. Көпестер жылдық табыстарынан айырылып, қала экономикасына қыруар шығын әкелді. Оның көлемі ақшасымен шаққанда 704976 рубльді құрады.

Петропавл қаласы орыстарға стратегиялық жағынан маңызыды рөл атқаратын болғандықтан, патша өкіметі қаланы қалпына келтіру мақсатында және қалаға жәрдем ретінде, Ресей империясының басқа қалаларынан қаражат жинау көзделді.

1842 жылы Петропавл қаласының гербі бекітілді. Ол екі бөліктен тұрды, жоғарғы жақта Тобыл губерниясының гербі, ал төменгі жағында жүк тиеген түйені жетектеген қазақтың бейнесі болды. Мұндай гербті бекітуі қалада жергілікті халық өкілдерінің басым болуы, ірі сауда жолында ораналасқандықтан болу керек [45, 28 б.].

Басқа да қалалар сияқты Петропавлда да өзінің әкімшілік басқару органдары болды, мәселен, 1825 жылы қалалық Дума ұйымдастырылды. Ол қаланың шаруашылық мәселелерін шешті. Қала соты болды. Тәртіпті қадағалайтын қала полиция бөлімдері ашылды, оларға арнап арнайы тірек пунктері салынды. Қала көпестеріне салынған салықтан қала полициясына жалақы төлейтін.

Қала тұрғындарына тұрмыстық зат сатып алу үшін, саудагер көпестерге арналған қалалық сауда базарлары ашылды.

Солтүстік Қазақстан аймағына Ресейден қоныстанушылар ағылып келіп жатты. Мұндай үрдіс қала келбетінің өзгеруіне септігін тигізіп, егер ХҮІІІ ғасырда әскери бекініс кезеңінде өлкеде қазақ ұлтының саны басым болса, ХІХ ғасырда жаппай қоныс аудару салдарынан солтүстік аймаққа славян ұлт өкілдерінің басымдығы байқалды. Олар өздерімен бірге тілдерін, діндерін насихаттап, басқа халықтарға енгізуге тырысып отырған. Осыған орай, Қызылжар аймағында іргетасы қаланған Петропавл қаласында 1813-1815 жылдары орыс-казактарының әулие Петрге арналған тас шіркеуі салында.

1865-1870 жылдары Вознесенский соборы, 1888 жылы орыс көпестердің қаражатына түрме шіркеулері бой көтере бастаған болатын.

Петропавл қаласына татарлар да көптеп қоныстана бастады, олардың міндеті қазақ халқына араб ғаріпін

үйретіп, моллалық оқыту болатын. Қалада медресе, мектеп, мешіттер бой көтерді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Петропавл қаласында түрлі жиналыс мәжіліс өткізу үшін 2 алаң болды.

Петропавл қаласының мұндай қарқынмен дамуына керуен жолдары торабында орналасқаны және сауда керуендерінің жиі келуіне байланысты болды.

XIX ғасырдың 70 жылдарында Петропавлда сауданың дамуы соншалықты, көптеген саудагерлер қаражаттарын сақтау үшін 1871 жылы қалады қоғамдық банктар бой көтерген еді. Банктің бастапқы капиталы 40 мың орыс рублын құраған болатын. Келесі жылдың қаңтар айында банктің капиталы едәуір өсіп 48 мың 312 рубльді құрады.

Петропавл қаласында негізінен орыстар мен қазақтардың арасындағы тері саудасы болғандықтан қалада тері өңдеу зауыттарының қарқыны дами түсті. Осы жылдары Петропавл қаласы басқа шекара бойында орналасқан қалалармен салыстырғанда тері өңдеу жағынан алдығы орында болды.

Зауыттар мен фабрикалардың және қызметшілердің саны

3 Кесте

Зауыттар мен фабрикалар	Зауыт пен фабрика саны	Қызметшілердің саны	Соммасы, мың. Рубль.
Тері илеу	8	132	332
Қой терісін илеу	6	33	26
Кірпіш өңдеу	17	39	1
Тоң май өндіру	10	50	201

Сабын өндеу	1	2	-
Желім өндеу	5	24	20
Барлығы	47	280	580

[89].

Кестеден байқап отырғанымыздай, Петропавл қаласында зауыттар неғұрлым көптеп слынып, зауыттан шыққан тауарлар ішкі рынокта пайдаланып және сыртқа шығарылды, соның ішінде, Орта Азия елдеріне жіберіліп отырған.

Өлкенің негізгі халқы жергілікті қазақтар, олар қалаға мал терісін, басқа да шаруаға жарайтын тауарлар әкелген. Ал көпестер негізінен қытай маталарын, жеміс-жидек, көкөніс, колөнер бұйымдарын тасымалдайтын еді.

Бастапқыда Петропавлға казак әскерлерінің өкілдері келіп қоныстанса, кейін Ресейдің басқа да отарланған елдерінен халықтар келіп жатты. Мәселен, татарлар, поляктар, литвалықтар, башқұрттарды былай қойғанда, тіпті қуынға ұшыраған адамдар жіберіліп отырған. Әсіресе поляк ұлтының өкілдері қуынға көптеп ілеккен еді. 1830-1868 поляктардың 50 ер және 52 әйел адамы қуғынға ұшырап, Қызылжар өңіріне жер аударылды. Бұдан байқайтынымыз, патша өкіметі өзіне қарсы шыққын ұлттар мен ұлыстарды қазақтардың солтүстік жерлеріне жіберіп отырды. Петропавл қаласының аумағы осы қоныстаушылардың келеуінен кенейе берді.

Мәжбүрлеп әкелінген халықтарды қатаң бақылауға алып қадағалап отырған. Жергілікті полиция поляктар бүлік шығару мүмкін деген күдікпен оларды үнемі көзден таса қылмады [45, 35 б.].

Петропавл тұрғындарының көпшілігі Орта Азия тұрғындары мен жергілікті қазақ халқынан құралды. Атап айтқанда, Бұхара, Ташкент көпестері, орталық

Ресейден ауып келген татарлар және мал саудасымен айналысқан қазақтар еді.

Петропавлда 1870 жылы қоғамдық басқарма ашылып, оның заңдық күші 1873 жылдан бастап іске қосылды.

1875 жылдан саудагерлерді және көпестерді, қала тұрғындарын қадағалауға байланысты оларға төлқұжат беріп, тіркеуге алды.

Петропавлда өкіметке тиесілі бірнеше үйлер, қоғамдық ғимараттар ашылып, онда қалалық оқу орындары, ауруханалар мен полиция участкілері орналасты. Қаланың телеграфы және сауда-саттық жүргізу кіші-гірім орамдар жұмыс істеді.

Өкіметке тиесілі жер көлемі 9969 десятинаны құраған. Қаланың жалпы жер көлеміне келетін болсақ: егіндік жерлер 216 десятина, шабындық жер 1538 десятина, далалық жер 5256 десятинаны құраған.

Петропавл қаласында әйелдер гимназиясы және үш сыныпты училище іске қосылды. Сонымен қатар, жергілікті қазақ балаларына арналған мешіттің жанында мектептер болды. Ал аурухана қаланың көпестерінің қаражатына салынды.

1891 жылдың күзінде Ресей патшасының мұрагері Николай екінші Сібір орыс-казак шебі бойымен Орынбор губерниясына дейін жүріп өткен болатын. Ол осы өңірдегі саудаға көп мән бергендіктен ертеден қалыптасқан сауданы сақтап қалуды көздеген болатын. Алғашқы кезде тұрғын үйлер ағаштан салынған болса, кейін тастан қалаланған тұрғын үйлер бой көтерді.

Көптеген орыс шіркеулері, еврейлердің синогогасы, мұсылмандарға арналған мешіттердің ірге тастары қаланды. Училишелер саны өсе түсті, 13 оқу орынның 5 ер адамдарға, ал 4 әйел адамдарға арналды, 2 мектеп шіркеу ішінде және 2 мектеп станица құрамындағы оқу орындары

және татар балаларына арналған 6 медресе ішіндегі мектертер ашылды.

Петропавл қаласының аумағында осы жылдары 50-ге жуық зауыт болды, бұл зауыттар негізінен мал шаруашылығының өнімдерін игеру мақсатында жұмыс істеді [45].

1895 жылы Сібір темір жолының салынуына орай Ресейдің еуропалық жағынан Петропавл қаласына орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты жалғасын тапты. Патша әкімшілігі оларды қалада жаңадан ашылған нысандарға орналастырды. 1893 жылдың өзінде ақ, қолөнер шеберлері 843 адам болды. Темір жолдың ашылуына дейін барлық қала тұрғындарының саны шамамен 4 мың 500 адамнан тұрды. Дегенмен, патша өкіметі орыс шаруаларына жер береміз деген уәделерінде тұрмағандықтан, олар қазақ жеріне келгенде көптеген қиындықтарды басынан кешірді. Қысы суық, жазы ыстық болатын Солтүстік Қазақстанға үйрене алмағандықтан, шаруарлар басының амандығын ойлап қолөнер кәсібін игеру жолына түсті [45, 576.].

Түйіндей келе, Петропавлдың дамуына XIX ғасырдағы Ресейдің жүргізген реформаларынан сауда қатынастары дамып, өлке экономикасы жалпыресейлік шаруашылық жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды. Орыс миграциясы 1860-шы жылдан бастау алып, 1896 жылдан қоныстанушылардың санының әлдеқайда өсуі байқалды. Бұл патшалық Ресейдің Қазақстанды түгелдей отарлау саясатының салдары еді.

3.2 Сауда-саттық қарым-қатынасы

XIX ғасырдың басында Ресей мен Қазақ хандықтары арасында айырбас сауда қарым-қатынастары өзіндік ерекше сипатқа ие болды. Патшалы Ресейдің отарлау саясаты, өлкенің шикізат көзін неғұрлым жанталаса

игеруге кіріскен саясаты, капиталистік қатынастың да енуіне ықпалын тигізді.

Патша үкіметі Петропавлдағы сауданың маңыздылығын ескере отырып, 1784 жылы Ресейдің коммерц-коллегиясы Петропавлды шекаралық сауда орталығына айналдыру туралы шешім қабылдаған болатын. Осыған орай, Қызылжар аймағындағы сауда сол кезеңдегі Кяхта секілді ірі сауда орталығымен бір құқықтық мәртебеге ие болды. XVIII ғасырдың аяғында Петропавлдың сауда-саттық қатынасы, Кяхтадан кейін екінші орында тұрды. Орыс буржуазиясының өкілдері қалаға әр түрлі зауыт-фабрикалар өндірген тауарларды тасымалдап, жергілікті қазақтардан мал шаруашылығынан жасалған өнімдерді сатып алып, ірі қара, жылқы, қой-ешкі айырбасын жасап отырған [38, 327 б.].

Деректерге жүгінсек, Петропавл қаласының сауда - айырбас орындарына Орта жүз қазақтары жыл сайын мыңдаған мал басын айдап әкеліп отырған. Осы уақытта орыс көпестерінен қазақтардың шөп шабу әдісін меңгеріп алу барысы нәтижесінде қазақ ауылдарында мал санының өсуі байқалды. Сөйтіп қаладағы басты сауда айырбастау орындарында негізінен мал саудасы қыза түсті.

Бүкіл сауда айналамының негізгі бөлігін, атап айтқанда 84% -ын қазақтардың әкелген жылқы, қой, ірі қара малдары құрады. Осыған орай, Петропавл қаласында ірі және қомақты қаражатқа сауда жүргізетін көпестер де пайда бола бастады. Солардың ішінде А. Усманов, Т. Максюттов секілді татар көпестерін айтуға болады. Қомақты қаражатты түсіре отырып, көпестер айырбастап және сатып алған малдарын шет мемлекеттерге жіберіп, сатып отырды. Сөйтіп, қазақтың мал шаруашылық өнімдері шетелдің сауда орталығына түсіп тұрған.

XIX ғасырдың 30 жылдары Ресейде мақтақағаз өнеркәсібі қатты даму үстінде болды Ресейдің басқа

аймақтарымен салыстырған осы кәсіп алдыңғы орында тұруына байланысты Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы жаңа қарқынға өрби түсті. Сұранысқа ие мақтақағаз өнімінің көп бөлігі қазақ даласына әкелініп, Петропавл қаласы арқылы керуендер Орта Азия елдеріне де тасымалданып отырған [38, 329 б.].

1833 жылы Петропавл қаласы арқылы матақағаз өнімі Ташкент, Бұхара қаларына жіберіліп, жалпы соммасы 2 106 534 рубльін құрады. Ал 1834 жылы матақағаз өнімінен жасалған бұйымдар 2 663 878 рубль болды. Петропавлдағы сауданың ең жоғарғы дәрежеде болғанын, осы тауар айналымынан көруге болады.

1830 жылдары Коншиннің мәлеметі бойынша сауда айналымы 7 млн рубль дейін жеткенін айтады. Петропавл саудасына Мәскеу, Қазан, Петербург секілді қалалардың аса ірі саудагерлері мен көпестері қазақ даласына ағылып келіп жатты.

Патша өкіметінің «Сібір қырғыздары Жарлығының» шығуына байланысты Сібір шебінде орналасқан әр түрлі дәрежедегі халықтардың сауда жасау ережесі қарастырылды. Оның ішінде Сібір орыс-казактарына Петропавл қаласында және шеп бойында сауда жасауға рұқсат берілген еді. 1803 жылдың 19 қазанындағы жарлыққа сай орыс-казактары шептің ішіне қарай өтіп, жергілікті қазақтар және Орта Азия саудагерлерімен саудасаттық жүргізуге рұқсат алды, алайда орыс казактары кеден, застава пунктері арқылы өту барысында тауарларын есепке кою талаптарын орындауға міндетті еді.

1808 жылы Омбы облысы бойынша әкімшіліктің жүргізген тексерісіне сай, Сібір шебінің орыс-казактары өзінің тұрғылықты мекенжайында сауда-сатық жасай отырып, осы қалаларда тері өңдеу зауыттарын рұқсатсыз ашып алғаны туралы баяндалған. Бұл патша үкіметін алаңдата бастады. Орыс-казактарына патшалық Ресей

тарапынан ресми түрде сауда жүргізуі рұқсаты көпестерге кері әсерін тигізіп қана қоймай, мемлекеттік қазынаға да көп шығын әкелетіні үкіметке тиімсіз еді.

Сөйтіп, облыстық кеңес орыс-қазақтарына ресми түрде саудамен айналысуына тыйым салған болатын. Заң орыс-қазақтарына 6 десятина жер алуға ғана құқық берді. Шеп бойындағы қалаларда куәләндіру құжаты болмаған жағдайда орыс-қазақтарына сауда жүргізуге тиым салынды.

Ал қаржы министрі Е.Ф. Канкрин әскери қазақтарға берілген жерлерді шабындыққа немесе егін егуге жаратуына болатынын атап өткен еді. Алайда бұл орыс-қазақтарының құқығына қайшы келді, сол себептен Канкрин «Сібір қырғыздары» Жарлығына сүйене отырып, Сперанскийге хат жолдап, олардың өз аймағында сауда жасауға болатынын айтты. Бірақ кеден тіректері арқылы және заң бойынша салық төлеп тұру керек екенін де ескертті. Осыған орай, орыс-қазақтары басқада көпестермен құқықтары теңесіп сауда жасауға рұқсат етілді. Канкриннің ойы орыс-қазақтарының жоғарғы лауазымды тұлғалары аса аukatты адамдардан құралғанын ескере отырып, жергілікті қазақтармен сауданы дамыта түсетініне сенімді болатын және көпестермен бәсекелеске түсіп қазынаға көптеген қаражат құйылатына сенген [38, 331 б.].

Қызылжар өңіріндегі қазақ феодалдарының мал басының саны көп болды. Бұл ауылдардағы малдар Сұлтанмәмет, Құлсары, Құлеке батырлардың карамағындағы қазақтардың малдары болатын. Орта жүз қазақтарының мал басы саны 15-20 мың жетіп артылатын. Петропавл қаласына қазақ феодалдарының малдарымен бірге қарапайым бақташылардың малдары да саудаға әкелініп отырылды. Қазақтардың саудаға әкелінген мал басы санының көп болғаны соншалық, олар орыс, татар,

Бұхара көпестеріне жетіп жығылды. Осылайша бір ғана Орта жүз қазақтарының малдарын алатын болсақ, олар алып Ресей империясын ғана емес, сонымен бірге, Еуропаның бір қатар елдерін мал өнімдерімен қамтамасыз етіп отырғанын аңғару қиын емес. Осы аймақта мал шаруашылығы ең басты кәсіп болып есептелді. Орыстардың Солтүстік Қазақстанға жаппай қоныстануы салдарынан орыс-қазақ шаруашылығын дамыта түсті.

Ресей мемлекетіне Қазақ хандығы мен сауда жасау тиімді болды және көп пайда әкелетін, олар екі ел арасындағы сауда-саттыққа үлкен мән беріп отырды. Орта Азия мен арадағы сауда айналымы екінші орынға шықты. 1806 жылы А.Р. Воронцов коммерц-коллегия президентінің хатында айтылғандай, қазақтармен сауда жасаудың тиімділігін көрсете отырып: «Ресей қазынасына көптеген қаражат әкеледі» - деп айтқан болатын [38, 335 б.].

Осындай тиімділікті ескере отырып, Воронцов қазақтармен мал саудасын әрі қарай дамыту керектігін атап айтты. Ол Ресей өнеркәсібінің тез қарқынмен дамығанын және Бұхара, Ташкент өнімдерінің қажеттілігі туындамайтынын ескертті. Орыстың шұға кәсібінің дамуына байланысты қазақтың малдарына сұраныс арта түсті. Воронцов өз хатында қазақтардың сауда орталығына әкелген қойларын 6 рубль, кей кездері 7 рубльге сатып алуға болатынын айтты.

Қаладағы шеп бойындағы бекіністерде айырбастау сауда орталығы үлкен жәрмеңкеге айнала бастады. Осылайша Петропавл маңындағы Тайыншакөлде үлкен сауда орталықтары ашылып, жәрмеңкеге орыс тауарларынан басқа қытай тауарлары көптеп әкелініп жатты.

XIX ғасырдың 60 жылдарында осы сауда жәрменкесінің айналымы 5 млн. рубльін құрады. Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы сауданың дамуы, казак

даласында, ауылдарда жәрменкелер ашылып мал саудасын қыздыра түсті. Бұл жәрменкеге Бұхар, Ташкент сияқты Орта Азия қалаларынан және Қытайдан саудагерлер жібек мата, түрлі әшекейлер мен бұйымдар ала келді.

Соынмен қатар, Қызылжар өңіріне нан өнімдері Поволжьеден Астрахан қаласы арқылы тасымалданып отырды. Қазақстан аймағында нан сауда орталықтары Петропавл, Семей қаларында орын алды.

Ресей өнеркәсібінің дамуына байланысты тауар өнімдерін қағаз ақшаға сатып алу кеңінен өріс алды. Петропавл қаласының көпестер одағы, осы кездегі Батыс Сібір қалаларының ішінде Түменнен кейін екінші орында болды. Уақыт өте қалада көпестер одағы дами түсті. 1862 ж. қала көпестері одағына 529 200 руб капиталы бар 201 көпес енді.

Петропавл көпестері байып алған соң, Есіл, Ирбит сияқты қалалардың жәрменкесіне де белсене қатыса бастады. Әсіресе, Петропавл Есіл жәрменкесімен тығыз байланысы болды. 1845 жылы орыс көпестеріне шептің ішкі жағына шығуға рұқсат берілген соң, олар әрі қарай қазақ даласына кіре отырып, саудаларын жүргізді.

XIX ғасырдың ортасына дейін жергілікті қазақтармен көпестердің саудасы тек сауда айырбас орындарда жүргізілсе, осы уақыттан бастап қазақ ауылдарында Тайшыншакөл сияқты жәрменкелер тұрақты түрде жұмыс істеді.

1857-1861 Батыс Сібір кеден тірегіне қазақ тауарларының жалпы соммасы орта есеппен 2 543 000 орыс рублінен тұрса, оның ішінде Петропавлдың сауда айналымы 2 288 700 рубльді құрады. Ол дегеніміз сауданың 90 пайызы тек осы Петропавл арқалы жүзеге асырылып отырғанын көрсетеді. Петропавлдың батыс Қытай мен Орта Азия арасындағы саудасының өсуі байқалды. И. Завалишиннің айтуына қарағанда Петропавл

батыс Қытай мен Орта Азия арасындағы ең ірі басты сауда орталығы болды. Сонымен қатар, ол Сібір шебінің бойындағы және Орынбор шебіндегі басты сауда тірегі болды деген. Бір мезгілде Петропавл қаласында саудамен қатар кіші-гірім өнеркәсіп мекемелері ашыла бастады. Қала көпестері мал терілерін өңдеу үшін тұрғын үй аулаларында шағын кәсіпорындарын салған. Осылайша мал терісінің бастапқы кезде илеп, өңдеп алып сату көпестерге әлдеқалай тиімді еді. Осыған орай, 1860 жылы Петропавл көпестерінің тауар айналымы 1 млн 600 мың рубльге жетті [38, 340 б.].

Ақмола қаласында Петропавлге жөнелтілетін тауарлар жөнінде мәліметтерді келтірсек:

1867 жылы 5 023 түйемен 1 055 380 руб. тауары

1868 жылы 1 952 түйемен 514 920 руб. тауары

1869 жылы 3432 түйемен 1 230 610 руб. тауары

1870 жылы 7 185 түйемен 1 115 234 руб. тауары болған. [45, 72 б.].

Патша өкіметі Қазақ даласына біржола орнығып алуға барша тырысып бақты. Осы астарлы саясаттын негізінде Петропавл қаласы маңына әр түрлі ұлт өкілдерін әкеліп ауылдарға қоныстана бастады. XIX ғасырдың ортасына қарай патша өкіметі Қазақ даласын шикізат орталығына айналдыру саясатын жүзеге асыра бастаған кез еді. Қазақ тауарлары Ресейдің орталығына жеткізіліп өндірілетін болды. Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық байланыс екі жаққа да тиімді болғанымен, негізгі пайдасын Ресей мемлекеті көрді. Патша өкіметі Қазақ даласындағы мыңдаған бас малдарын пайдалана отырып оның шет мемлекеттерге сата отырып өз экономикасын көтеріп алды.

Белгілі Тайыншакөл жәрмеңкесінің саудасы 1872-1874 жылдары жоғарғы көрсеткішке ие болды. Оны сол кездегі ветеринар болған Г. Кравцов былай сипаттаған:

«Жәрменкедегі сауда айналымы шілде мен караша айларында жалпы соммасы 5 млн.-ға рубльге жетті».

Петропавл қаласында сыртқы саудамен қатар ішкі сауданың да дамығанын айтуға болады. Олардың қатарына қалаға келіп кетушілерге арналған базар, жәрменке орамдарында орналасқан қонақ үй саудасы қызу жүріп жатты. Қаладағы сауданың өсімінен түсетін пайданы реттеп отыратын 1867 жылы құрылған банктің шамасы жетпеді. Сондықтан басқа да қаражат сақтайтын банктерді көпестердің ақшаларына салу көзделді. Егер 1871 жылы банктағы ақша айналымы 307 мың рубльді құраса, 1880 жылы бұл көрсеткіш 2 млн рубль шамасында болды [85, 11 б.].

Қаладағы сауданың маңыздылығын ескере отырып, Ресейдің ұлттық банкі 1881 жылы Петропавл қаласында тағы бір банк ашуды ұйғарды. Бұл қаланың өнеркәсіп саудасының дамуына өз үлесін қосты. Петропавлда орыс көпестерімен бірге Бектеміров, Құрмашев, Қаражанов секілді қазақ көпестері де пайда бола бастады және олар ірі қазақ саудагерлері болды.

1880 жылдары Петропавл қаласының сауда күрт төмендеп кетті. Оған себеп бірінші осы қазақтардың мыңдаған малдары қыстан шыға алмай азаюы, екіншіден, темір жолдың ашылуы мен Ертістегі өзен жолдарының пайда болуы еді. Қаланың сауда айналымы 1892 жылы 3 800 500 рубльді ғана құрады.

1894 жылы темір жолдың салынуына байланысты Петропавлға бірінші поезд келді. Бұл басқа қалалармен байланысты жеделдете түсті. Темір жолдың төселуімен Петропавлға Ресейдің ірі қалаларынан түрлі тауарлар тасымалданды. Сөйтіп, Қазақстанмен Ресей арасындағы экономикалық сауда- сағтығы жаңа қарқынға жетті. Бір жыл ішінде тауар айналым Петропавл қаласында 6 млн-нан 10 млн-ға дейін жетті. 1889 жылдары Петропавл

қаласынан Ресейге әр түрлі тауар өнімдері жеткізілді, жалпы соммасы 1 млн 32 мың рубль құрады [89, 13 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында Патшалық Ресейде капиталистік қатынастың дамуы орын алды. Ресейде ірі фабрика зауыттар үлкен қарқынмен салынып, қалыптасып келе жатқан капиталистер басқа нарық жолдарын іздестірді. Оның ішінде отарланған Кавказ елдеріне, Сібір жерлері қызықтырды. Қоғамдық нарықтың дамуына орай аймақаралық экономикалық байланыстардың дами түсуіне орай, қала маңдағы селолар тұрғындары арзан еңбек күшіне айналды. Теміржолдың салынуы және батысқа қарай жолдың ашылуы, теңіздік порт бағыттарының ашылуына орай Қазақ даласының мал өнімдеріне деген сұраныс күн сайын артып отырды.

Негізінен қала экономикасының даму қарқыны ауылшарушылығының өркендеуіне өз септігін тигізген еді. Осыған орай, Петропавл қаласы Солтүстік Қазақстан аймағындағы өзі-өзін қамтамасыз ете алатын қалаға айналды. Сол кездегі замандастар Петропавл қаласын Омбы, Ақмола қалалары секілді «қоймалық орын» ретінде атап кетті.

Ғасырдың соңына қарай қалалық дума өкілдерінің айтуынша Петропавлда қазақтардан сатып алынған аса ірі көлемде мал өнімдерінің болғанын хабарлайды. Сонымен қатар Семей, Ақмола облыстарынан көптеген мал өнімдері жылдың күз айларында осы Петропавлда жиналып, сақталып кейін Ресейге және теңіз арқылы Еуропа елдеріне тасымалданып отырған болатын.

XX ғасырдың басында экономистердің мәліметіне жүгінетін болсақ Петропавл Батыс Сібір аймағының 5 ірі өңірлерінің бірі болғанын айтады. 1900 жылы қаладан 7,29 пайыз май өнімдері, 1909 жылы 163 пұт жылқы еті шет елдерге жіберілген. Сонымен қатар, аса ірі көлемде қой, ірі қара еті мен өнімдері Ресейге жөнелтілген екен.

XIX ғасырдың екінші жартысында Солтүстік Қазақстан аймағының экономикасы жалпыресейлік шаруашылық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде дамыды.

Осыған байланысты қазақ даласында сауда-саттық кеңінен дами түсті. Бұл орайда сатып алу-сату, қарыз алу, мүлікті жалдау, айырбастау, жүк тасу және т.б. шарттары қолданылған болатын. Дами түскен сауданың және тауар-ақша қатынастары енуінің, Ресейдің азаматтық құқық заңдарының ықпалымен қазақтың дағдылы құқығында борышкер мен несие берушінің өзара қатынастарын, қарызды төлемегені үшін жауапкершілікті анықтайтын ережелер және т.б. пайда болады. [89, 5 б.].

Қорытындылай келе, Петропавл қаласына және Қазақстанның солтүстік аймағына патша өкіметінің экономикалық қызығушылығы болғанына еш күмән келтіруге болмайды. Қазақ даласын шикізат өнімдерінің орталығы ретінде көрген Ресей мемлекеті өз пайдасына жаратты.

3.3 Мәдениеті және білім беру жүйесі

Орынбор-Сібір теміржол құрылысының салынуына орай көршілес Ресейден Петропавлға шаруалардың жаппай қоныс аудару салдарынан Петропавл қаласы сауда-өндіріс орталығының маңызды өңіріне айналып қана қоймай, әр түрлі ұлт өкілдерінің мәдени орталығына айналды.

Петропавл қаласының мәдени және білім жүйесінің дамуы әсіресе капиталистік қатынастардың дамуы кезінде қарқынды түсті.

Демократ-төңкерісшілердің саяси күресіне орай патша өкіметі 1864 жылы қалада бірінші әйелдер училищесін ашқан болатын. Кейін 1871 жылы әйелдер оқу орны әйелдер гимназиясы болып өзгертілді.

Сонымен бірге, Ресей отаршылдық саясатын жалғастыру барсында жергілікті қазақ бай-феодалдарының

жоғарғы лауазымды тұлғаларына қала әкімшілік тарапынан 1876 жылы қазақ баларына арналған мектеп-интернат ашқан еді. Осылайша патша өкіметі қазақ баларын өздеріне қаратып, ауылдағы қазақтарды өз бақылауында ұстау үшін болыстық шенеуніктер дайындап отырды. Мектеп-интернат ішінде оқушыларға арналған бірнеше шеберхана бөлімдері де жұмыс істеді. Бес жылдаң соң орыс тілін меңгерген қазақ балаларына орыс мектебіне оқуға түсуге рұқсат берілді.

1872 жылы Петропавл қаласында 7 мұсылман оқу орны, соның ішінде 4 ер балалар, 3 әйел адамдарға және 2 еврей ұлтының ерлеріне арналға оқу орындары көпшілікке қызмет етті. Ал 1878 жылы қалада қазақ қыздарына арналған мектеп-интернат ашылды. 1881 жылы Петропавл қаласында үш сыныптық уездік және бес сыныптық қалалық училище ашылды.

Осылайша XX ғасырдың басында қаладағы оқу орнының саны 13 училищеге дейін жеткен болатын. Петропавл қаласының халқының этникалық құрамының өзгеруі, қалада бірнеше ұлттық оқу орындары пайда болуына ықпал етті. Соның ішінде, 1 бес жылдық, 1 әйелдер гимназиясы, 2 славян шіркеу мектептері, орыс-казактарының баларына арналған 2 станициялық оқу орны болды [91, 42 б.].

Қаладағы барлық оқу орындары әкімшіліктің қарамағында болып, сол әзірлеген бағдарламаға сай тәлім алды. Әкімшілік тарапынан оқу орындарына тек аз мөлшерде ғана қаражат бөлінген еді. Осыған орай, қаланың училищелерінде тек қалталы адамдардың балаларының оқуға мүмкіндіктері болды.

Петропавл қаласының экономикалық дамуына байланысты қалаға орыс мәдениеті біртіндеп енді. Орталық Ресейден орыс ағартушыларының еңбектері әкеліне бастады. Бұған қала интелегенциясын ат

салысуына орай, қалада қоғамдық кеңестер отырыстары өтіп отырды. Осыған орай, қала тұрғындарының қаражатына Петропавл қаласында алғашқы қоғамдық кітапхана ашылды және кітапхана қорында әкімшілік тарапынан рұқсат етілген орыс ағартушыларының еңбектері болатын. Атап айтқанда, Л.Толстой, Н.Гоголь, Э.Золя т.б., жазушылардың шығармалары. Әсіресе үлкен сұранысқа Н.Ченышевский және В.Белинскийдің шығармалары ие болды[91,43 б.].

Ал 90-ы жылдары қаланың мәдени жағдайы арта түсті, жергілікті көпестердің қолдауымен және қаражаттарына қалада театрланған спектакль қойылымдары көрсетіліп отырды. Бұл қойылымдардың кейіпкерлері негізінен қала тұрғындарынан құралған және орталық Ресейден кәсіпқой актерлер келіп, қаланың мәдени өмірінің жандануына өз септігін тигізді.

Петропавл қалалық думасы негізінен жергілікті көпестерден және орыс-казак өкілдерінен тұрған болатын, алайда осындай мәдени іс-шаралар көп қаражат талап ететіндіктен, олардың ешқайсысы артық жүктемелерді мойына алғысы келмеген еді. Сол себептен қаланың мәдени өмірі кейде жанданып, ал кейде өшіп отырған. Алайда Петропавл қаласы ірі сауда орталығы болып қала берді. Қала тұрғындарының қызығушылығы әсіресе сауда-саттыққа бағытталған еді [91, 44 б.].

Медициналық қызмет көрсету біртіндеп дами бастады.Сөйтіп, 1868 жылы қаланың 8752 тұрғынына бір дәрігер келсе, қалада бар болғаны жалғыз ғана дәріхана жұмыс істеді.1863 жылы көпес Мұратов қалалық аурухананы орналастыру үшін қалаға бір қабатты ғимарат тарту етті. 1882 жылы бірінші ақылы 10 адамға арналған аурухана ашылды.

Омбы уездік басқару ұйымдарында түрлі жылдары казак зиялылары ды қызмет еткен еді. Олардың қатарына

осы аймақта 1875 жылы дүниеге келген Тұранов Дүйсенбай Тұранұлын жатқызуға болады.

1892 жылы уездік училищесін тәмәмдаған Д. Тұранов бірден Омбы басқару канцеляриясына қызметке орналасты. 1898 жылдың 20 желтоқсанынан 1902 жылдың басына дейін аудармашы қызметін атқарған. Кейін қаңтар-желтоқсан аралығында әскери іс-қағаздар жүргізу меңгерушісі, 1904 жылдың 18 желтоқсанында Петропавл уездік басқармаға аудармашы қызметіне ауыстырылды. Қызмет сатысында жеткен жетістіктері де баршылық еді, 1905-1906 жеткен жетістігіне орай 25 рубль соммасында ақшалы сыйақымен марапатталды.

1905 жылы губерниялық хатшы ретінде және 1907 жылдың 18 ақпанында азаматтық ведомость жарлығына сай түрік сұлтанының медалын тағуға рұқсат берілді. Ал 1908 жыл сәуірдің 4 жұлдызында Петропавл уездік басқармада хат жолдаушы және хатшы лауазымына ауыстырылған болатын. 1912 жылы мәртебелі кеңесші және Омбы уезінің басқармасына аудармашы болып тағайындалды. 1895 жылы Омбы уезінде № 1 ауылда ауылдық мектеп ашылды. Аталмыш ауыл болыс басқарушысы Хасен Көкеновтің қыстағы еді.

Мектептің алғашқы ұстаздарының бірі – ауылшаруашылық мектебінің түлегі Ташмахамбет Құрмысов болды. Қазақ балаларына арналған мұндай ауылдық мектептер басқа да уездік аймақтарда ашылды. Мәселен, Покровский болысындағы Сәттібай қыстауындағы № 3 ауылда, Қорған ауылының Кеңашы атты Наурызбаевтердің қыстауындағы № 5 ауылда, Қараағаштың № 4 ауылындағы Тынәлі атты адамның қыстауында, Алабота деген жердегі Шокыркөл маңында Черлак болысындағы № 6 ауылда ногай Исин атты байдың қыстауында мектептер бой көтерді. Мұндай мектептердің

ашылуы қарапайым қазақ отбасынан шыққан балалардың білім алуына мүмкіндік берді.

Оқытушыларына келер болсақ: Омбы болысында Ташмахамет Құрмысов, Покровкада Жаке Сағатаев, Курганскийде Ешмұхамет Наурызбаев, Николаевкада Мухамеджан Елубаев, Черлакта Канафи Алимбаев сынды азаматтар болды. Ауылдық мектептер болыстық басқарма мен ауылдық билердің қарамағына еніп, 100 рубльді құрайтын ауылдық би басқармасынан жалақысын алған.

Солардың бірі белгілі қоғам қайраткері С. Күсемесов. Белсенді қызмет ете жүріп Петропавл қаласындағы қазақ зиялы қауымының Алаш қайраткерлерінің қатарына қосылады. Петропавл қаласында да Міржақып Дулатұлы қоғамдық-саяси, шығармашылық қызметін жалғастырды. Оны көп жағдайда уездік мектептердегі қазақ балаларының оқулары мен жастардың болашағы алаңдатты. Орыстың белгілі ақын-жазушыларының еңбектерімен таныса отырып, әділетсіздікке қарсы күрес жолдарын қарастырды. Мәселен, Т. Седельниковтың “Борьба за землю в Киргизской степи” атты кітабын қарай оытырып, онда қазақ жерлерін қоныстанушылардың пайдасына ғана жаратып жатқаныны жайлы мәліметтермен танысты. ХХ ғасырдың басында патша өкіметі Петропавлға орталық Ресейден саяси-қуғынға ұшырағандарды қоныстандыра бастаған еді [92].

Орыс мектептері Омбыдан Петропавлға баратын жолда болыстың оңтүстігінде орналасты. Мұндай мектептердің қатарына: Орловский, Курганский, Мельничный, Степной, Захламенская атты орыс қоныстарында орын тепкен білім ошақтарын айтуға болады.

4 XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ

4.1 XX ғасырдың басындағы Петропавл қаласының элеуметтік- экономикалық және мәдени дамуы

Петропавл қаласының элеуметтік-экономикалық және мәдени жүйесінің дамуы, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысындағы реформалар кезеңінен кейінбайқалған.

XX ғасырдың басында қаланың даму барысы өсе түсті. Қазақстанның солтүстік өңірлеріне, оның ішінде Петропавл қаласына Ресейдің отарлау саясаты жедел қарқынмен жүріп жатты, орыс шаруалары жаңа жерлерді игереуді жалғастырған болатын. Қоныс аударушыларды пайдалана отырып, Ресей өкіметі Қазақстанға зауыт, фабрика өнімдерін өткізуге жол ашты. Негізгі мақсаты Қазақстанды шикізат көзі ретінде пайдалану еді. Ресейден өңірге капиталистік қатынастардың салдарынан зардап шеккен орыстың кедей- кепшік халықтарын қоныстандырып, ондағы көздеген мақсаты аграрлық мәселелерді шешу еді.

1905-1907 жылдардағы орыс буржуазиялық - демократиялық революциясының аясында жер мәселесі де көтеріліп, аграрлық саясаттың өз мәресіне жеткенін көрсетті. Осыған орай, Ресей өкіметі бас көтерген орыс шаруаларын Қазақстанға қоныс аудару жолдарын қарастырып, «Столыпиннің аграрлық саясаты» деген атпен тарихта қалған реформаны енгізуге тура келді. Осыған орай, орыс өкіметінің 1906 жылдың 9 қарашасындағы жарлығына сай, жаңа жерлерге қоныс аударған адамдарға көптеген жеңілдік жасалды, мысалы айтқанда үш жылға әскер қатарына шақырудан босату, тұрмыстық үй салғаны үшін салықтан босату, бос жатқан жерді жыртып, егін егуіне жәрдемдесу және қоныстанушыларды азық -

түлікпен үш жыл бойы қамтамасыз ету т.б., жеңілдіктер қарастырылды.

Ресейдің бұл іс әрекетінің мақсаты түсінікті болатын, бас көтерген шаруарды мүмкіндігіше Сібір мен Қазақстанның солтүстік аймақтарына жіберу.

Осы себептерге орай, Петропавл қаласына орыс шаруалары біртіндеп қоныстанған болатын. Қазақстанның басқа да аймақтарына орыс шаруалары ағылып жатты. Ал, Ақмола облысы Ресей өкіметінің басты отарлау ауданына айналды. Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда 1907 жылы Ақмола облысы қоныстанушыларды қабылдауы жағынан алдыңғы қатарда болды.

XX ғасырдың басындағы патшалы Ресейдің аймақты отарлауы барысында 1901-1905 жылдары аралығында орта есеппен санағанда 7 676 адам, 1906-1909 жылдары 80 761 адам, 1910-1914 жылдары 33 343 адам қоныс аударды. [41, 111 б.].

Қазақстанның солтүстік жерлеріне жаппай орыс қоныстанушыларының отарлау салдарынан Петропавл қаласында орыс ұлты өкілдерінің саны көбейіп, басым болып қала берді. Қалаға маңындағы жерлерге де табан тірей отырып, жаңа селолар бой көтерді. Олардың қатарына: Писаревка, Рублевка, Столыпино, Астраханка, Ясновка, Заградовка т.б. жатқызуға болады.

Осындай саясаттын әсерінен жергілікті қазақ халқы билік тарапынан қысым көріп, құқықтарынан айрылды. Ресейден Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударған адамдардың көп болғанын келесі кестеден байқауға болады.

Қоныстанушылар мен қазақтардың саны

4 Кесте

Қала халқы:	50 568 адам
Орыс шаруалары, жалға алушылар, жер учаскесінің жеке меншік иелері:	134 440 адам

Жергілік заңды иелері қазақ ұлты:	86 198 адам
Орыс казактары:	50 752 адам

Байқап отырғанымыздай қазақ ұлтының саны келімсектерге қарағанда аз екенін көреміз. Отарлау салдарынан біздің өңірде славян ұлтының саны басым болды. Қазақтар ата мекендерінен айырылып, құр тақыр жерлерге қуылды. Билік жергілікті халықтың құқықтарын ескермеді [41, 114 б.].

«Осылайша жаппай қазақ даласын отарлау барысында көптеген қазақтар өз жерлерінен қуыла бастады» деп жазды В.Остафьев. Жайылымдарынан айырылған қазақтар Петропавл қаласына және орыс деревняларына жұмыс іздеп келіп жатты. Келімсектер жергілікті қазақтарды ығыстыра отырып, қала маңындағы жерлерді заңдастырып алып, өз жеке меншіктеріне айналдырды, сол жерлердің қожайындарына айналды.

Осылай Петропавл уезі маңында Полуден болысы пайда болды, әрбір болыста 15-20 түтін, ал Петропавл уезінде 15000 түтін орналасты. Осы бір отарлау саясаты салдарынан әсіресе жергілікті қазақ халқы қатты қиналып зардап шекті. Қиналған қазақтар отырықшылыққа көшуге мәжбүр болды. Осыған орай, қазақтардың шаруашылығы өзгеріске ұшыраған болатын.

Ал, жер өңдеу шаруашылығында қоныстанушылардың келуіне байланысты даму қарқыны байқала бастады. 1901 жылы жер өңдеу шаруашылығымен Петропавл уезінің 24,9% халқы айналысса, 1919 жылы халықтың 61% осы кәсіппен жұмыстарымен шұғылданған еді [41, 116 б.].

Ресей империясының азиялық бөлігінде жерді пайдалануды ұйымдастыру мен жерге құқық мәселелері 1906 жылы Столыпин реформаларынан кейін тығырыққа тірелді. Шаруалардың жерге жекеменшік құқығы жөніндегі үкімет жарлықтары Қазақ даласы аймақтарына сай келмеді. Осыған орай, қоныс аудару әкімшілігі мигранттар

үшін үш түрлі жер телімдерін бөлуді ұйымдастырудың мынадай жолдары ұсынылды:

1. жерді шаруалардың өздері ортақтасып пайдаланатын бұрынғы қауымдық түрі;

2. қауымнан бөлініп шыққан шаруа еншісіне берілген жерлер;

3. үй жайы салынып, шаруашылық жүргізуге бейімделген ферма іспеттес хуторлық жер телімдерін отрубтарға біріктіру немесе хуторлар болып бөлініп шығуға өтініш жасауға рұқсат берілді.

Жекешендірілген қоныстану түрлерінің ішінде көбірек тарағаны отрубтар болды, ал хуторлар тек Ақмола облысында ғана маңызды рөл атқарды. Себебі хуторлар шаруалар үшін жерге иелік жүргізудің ең ауырлау түрі болып есептелді. Ақмола облысының қоныстану тығыздығы жағынан Омбы, Петропавл уездері алдыңғы қатарда болды. Осы уездерден 140 десятина көлеміндегі 300-ге жуық жер телімдері қолдан қолға сатылып отырды. Орыстардың қоныс аудару нәтижесінде Петропавл халқының этникалық құрамы өзгеріске ұшырады.

Мысалы, 1897, 1905, 1911 және 1916 жылдардағы Петропавл уезі бойынша этникалық құрамын мына кестеден байқауға болады [41, 119 б.]:

Петропавл уезі

5 Кесте

1897 ж.	1905 ж.	1911 ж.	1916 ж.
Орыс/қазақ	Орыс/қазақ	Орыс/қазақ	Орыс/қазақ
50%/44%	56%/41%	-/-	61%/34%

Байқап отырғанымыздай, отарлау саясатының салдарынан Петропавл қаласында орыс халқының саны жергілікті қазақтардан басым болғанын айта аламыз. Қазақстанның солтүстік аймақтарының отарлануының нәтижесінде ауыл шаруашылығы кең көлемде дамуы

Ресейдің экономикасына тәуелді болды. Ресей мен Петропавл арасындағы байланыс темір жол арқылы таралды. Жана жерлерден Ресейдің орталығына жеткізілген шикізаттың негізі өнімдерінің ең бастысы астық және де басқа тағам түрлері болатын. Қазақстанның солтүстік төрт облысына 1900-1913 жылдары аралығында 350 мың тоннаға жуық астық Ресейге шығарылды.

Қазақстанның ең маңызды сауда орталықтары бұл Омбы, Петропавл, Семей, Павлодар қалалары еді. Трансiбiр темiр жолы арқылы Ресейдiң Еуропалық бөлiгiне 1910 жылы 82 мың тонна сары май жеткiзiлiп отырылды. Оның iшiнде Петропавл қаласынан жыл сайын 16 мың сары май Ресейге тасымалданды. Мал және мал өнiмдерi де сауданың құнды тауарлары қатарына жатты. Мал өнiмдерiнiң экспортқа шығаратын ең басты орталығы Петропавл қаласы мен Омбы қаласы болатын.

Осы орайда Қазақстанның шикiзат тауарлары темiржол арқылы Петропавл қаласы бойымен Ресейге тасымалданды [41, 120 б.].

Мәселен, 1906-1910 жылдары Ақмола облысы Петропавл темiржол бойымен орта есеппен санағанда Ресейге 30 146 мың тонна түрлi астық өнiмдерi жiберiлген. Ал осы жылдары Петропавл қаласы орталық Ресейге 2 927 мың тонна сары май өнiмдерiн жiберген болатын. Жалпы алғанда, орыс шаруараларының қоныстануы, жайылымдық жерлердi тартып алу салдарынан мал өрiсiнiң тарылуы, оның есесiне Қазақстанның солтүстiк өңiрiнде саудасатықттың өрiстеуi жергiлiктi экономиканың дамуына айтарлықтай өзгерiстер әкелдi.

Қоныстанушылар үлгiсiмен қазақтардың отырықшы және жартылай отырықшы өмiр салтын қабылдауының ерекше тұстары болды. Мұның ықпалы әсiресе Омбы, Петропавл Қостанай уездерiнде айынырақ сезiлдi.

Жаппай иммиграция салдарынан Петропавл қаласына келіп қоныстанған орыс шаруалары қала экономикасына игі әсерін тигізді. Қазақстанның қала орталықтары көп жағдайда жалпы орыс иммиграциясына байланысты дамыды, Петропавл қаласының өсіп өркендеуі Ресейден тікелей қоныстанған адамдарға тәуелді болды.

Мысалы, 1897-1911 жылдары экономикалық жағынан тез қарқынмен даму үстінде болған Омбы, Петропавл, Ақтөбе қалаларын атауға болады. 1897 жылы Петропавл қаласы тұрғындарының саны 19 688 адам болса, 1911 жылы 43 248 адамға өсті. Қазақстанның басқа қалалары тәрізді Петропавл қаласында негізінен аймақтық сауда және әкімшілік орталықтары дамыды.

Ақмола облысындағы Петропавл қаласы Трансiбiр темiржол бойында орналасқандықтан қала халқы сауда және жабдықтау орталығы ретiнде қызмет көрсеттi. 1915 жылдары Петропавл уезi бойынша 5.286.000 десятина жер көлемiн иелендi. Бұл жерлер негiзiнен отырықшы егiншiлiкке топырағы құнарлы және табиғат жағдайы қолайлы жер деп есептелдi. Орыстар иммиграциясына дейiн қазақтар арасында отырықшы егiншiлiк кең таралмады. Алайда орыс қоныстары жайылымдық жерлерге көшу бағыттарында бөгет жасап, жергiлiктi тұрғындардың қыстаулары орналасқан өңiрлердi де басып алғаннан соң олардың бiразы отырықшы өмiр салтына ауысуға мәжбүр болды. Малы аз кедей отбасылары да орыс шаруаларынан үлгi алып, жер өндеумен айналысуға әрекеттендi.

Жер көлемі

6 Кесте

Әкімшілік аумақтық бірлестік	Жер көлемі	Орыстар карамағындағы жер көлемі	%	Қазақтар карамағындағы жер көлемі	%
Петропавл уезі	5286000	2397000	45	2889000	55

[41, 129 б.].

Патша өкіметі қазақтардың көшпеліліктен отырықшылыққа көшуінің артықшылықтарын түсінді. Жергілікті тұрғындардың отырықшылана бастағанына байланысты үкімет бұрынғы жер нормаларын азайтып, отарлауды әрі қарай жүргізу үшін қосымша жаңа жерлер дайындауға кірісіп кетті. Отырықшы егіншілікке көшу үрдісін тездету мақсатында жергілікті тұрғындарға бөлінетін жер телімдерінің шарттары орыстармен теңестірілді.

Петропавл уезі бойынша астық өнімі тез қарқынмен өсті. Сонымен қатар, өңір экономикасының басты саласы мал шаруашылығы болды. 1906 жылы 4 280 495 пұт астық өндірілсе, 1911 жылы 5 329 044 пұт, ал 1916 жылы 10 674 462 пұт астық өндірілді. Бұдан шығатын қорытынды, 1906-1916 жылдар аралығында астық өндіру көрсеткіші 149 %-ға өскен [42, 130 б.].

Ресеймен сауда-саттық қатынастың жандануына байланысты өлкенің экономикалық даму қарқыны өрістеп, Петропавл уезінде 1911 жылы 47 май өндіру зауыттары ашылды. Сонымен бірге, Конюховский, Вознесенский, Боголюбовский, Архангельский, Кабановский, Пресновка секілді селоларда ірі кооперативтік зауыттар ашылды.

XX ғасырдың басында Петропавл қаласында шетел капиталы біртіндеп ене бастаған болатын. Мысалы, кәсіпкер Ф. Шредер, Столь және компания, ағайынды Брандттар және Данияның экспорттық қоғамы қалада бірнеше кәсіпорындар ашып, шаруаларға негізінен егін, мал шаруашылығына арналған саймандарды жасап, өткізіп отырған болатын. Маңайдағы Пресновка, Явленка, Николаевка т.б. елді мекендерге өз тауарларын сатып отырды.

Осылайша Петропавл қаласы Ресейдің нарығы аясында сауда орталығына айналды. Петропавл қаласында бастапқы кезде өндірілген тауарлар, кейін Ресей арқылы

Еуропа елдеріне жеткізіліп отырылды. Петропавл қаласы экономикалық жағынан барлық Ресей және әлемдік нарықпен тығыз байланыста болғанымен, өңірде отарлау саясаты айқын байқалып тұрды. Тарихи мәліметтерді ескере отырып, қаланың экономикалық даму сипаты, осы аймақтың капиталистік іс-әрекеттінің тараптарында боғанын айқындайды.

Қалада капиталистік дифференция жүйесі халықтың үш тобының әлеуметтік дамуына ықпал жасаған еді. Мысалы, қазақтар мал шаруашылығымен айналысса, орыс шаруалары қоныстанушы болып есептелді, ал Сібір қазақтары осы капиталдың билік басында тұрып, жаңа буржуазияның негізін қалаған.

1880-1917 жылдар аралықтарында қала халқы 321%-ды құрады, егіндік алқап 18,1 есе артты, астық жинау көлемі 15,6 есе, мал басы 4 есе, оның ішінде жылқы 2,5 есе, ал ірі қара 7,9 есе, қой ешкі саны 11,3 есеге өсті.

Сырттан келімсектердің көптеп келуіне орай, қаланың ұлттық құрамы өзгеріске ұшырады, славян ұлтының өкілдері басымдығы байқалды. Осыған орай, қалада 13 оқу орындары ашылды оның ішінде 1 бесжылдық, 1 әйел адамдарға арналған училище болса, 1 әйел гимназиясы қызмет көрсетті. Барлық оқу орындары мемлекетке тиесілі еді және оқу ақылы болғандықтан тек қалталы адамдардың балалары ғана білім алды [41, 131 б.].

XX ғасырдың басында Петропавл қаласының мәдени дамуы гүлденген шағы болатын. Қалада бірнеше бастапқы және қоғамдық оқу орындары жұмыс істеді. Сонымен қатар, қоғамдық кітапхана, театр және көптеген мекемелер болған еді.

Жаңа экономикалық қатнастар өлкеге орыс мәдениетінің енуіне де ықпалын тигізді. Әсіресе, демократиялық интеллигенция өкілдерінің ат салысуы зор рөл атқарды. Олардың көмегімен Петропавл қаласында

ғасырдың аяғына қарай қоғамдық кеңес ұйымдары пайда болды. Қала тұрғындардың қаражаттарына алғашқы кіші қоғамдық көпшілік кітапхана ашылып, қорларында әкімшілік орталығынан рұқсат етілген орыс ағартушыларының еңбектері қойылған болатын. Мысалы, Н.В. Гогольдің, Л.Н. Толстойдың, Э. Золяның, В. Гюго, Г. Флобер және басқада сұранысқа ие Н.Г. Чернышевскийдің, В.Г. Белинскийдің, Н.А. Добролюбовтың еңбектері болды. Петропавл қаласында қоғамдық әуесқой театрланған қойылымдардың қарқыны күн күнге өсіп отырды.

Ғасырдың басында қалада көпестердің қаражаттарына алғашқы клуб салынып, түрлі тақырыптарда спектакль қойылымдары арқылы қала халқына қызмет көрсеткен еді. Театрлық қойылымдар қала халқының өмірінде негізгі орын алды. Қалалықтардың көптеп жиналатын сүйікті орындарының бірі болды. Дегенмен, үлкен қаражатты талап ететін бұл спектакльдер қалалық дума құрамындағы көпестерге өз ауырпалығын тигізгендіктен, кейде жабылып, кейде ашылып отырды [41, 134 б.].

Жаңа ғасырға аяқ басқан Ресей капиталының соңғы қарқыны өлкеде өз жалғасын тапты. Осыған орай, аудан арасында экономикалық қарым-қатынастар орнай бастады.

Мұндай үдеріске жақын маңайдағы қазақ ауылдары тартылып, оларды тегін еңбек күшіне айналдыра отырып, өңірдің отарлық сипаты жалғаса берді.

Теміржол арқылы батысқа, шығысқа, одан әрі порт арқылы шет мемлекеттерге шығуға байланысты Петропавлда өндірілген тауарлар үлкен сұранысқа ие болды және ауылшаруашылығының дамуы өсе түсті.

Қаланың мал саудасы мен ауылшаруашылығының шикізат орталығы болғандықтан мүмкіншілігі арта түсті. Петропавл қаласы Солтүстік Қазақстан аймағындағы өзіндік сауда орталығы ретінде қалыптасты. Омбы, Акмола қалалары сияқты Петропавл қаласы қойма болып

отаршылдық пен көшпенділік өнімдермен қамтамасыз ететін аймақ ретінде саналды.

Петропавлдан Ақмола, Семей, Жетісу жерлерінен казактардың айдап әкелінген малдарын теміржол арқылы Ресей империясының барлық өңірлеріне жеткізілді.

Солтүстік Қазақстанда мал шаруашылығы мен жер өңдеу кәсіптерінің өсу барысында Петропавл қаласында 1912 жылы 137-ге жуық фабрика ашылған болатын. Ақша айналымы 1266 мың рубльді құрады, осы кәсіпорындарда 1678 адам жұмыс атқарды. Солардың ішінде ағайынды Зеньковтардың тері өңдеу зауытын айтуға болады. Жергілікті сауда көпестері теміржол салуына байланысты өздерінің азық-түлік қорын толтырып отырған. 1900 жылы теміржол станциялары мен деполары Петропавл қаласынан, екі шақырымдай жерде орналасты, осыған орай маңайда жаңа орыс поселоктары салынып, халқы 4 мыңға жетті. Ресейдің орталық аймақтарынан Қазақ жеріне жер аудару саясатының әсерінен, теміржол станциялары жанында қоныстанушыларға арналған бірнеше отбасы тұратын тұрғын үй (барак) тәрізді үйлер мен жер өңдеуге арналған саймандар, әкелінген техникалық жабдықтарды сақтау үшін қоймалар салынды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс басталардың алдында қалада тасымалдаушы платформа іске қосылды. Жыл сайын тасымалданушы адамдардың, тауардың саны өсті.

Атап айтқанда, 1900 жылы 47 757 мың, 1909 жылы 78 172, 1913 жылы 172 483 мың адам тасымалданды, тауар айналым станциялары арқылы қабылданған және жіберілген тауар, оның ішінде малдарды санамағанда 1900 жылы 3504 мың пұт әр түрлі өнімдер, 1913 жылы 10 513 мың пұт тауар тасымалданды [41, 135 б.].

Жалпы алғанда, Қазақстан Қазан төңкерісіне дейін Ресей өкіметінің отарлау саясатының негізгі аймақтарының бірі болып табылады, Қазақ даласына

еуропалық өнімдерді аса ірі мөлшерде тасымалданды. Мәселен, мата, темірден жасалған құралдар, май өңдеуге арналған жабдықтар, жер өңдеу құрал-жабдықтары және т.б., заттарды енгізе отырып, сауда жасалған.

Ал Қазақ даласынан шетелдерге тек мал, ауылшаруашылық өнімдері шығарылып отырды. 1911 жылы теміржол тірегінің тізбесіндегі мәліметі бойынша Петропавлдан Шығыс елдеріне 1,7 мың пұт жүк жіберілгені тіркелді. Еуропа елдеріне 314 мың пұт жүк тасмалданған. Негізгі жіберілген тауарлар ішінде мал, май өнімдері болды.

Осылайша Ресей империясының Қазақ хандығының жерлерін жылдар бойы жүргізген отарлау саясатынан байқайтынымыз, Қазақ даласы Ресей капиталы үшін тек шикізат көзі ғана болғанын аңғару қиын емес.

Кеңестік тарихнама Қазақ халқының тарихын сынаржақ қарастырып, қазақтарды қараңғы халық ретінде көрсетіп баққан. Бұл көзқарастың қате екендігін бүгінгі шынайы зерттеулер дәлелдеп отыр. Егер Ресей өкіметі XVIII ғасырдан бастап Қазақ даласына шептер сала отырып, Қазақ хандығымен сауда қарым-қатынаста болғанын ескерсек, осы үш ғасыр бойы қазақ халқы көптеген шетелдерді мал өнімдерімен қамтамасыз еткен өзіндік даму жолы бар мемлекет болғанын айта кету қажет.

Петропавл қаласындағы негізгі шикізат өндірумен аймаққа қоныстанған келімсектер мен орыс казактары айналысты. Ал жергілікті казактар жылқы, ірі қара, қой ешкі өнімдерін өсіріп, оларды шикізатпен қамтамасыз етіп отырды.

Сонымен қатар, осы кезеңде шетел монополистері сары май, ет және тері кәсіпорындарын қаражыландырып тұрды. Солардың ішінде Дат мемлекетінің «Мейер және Лунд» ірі фирмасын айтуға болады. Ол фирма әр жеті сағат сайын мұздатқыштың мұзын ауыстырып, өнімдердің сапасын сақталуын қадағалап, қажетті жерге жеткізген.

Сол кездегі экономистердің санағы бойынша Петропавл қаласы Батыс Сібір аймағының бес ірі өңірінің бірі болып, сары май экспортының 7,29 % сыртқа шығарған [41, 137 б.]. 1909 жылы Петропавлдан Петербург арқылы Балтық флотына 163 пұт жүк жіберілді. Соның ішінде жылқы еті, ірі қара, қой еттері болды.

Жаңа сауда жолдарының ашылуына байланысты Петропавлдағы жәрмеңкелер бірінен соң бірі жабыла бастады. 1913 жылы қалада тауар айналымы екі есе өсіп жалпы соммасы 9 665 млн. рубльді құраған болатын. Осылайша Петропавл қаласы мен жақын маңдағы ауылдардың өнімдері Ресейдің басқа қалаларының кәсіпорындарының қажеттілігін қамтамасыз етіп тұрды.

1912 жылы Петропавл қаласында американдық миллионердің қарамағындағы халықаралық компания ауылшаруашылығына арналған жабдықтар жасау, кәсіпорнын ашқан еді. Дүниежүзіне әйгілі «Зингер» компаниясы Петропавлда алғашқы боп, тігін машиналарын сатудың негізін қалады. Бұл өнімдер қаладағы орыстардың ірі манафактура дүкендері арқылы, қала халқына сатылды. Атап айтқанда, Овсянников, А. Ганьшин сияқты кәсіпкерлердің жеке дүкендері ашылып, халыққа қызмет көрсеткен. Осы дүкендерде қолданыстағы тауарлар негізінде де сауда жүргізілді.

Петропавлда бұрыннан бері қоныстанған орыс көпестерінің де саудалары қызу жүрді. Мәселен, М. Түменов, И. Файзуллиндардың ұрпақтары, әсіресе аталарынан жалғасып келе жатқан қазақ ауылдарынан сатып алып жүрген қой, жылқы терілерін саудаға қойып отырған. Петропавл қаласы айырбастау сауда орталығы ретінде өз маңыздылығын жоғалтпай, басты орын боп қала берді. Осыған орай бұл орталыққа барлық Қазақ даласының байлығы ағылып, олардың тауар-ақша айналымында мал өнімдері ірімшік, айран, сары май т.б.

басқалары болды. XX ғасырдың басына қарай айырбастау орталығының аумағы кенейе түсіп, тастан құйылған 140 дүңгіршектер ашылды.

Орталықтың шығыс жағында жүк сақтайтын қоймалар болды, олар қала әкімшілігінің құзырында болған. Осы қоймалардан қала қаражатына шамамен 60 мың рубль кіріс кіріп тұрған. Жергілікті саудагерлердің жеке меншіктерінде тек 124 кіші-гірім қоймалар болатын, осылар үшін олар билікке жер салығын төлеуге мәжбүр болған. Сонымен қатар, айырбастау орталығының солтүстік шығыс жағында, Ташкент саудагерлерінің қоймалары мен сауда дүңгіршектері орналасты. Орта Азиялықтар негізінен жеміс жидек, көкөніс сату сияқты саудамен айналысты. Ортасында мұсылмандарға арналған мешіт халыққа қызмет етті. Ал жақын маңда айдап әкелінген малдарды қамап ұстау үшін қоршалған пішендер болды. Орталықтың солтүстігінде тері кептіргіштер орналасты.

Жылдың күз айларында Петропавл қаласына Қазан татарлары келіп, тері сатып алып әкетіп отырды. Петербургтен, Мәскеуден басқада Ресейдің қалаларынан келген саудагерлер болса олар айырбастау орталықтарынан негізінен ет өнімдерін аса ірі мөлшерде алып отырған. Есілге және Николаевск жәрмеңкесіне жіберілген сары май өнімі, енді Петропавл қаласының өзінде-ақ сауда айналымына енгізіліп, бұл өнімді ағайынды «Крестовниковтар» мен «Невский» қоғамдық бірлестік арқылы саудалады. Кейбір ақшалы мал өнімін өндірушілер бірден Мәскеу мен Петербургке делдалсыз апарып отырды.

Астық мол шыққан жылдары Ресейге және шетелдерге жіберіліп отырған. 1908 жылы капиталдық биржа саудалық орталығы ашылғаннан бері, қала саудасы одан әрі дами түсті. Осындай экономикалық жағдайы қалыптасқан Петропавл қаласында, Ресейліктер өңірге басқада жаңа зауыттар сала отырып, аймақтың отарлау сипатын

жалғастырды. Жаңадан салынған фабрикалар негізінен астық, мал өнімдерін, шикізат өндіруге арналды. Кейбір зауыттар еуропалық Ресейдің капиталдарына салынды, сонымен бірге сауда қыруар қаржы тапқан жергілікті көпестердің капиталдары ретінде фабрика, зауыттар бой көтере бастады. Жалпы алғанда бұл патшалық өкіметтің отарлау саясатының бір бағыты болатын [41, 140 б.].

1915 жылы Петропавлда ірі кәсіпорындарының бірі консервалық зауыт алғашқы өнімін шығарды, онда 100 адам жұмыс істеген.

Ресейден қалаға, әртүрлі тауарлар келіп түсуіне қарамастан, Петропавлда ежелден қалыптасқан қолөнер, нан пісіру, тігіндік кәсіптер сұранысын жоғалтпады.

Сауданың дамуына байланысты қалада банк ісі дамыды. Мемлекеттік банктің Петропавлдағы бөлімшесіне, қоғамдық банкке, 20 ғасырдың басында Орыс сауда-өнеркәсіп, Сібірлік сауда және Петербург коммерциялық бантері қосылды. Мұндай жағымды жаңалық жайында «Вестник финансов» атты газетте: «бұған жер өңдеу жұмысы және Тобыл губерниясындағы аңшылық кәсіптің дамуы себеп болды» - деп жазды.

1915 жылы қала халқының негізінен миграция есебінен өсіп, жалпы саны 65 230 мың адамды құрады.

Петропавл қаласы өндіріс аймағына айнала бастағаннан бері қалаға орыс деревнясы мен қазақ ауылдарынан адамдар ағылып жатты. Батыс губерния өлкесінен 1500 мыңға жуық адам қоныс аударды, олардың келуіне орай қала халқының элеуметтік құрамы едіуәр өзгеріске ұшырады. Соған қарамастан негізгі құрамы шаруалардан тұрды және олардың үлесі 97,7 % болса, дворяндармен көпестердің және дін адамдарының құрамы тек 4,3 % болды. Ресми статистика бойынша жалдамалы шаруалардың саны бар болғаны 3% дан 5% аспады. 1914 жылы 50 000 мың қала тұрғындарының тек 1641 мыңы қалалық зауыт, фабрикаларда жұмыс істеді.

Алайда бұл мәліметке теміржол станцияларының депо және 280 шақырымдық шеберхана жұмысшылары көрсетілмеді. 1915 жылы осы теміржолдар мен шеберханаларда 400 жұмысшы еңбек етсе, теміржол бойындағы бекеттегі жұмысшылардың саны 460 адамды құрады. 1918 жылы олар қала халқының 8% казактар құрады. Олар Петропавлдың Есілдің жағасындағы ой қалада қоныс тепті [41, 142 б.].

XX ғасырдың басында зерттеушілердің пайымдауынша Петропавл қаласы ежелден сауда жолы қалыптасуына ықпал еткен, және далалық ерекшеліктерді сақтай отырып құрылғанын атап көрсеткен. Бұл кезде казактар қала халқының тек төрттен бірі бөлігін ғана құрады. XX ғасырдың басында Петропавл қаласының шекарасы кеңейе түсті 1900 жылы 3000 үй болған еді, солардың ішінде 260 үй тастан қаланған, басқалары ағаш үйлер болды. Дегенмен, қаланың дамуына өкімет тарапына қаражат аз бөлініп отырды, осылайша жөндеу көрмеген жолдарды көктем, күз айларында су алып саз балғышқа айналып отырған. Тек 1912 жылы қалалық дума қаланың басты жоспарын бекітіп, орыс кәсіпорындарының банкіне несие алуға шешім қабылданды. Осылайша қаладағы жолдар мен сауда орталықтарын көріктендіруге мүмкіндік туған еді. 1913 жылы Петропавлда осы аймақтың ең ірі электростанциясы іске қосылды. Электроқуаты тек орталық көшелерде, дүкендерде, кәсіпорындарда және бай ауқатты деген адамдардың үйлерінде болды.

Сонымен қатар, полицейлік учаскелер, Вознесенский, Торговая көшелерінде жарық беріп тұрды. Бір кв. 30 рубль тұратын электрқуаттың бағасы қымбат болғандықтан, қарапайым шаруалардың қалтасы көтермеді. Медицина саласы өте нашар жағдайда болды, қаладағы жалғыз ауруханада тек бірнеше жатын төсек орындары болатын. Осылармен салыстырғанда қалалық дума, Петропавлдағы

білімге көбірек көңіл болып отырды. Жоғарыда көрсетіп кеткендей қалада 30-ға жуық білім гимназиялары болған. Мектептердің құрылысы кіші-гірім болғандықтан, онда екі жарым мың ғана оқушылар оқыды. Қала тұрғындарының балаларымен бірге ауыл тұрғындары да келіп кетіп оқып жүрді. Білім деңгейінің өсуіне орай қаладағы кітапханаларға Ресейдің еуропалық бөлігінен көптеген оқулықтар әкелінді және қалада мұсылмандардың балаларына арналған кітап сататын бірнеше дүкендер ашылды. Солардың ішінде мұсылман көпесі Мамановтың дүкенін ерекше атап өтуге болады. Бірінші дүниежүзілік соғыс алдында Петропавлда газет-журнал сататын бірнеше киоскілер де ашылған еді. Қаладағы ескі кітапхан қорын жылдан-жылға өзі толықтырып отырды.

Егер XIX ғасырдың 90 жылдары 3927 мың кітап болса, 1908 жылы 77 667 мың кітапты құрады. Күн сайын осы кітапхананың оқу залына 200-ге жуық оқырмандар келіп оқулықтар алып отырды. Петропавл славян ұлтының басым болуынан оқырмандардың көпшілігі орыс тілдегі оқулықтарды оқитын. Сонымен қатар, Петропавлда орыс тілді басылымдар шығарыла бастады, солардың ішінде сұранысқа көп ие болған «Божий мир», «Стрекоза», «Образование», «Исторический вестник» атты басылымдарды айтуға болады. Қоғамдық кітапханадан басқа 1908 жылы Петропавлда Сенаттың бекітілген жарлығына сай жекеленген мұсылман көпестерінің қаражатына, мұсылман кітапханасы ашылды. Осылайша Петропавл қаласы төңкеріске дейін әлеуметтік экономикалық қарқынының дамуын жоғалтқан емес [41, 144 б.].

XX ғасырдың басында Петропавлға 1889 саяси-қуғынға ұшыраған Г. Рудометов, С. Гофман, сияқтылар бірнеше мәрте төңкеріс ұйымдастыруға тырысқан еді. Омбы қаласынан Петропавлға теміржол

жұмысшыларының тобы келе бастаған болатын, солардың ішінде социал-демократ мүшелері де болды. Олардың барлығы «РСДРП-нің Сібір одағы» ұйымдарының өкілдері еді. Омбының «Сибирский союз» комитетінің Петропавлдағы өкілдері шаруаларға марксистік көзқарасты насихатауы да жылдам қарқынмен жүргізілді. Алғашқы марксистік қоғам Петропавлда 1902 ж. пайда болды. Олардың қатарына саяси жер аударылған шаруалар мен теміржол деполарының жұмысшылары кірді.

Уақыт өте Петропавлда марксистік ұйымдардың қоғамына қала халықтары да көптеп тартыла бастады. Омбының «РСДРП-нің Сібір одағы» ұйымының тапсырмасы бойынша Петропавлдағы А.В. Федупин, А.И. Фыгин, Н. Васильев, М.Н. Казачков, М. Козин сынды өкілдері қала халқына партияның үгіт насихаттарын жүргізіп отырды. Петропавлда марксистік көзқарасты насихаттаудың белсенді қатысушысы, «Народная воля» ұйымының алғашқы мүшесінің бірі Ф. Гусевтің белсенді атсалысқанын ерекше атап айтуға болады. Кейін ол «РСДРП-нің Сібір одағы» мүшелерінің біріне айналды. Бұл ұйымның жоспарларына В.И. Лениннің де еңбектері кіріп, басты бағдарламалардың біріне айналды.

Петропавлда социал-демократтардың әсері болғаны соншалық қаладағы жандарм учаскелерін де алаңдата бастады. Петропавлдағы төңкеріс мүшелерінің қозғалысы Омбы қаласымен тығыз байланыста болғанын байқай отырып, Омбы тек аймақтың экономикалық орталығы ғана емес, сонымен қатар саяси орталығы болғаны айта аламыз[41, 145 б.].

Өлкеде қалыптасқан жағдай Далалық аймақтың генерал- губернаторлығын алаңдата бастады, осыған орай Сухотин Ресейдің Ішкі істер министрлігіне Омбы және Петропавл қаласы аймағында төтенше жағдай жариялау, туралы хат жолдаған болатын. Осылайша 1903 жылдың 27

мамыр күні министірліктен жазбаша рұқсат алды. Патшалық үкіметтің қозғалыс толқынды тоқтатуға бағытталған бірнеше істері өз нәтижесін бермеді, шаруалардың көтерілісі күннен-күнге үлкен қарқынмен өсе бастады, барлық аймақта халықтардың қозғалысы байқала бастады. Осы кездегі орыс-жапон соғысы салдарынан патшалық өкіметтің саяси жағдайы төмендей берді. Олардың орнына жаңа шаруалар билігі таласа бастады. Ресейдің шығыстағы соғысына байланысты, Петропавлда еңбекшілердің наразылығына әкеп соқты.

Порт Артурдың құлауына орай Петропавлда соғысқа қарсы әскери адамдар мен қарапайым шаруалардың бас көтеруіне себеп болды. Социал-демократтары әсіресе Қазақстанның отарланған солтүстік аймақтарында насихаттау жұмысын белсенді түрде жүргізе бастады. Олар жергілік халықты патшалық Ресейдің шовинизімнің салдарынан туындаған ұлттық теңсіздік деп, қала тұрғындарының ой-пікірлерін өзгертуге бар күштерін жұмсады. «Сибирский союз комитетінің РСДРП» мүшелері Петропавлға марксистік ұйымдарға рұқсат берілмеген әдебиеттерді, насихат парақшыларын тарата бастады. Осылайша Петропавлда жаңа биліктің бастауы орын ала бастаған болатын [41, 147 б.].

4.2 XX ғасырдың басындағы қарама-қайшылық кезіндегі Петропавл қаласы және ұлттық интелгенция өкілдерінің қызметі

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде Алаш тағылымына қатысты өте маңызды көзқарасын жұртшылыққа «Алаш мұрасы және бүгінгіміз» – деген тарауындағы жүйелі ой-тұжырымдары арқылы жеткізді, әсіресе қазіргі Қазақстан қоғамы үшін Алаш мұрасын жанарту және зерделеу қажеттігін ерекше айтқан болатын.

Алаштанудың негізі ХХ ғасырдың басында Алаш қайраткерлері өмір сүрген кезеңде қалыптасты. Кеңестік дәуірде бұл қозғалысқа біржақты таптық баға берілгендіктен, оның ақиқатын ашуға мүмкіндік болмады. Тек қазіргі таңда еліміз егемендікке қол жеткізгелі бұл қозғалыстың тарихына, қозғаушы күшіне, Алаш белсенділерінің іс-әрекетін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік туып отыр.

Алаш қозғалысы тарихын дәуірлеу мәселесі ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи даму жолы. Сондықтан Алаш қозғалысының өрістеу, даму сипатына ой жүгірте отырып, оны бес кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең 1905-1909 жж.,
екінші кезең 1910-1912жж.,
үшінші кезең 1913-1916 жж.,
төртінші кезең 1917-1919 жж.,
бесінші кезең 1920-1929 жж. [100,11 б.].

1905-1913 жылдардың аралығында Ресейдегі жұмысшы қозғалысы мен төңкерісшілер пікірінің әсерінен қазақ қауымында идеологиялық сипаты бар көріністер байқала бастады. Қазақтың жазба әдебиетіндегі ағартушы демократ бағытындағы ақын жазушылар өнер білімге үндеу барысында билеуші таптың пайдасына бейімделе берген топпен біраз уақыт өмір сүріп, көбіне ағартушылық арнасында табысып отырды. Олардың көбі «Айқап» журналы төңірегінде болып, елдің жарқын келешегін отырықшылыққа байланысты, келіспегендермен ішінара пікір таласта болды. Осындай журнал газеттер арқылы 1912 жылдары әсіресе оқушы қазақ жастар арасында төңкерісшіл идеялар, яғни ұлттық теңдік пен азаттық идеясы тарай бастайды.

Төңкеріс қарсаңында қазақтың жас интелленциясының, ұйым құруға белсене кірісіп кеткен

болатын. Мәдени, ағарту және саяси мақсатпен Қазақстанның қалаларымен әкімшілік орталықтарында жиырмадан аса қауым ұйымдасып, өздерінің газеттерін шығара бастайды.

Омбыда білім алып жүрген қазақ жастары 1914 жылы «Бірлік» атты орталықта бастары бірікті. Бұл орталықтың басшасы Сәкен Сейфулин мен Шаймерден Әлжанов еді. «Бірлік» қазақ жастарының ұлттық көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Кейін осы жастардан көптеген ақындар және мемлекеттік тұлғалар шықты. Барлығы дерлік оқуларын тәмәмдағаннан соң саяси істерге араласуға бел буды.

Қызылжар қаласында «Талап», Семей қаласы мен облысында «Талап», «Ғылым», «Қызмет», Ақмола мен Оралда «Жас қазақ», Торғайда «Қамқор», Тройцкіде «Үміт», Атбасарда «Ынтымақ», Спасскіде «Жас жүрек», Зайсанда «Жастар ұйымшасы» және т.б., аймақтарда халықтың сана сезімін, оқуға деген көзін ашуға талпынды.

Қазақ зиялылары тарапынан осы мазмұндағы әрекеттің нышандары 1913 жылдары қайтадан бас көтере бастады. Қазақ зиялыларының бірі М.Сералин «Айқап» газетінің төңірегінде шоғырланған қазақ зиялы қауымы ең өзекті қоғамдық мәселелерді талқылып, белгілі бір тұжырымдарға келу үшін жалпы қазақ съезіне шақыру жөнінде бастама көтерген болатын.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін елде күрделі өзгерістер мен түбегейлі бетбұрыстар белең ала бастады. Бұл төңкерістен қазақ зиялылары елінің тәуелсіздігі мен халқының жарқын болашағына деген үлкен сеніммен қараған еді. Осыған орай, 1917 жылы 25 сәуір айынан бастап мамырдың 7 аралығында Ақмола облысының орталығы Омбы қаласында жалпы қазақ съезі өтті. Бұған 250 делегат Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Петропавл, Костанай, Павлодар уездерінен келіп қатысқан

еді. Осы съезде он адамнан тұратын облыстық қазақ комитеті Айдархан Тұрлыбаев басшылығымен құрылды. Ал, Мәскеуде 1917 жылы 1 мамырынан бастап 11 мамырына дейін өткен съезде Мағжан Жұмабаев Жалпы Ресейлік мұсылмандар съезінің делегаты ретінде қабылданды. Осылайша Қызылжар өңірінің азаматтары да Алаш зиялыларының қатарына еніп қазақ халқының құқықтары мен мүддесін қорғауға ат салысты.

1917 жылы 21 шілдеде ашылған 1-ші жалпықазақ съезі Ресей мемлекеттілігі және оның құрамындағы Қазақстанның тағдырын қарап, «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынды. Съезд Ресей құрылтайына депутаттыққа кандидаттар тізіміндегі ұлт зиялыларының ішінде Әлихан, Ахмет, Міржақып, Халелдермен бірге Мағжан да сайланды. Осылай Алаш саяси партиясының негізін қалаушылардың қатарында Мағжан Жұмабаев болғанын көреміз [3].

Алаш қозғалысының шарықтау шегі - 1917 жылы 5-13 желтоқсан айында Орынбор қаласында жалпы қазақ съезінің өтуі. Қазақстанның түп түпкірінен делегаттар 10 мәселе қарады. Президиум төрағасы - Бактыкерей Құлманов, орынбасарлары- Әліхан Бөкейханов, Халел Досмұхаметов, Қасымхан Кенесарин. Съездің ең негізгі мәселесі «Алаш» автономиясын және бүкілқазақстандық халық Алашорда өкіметін құру мәселесі болды. Қазан төңкерісі аясында Ресей мемлекетінің уақытша өкіметі құлап азамат соғысы басталып кету қаупі, барлығын алаңдата бастаған болатын. Осы сәтті пайдаланып қалғысы келген қазақ зиялылары территориялық мәселені шешіп алуды көздеп «Алаш» деп аталатын ұлттық автономияны жариялады.

Бұл автономияға Қазақстанның барлық территориясымен қатар ертедегі Қазақ хандығы тұсындағы территорияларды, мысалы, Закаспий, Фергана, Самарқан,

Алтай губерниясының қазағы басым болыстары кіруге тиіс еді. Осыған орай «Алаш» партиясы қаулысының төртінші бабында: *«Конституция утверждается Всероссийским учредительным собранием»*, ал бесінші бабында *«всем кто живет среди қазақ-киргиз гарантируются права меньшинства. Во всех учреждениях автономии «Алаш» представители всех наций должны быть представлены пропорционально. Представляется также экстерриториальная и культурная автономия тем, кто окажется без территории в пределах автономии «Алаш», дей келе, «Временный народный совет «Алаш Орда», состоящий из 25 членов, 10 мест из которых представить русским и другим народам, живущим среди қазақ- киргиз»* деп шешеді.

Съезд әрбір облыстың өкілінен 7, облыстан тысқара жерлерден 8 адам, барлығы 15 адам «Алаш Орда» мүшесінің кандидаты етіп сайлайды. Ал 10 орын орыс және басқа ұлт өкілдерімен толықтыру үшін бос қалды [101, 105 б.].

Міне, біздің байқап отырғанымыздай қазақ зиялылары, қазақ жерінде тұрып жатқан басқа да ұлт өкілдерінің құқықтарын ескере отырып, оларға үкіметке мүшелікке орын берілді.

Алаш көсемі Ә.Бөкейханов жаңа үкіметте іс-қағаздар мен құжаттар қазақ тілінде жазылса, оқитындар көп болып жақтаушылар көбейеді деп түсінген. Басында тіл тағдыры болған пікір, кейін ұлт мәселесін көтеруге дейін ұласты.

Ресей империясы азамат соғысының отынынан оранған кезде Алаштың алдыңғы ұлт-жанды азаматтары, қазақ елін қызылдардың қырғынынан да, ақтардың сойқынынан да сақтап қалу жолдарын іздестіріп екі жақпен де келіссөздер жүргізіп отырған болатын. Осылайша жаңадан құрылған Қазақ мемлекетінде оқулықтардың жетіспеу салдарынан қазақ балалары өз

тілінде оқи алмады. Осыған орай Алаш қайраткерлері бағдарламасында келесі мәселелер қарастырылды.

1) қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға;

2) оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы;

3) өкімет оқу ісіне кіріспеуі;

4) мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы;

5) ел ішінде кітапханалар ашылу туралы айтылады.

6) газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік - деп көрсетілген.

Әрине қазақ халқының істері большевиктерге де, және олардың қарсыластарына да ұнамағанын аңғару қиын емес.

Алаш қозғалысының өзіндік бір ерекшелігі ретінде оның жаппай ұлттық сипатқа ие болғандығының белгілі бір өңірмен шектелмей, қазақ жерінің барлық аймағын қамтығанын олардың сол өңірлермен байланысты іс-әрекеттері дәлелдеп отыр. Сонымен бірге, еліміздің Қызылжар сияқты аймағы Алаш қайраткерлерінің тағдырында елеулі орын алып, өзіндік із қалдыруына ықпал етті.

Біз сөз еткелі отырған Алаш қайраткерлерінің тағдырлары Қызылжар өңірінде тоғысып, елінің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек еткен іздері бүгінгі таңда әр жерлерден, әсіресе архив қорларының қойнауында ұзақ жылдар бойы жатып қалған деректерден мәлім болып отыр. Әрине, Алаш қайраткерлерінің әрбір тұлғасының тағдыр-қарекеті арнайы терең ғылыми зерттеуді қажет етеді және ондай әрекеттер ғалымдар тарапынан жасалуда. Осы тұрғыда оның бәрін бір арнаға тоғыстыру қиындау, дегенмен, зиялылығымен, қайраткерлігімен артынан өшпес мұра қалдырған танымал және есімдерін әлі де көпшілік біле бермейтін тұлғалардың осы өңірмен тоғысқан тағдырына тоқталуды жөн көрдік.

Петропавлда шығатын «Мағжан» атты әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналда белгілі әдебиетші ғалым Дихан Қамзабекұлының «Мағжан және Смағұл» атты мақаласы жарияланды [93].

Бұл мақалада қазақтың қайран арыстары, Алашорда қайраткерлері Мағжан Жұмабайұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Жұмағали Тілеулиннің Омбы қаласында бірге түскен суреті берілген. Үшеуі де елі мен халқының қамын жеген, тәуелсіздік пен еркіндік үшін аянбай күресіп, кеуделерін оққа тосқан азаматтар. Ғұмырнамасына қарасақ, үшеуі де осы өлкенің тумалары.

Мағжан Жұмабайұлы 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл деген жерде дүниеге келсе, Смағұл Сәдуақасұлы 1900 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданында (бұрынғы Көкшетеу облысы), Жұмағали Тілеулин 1890 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы, Шұқыркөл ауылында дүниеге келген. Осындай арыстарды дүниеге әкелген бұл өлкенің топырағы қандай киелі десек артық айтпаған болар едік.

Қазақ ұлтының аяулы ұлдарын тоғыстырған кезіндегі білімнің, ғылымның, мәдениеттің орталығы болған - Омбы қаласы. Мағжан Жұмабаев 1913 жылы Омбыға оқуға түседі. Мұнда ол алғашқы рет Сәкен Сейфуллинмен, Нығмет Нұрмақовпен танысады. Кейін Омбыда оқып жүрген көптеген қазақ жастарымен мәселен, қызылжарлық Абдрахман Байдилдин, Таутан Арыстанбеков, Смағұл Сәдуақасов, Абдолла Байтасов, Бірмұхамет Айбасов, Ахмет Баржаксин, Мұхтар Саматов, ағайынды Мұсылманбек және Мұратбек Сейітовтар сияқты бір топ қазақ азаматтарымен танысады. Алаш зиялыларының белгі тұлғасы Әлихан Бөкейханов пен Мағжан Жұмабаевтың жолдары осы Омбы қаласында тоғысқан.

Осы тұста тереңірек толталғымыз келіп отырғаны Міржақып Дулатұлының (1885–1935) бұл өңірмен байланысты қызметі. Ол ХХ ғасырдың басында күйзелген халқын отты өлеңімен оятып, өнер-білімге, еркіндікке үндеген дауылпаз ақын, белді қоғам қайраткері, ұлт жанашыры. Ғасыр басындағы аласапран оқиғалардың бел ортасында жүрген Міржақып Дулатұлы ғұмырының бір сәттері Қызылжармен сабақтас болған.

Петропавл қаласының саяси-мәдени өміріне мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Міржақып Дулатов та өз үлесін қосты. Ол 1907 жылы Жарлы Зайсан уезінен Омбы уезінің ауылдық мектебіне ауысты. Бұл ауыл шамамен Омбы қаласынан 100 шақырым жерде орнасқан болатын. М. Дулатовтың жұмысқа орналасу мәселесі Семей және Ақмола облыстарының мектеп инспекторы А.Е. Алекторовқа өтініш жазғанның соң телеграф арқылы шешілген болатын. Омбы уезнің мектебіне ауыструды өтінген ол, Алекторов қолдауына бірден ие болды.

М. Дулатов Азия мен Еуропа арасын жалғастыратын Транссібір магистралінің жолында орналасқан Омбы мен Петропавл қаласында қызмет жасауды жөн көрген. Өйткені осы екі қала сол кезеңде ірі қалалардың қатарынан көрінгендіктен, олардың қоғамдық өмірі қызықтырған еді.

Осыған орай, 1907 жылы Омбы уезінің ауылдық мектебіне ауыстырылды. 1908 жылы Омбы қаласындағы халықтық мектеп оқытушыларына арналған жарты айлық ауылшаруашылық курстарында тәлім алу тізіміне ілікті. Осы курстарға қатусы кезінде М. Дулатов пошта-телеграф шенеунігі Кухтеринмен кездейсоқ танысқаны туралы айтылады. Ол (Кухтерин) М. Дулатовты социал-демократтар ұйымының қатарына тартқан болатын. Алайда, ауылдың әлеуметтік жағдайының мәселесімен айналысқан М. Дулатов осы партия ұйымымен байланысты үзуге тура келді. Қорған болысындағы Кенашы ауылының

жағдайын шешкеннен соң М. Дулатов Көкшетау, Атбасар арқылы Торғай даласындағы Қызылбел ауылында тұратын ағасына жол тартты. Омбыдан Петропавлға поезбен, Көкшетау аймағындағы Зеренді, Приреченский, Айдабол ауылдары арқылы атпен Атбасарға, кейін Торғай даласына барып, ауылдадағы жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігін көрді.

Столыпиннің аграрлық реформасы салдарынан Ресейден Қазақстанға ағылып келген қоныстанушылар қазақ қоғамын алаңдатып қана қоймай, жағдайды күрделендіре түсті.

М. Дулатов Омбы уезінде қызмет жасай отырып, осы аймақтың белгілі беделді адамдары жергілікті қазақтар Молдахан Байкин, Қасым Исабеков, Қадыр Тілеукин сияқтылар араласып, қазақ қоғамының жаңа нысыны - жерлерді жалға берушілір тобының пайда болғанын көреді.

Архив деректеріне сүйене отырып М. Дулатов тұрған мекен-жайын анықтауға қатысты бірқатар мәліметтерді кездестірді. Мәселен, 1907-1908 жж. Қорған болысындағы Кеңашыда № 5 ауылға қоныстанып, ұстаздық қызмет атқарғандығын деректер мәлімдеп отыр.

Қоныстанушы шаруалар мен қазақтар арасында шабындық жерлер үшін жиі қақтығыстар орын алып отырды. ХХ ғасыр басында орыс-қазақтарынан қысым көрген қазақтар өз ата-мекендерін тастап, Омбы болысындағы Жалтыр атты жайлау жағына ығысқан. Осыған орай, жайылымдық жерден айрыла бастаған жергілікті қазақтардың малдары судың және жайылымның болмауынан саны азайған.

Жайлаулардың бәрі қазақтарға тиесілі болғанымен, көптеген жерлер орыс қоныстанушылардың қолына өте бастағанын байқаған М. Дулатов жергілікті халықтың көрген зардаптары алаңдата түсті. М. Дулатовты әсіресе жергілікті жер иесі қазақтардың орыс-қазақтарынан жерді

жалға алауы қатты алаңдатып қана қоймай, оның түсінбеушілігін туғызды. Мәселен, қазақтар орыстаға 200 рубль беріп жерді жалға алып отырған. Жарлы, Кеңашы ауылдарындағы жағдайды байқаған М. Дулатов Ресейдің саяси өмірін қатты сынаған болатын. Қоғамда қалыптасқан осындай келеңсіз жағдайлар, Ресейдің орталық қалаларында мұсылмандар қауымының наразылығын тудырды.

XX ғасырдың басында Повольжеде, Қазақстанның барлық жерлерінде халықтың толқулары орын алды. Ал 1905 – 1906 жж., барлық түркі тілдес халықтарың өкілдерінің съезі өтті. 1906 жылдың қаңтарында Петербург қаласында II съезде “Иттифак эль муслими” атты партияның бағдарламасы талқыланды. Мұсылмандық партияның өкілдері Мәскеу, Қазан, Петербург сияқы ірі қалаларда орын тепті. Сонымен қатар, Оралда, Ташкент, Семей, Петропавл, Омбы қаларында өз өкілдерін орналастырған еді.

Партия съезінің қаулысымен танысқан М. Дулатов тығырықтан шығу жолдарының бірі ретінде Мемкелекеттік думанының қайта сайлануы қажеттігін ойлап, 1905 жылдың 17 қазандағы еркіндік Манифесіне сүйене отырып, іске асыру туралы өз пікірін жеткізген еді. Мұсылман қауымы бағдарламасына 2 тармағы бойынша барлық бастапқы мұсылман мектептері мен медреселер толықтай білім беру жүйесіне көшу мәселесі күн тәртібіне қойылды.

М. Дулатовтың саяси өмірге белсене араласуымен қатар шығармашылық жұмысы да ұштасып, Петербург қаласында “Серке” атты басылымдарда жазба өлеңдері жариялап отырды. М. Дулатовтың өлеңдерінде қазақ және басқада мұсылман халықтарының қысым көргені және халықтың әлеуметтік жағдайы туралы жазып отырды.

М. Дулатов Түмен, Орынбор қалаларының медреселерінде тәлім беріп, кейін Түркия мемлекетінде тұрды. Алайда 1904 жылы Ресейге келіп Қазан, Уфа қалаларында қызмет жасаған еді. Петропавл, Тройцк қалаларында да қызмет еткен М. Дулатов “Автономия” атты кітап шығарып, онда барлық түркі халықтарына автономия беруді алға тартқан еді.

Тарихи деректер бойынша, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» өлең кітабы 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарк» баспасынан шыққан болатын. Бұл туынды сол кездегі жалпы қазақ қоғамына ұнағанымен, патша өкіметі оның идеялық мәнін жат көріп қуғындады. Тап осы кезде Міржақып ағамыз Қызылжарға келіп бас сауғалап, паналағаны жайлы мәліметтер кездеседі. Қаладағы Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин сынды зиялы қауым өкілдерімен танысып, кейін бірлесіп патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы белсенді күрес жүргізді. Мәселен, олардың кездесуі жайлы тарихшы, өлкетанушы Қайролла Мұқанов Міржақып Дулатұлының елдегі ағасы Асқарға жазған хатынан мынадай үзінді келтіреді: «Қызылжарға келгелі бірталай кісілермен таныстым. Олардың ішінде тез тіл табысып кеткенім Жұмағали Тілеулин деген дәрігер. Ол қаламы төселген жазушы екен. Өнерден де құралақан еместігі екеумізді жақындастыра түсті. Оның үйіне барып тұрамын. Осы қалаға келгелі орысша оқытып жүрген Мағжан Жұмабаев сынды ақыным бар. Оның менен жасы кіші, жазған өлеңдері тамаша, ақындығы күшті өте дарынды жігіт. Екеуміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десе де болады, сырласып, достасып кеттік»[94].

Тап осы сәтте айта кететін бір жәйт, Жұмағали Тілеулиннің ақынның «Оян қазақ!» еңбегінің бірнеше данасын өз үйінде жасырғаны жайында да деректер кездеседі. Осы кітапта М.Дулатов барлық отандастарын

отаршылдықпен күреске, қазақ халқының намысын оятып, білімге шақырады және патшалық Ресейдің, қазақ халқына жасап жатқан зорлық-зомблықты қатты сынаған болатын. Дулатовтың осы кітабын Ресей тарапы барлық басылымдарынан тәркілей бастайды. Осыған орай Міржақып Дулатовқа іздеу салынады. Тұтқындаудан қашқан М.Дулатов Петропавл қаласына келіп қызметін жалғастырды.

Осы бір өлеңнен бір үзінді келтерін болсақ онда былай делінген:

«Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,

Сол бір қайғын өзегімді өртеген.

Тырп етпейсін бас көтеріп көрпеден

Еңсең неге түсті мұнша, елім ай» - деп барша қазақтың намысын оятып, сауыттыққа шақырған талпынысын байқаймыз.

Ресми қызметте жұмыс істеуге болмайтынын білген ақын Петропавл қаласында қазақ балаларын сауатын ашып, оларды орыс тіліне үйрете бастайды және жеке аудармашы болып жұмыс істейді. Негізінен, Омбы және Қызылжар өңірі Міржақып Дулатұлының шығармашылық белсендігін арттыруға және саяси шыңдалуына ықпал етті. Өзінің жан-жақты дарындылығының, білімділігінің және зияткерлік қабілетінің арқасында ол аймақтағы мұсылман зиялы қауымымен жақындасып, халықтың игілігіне қажетті істермен айналысты. Атап айтсақ, қаладағы кітапхана жұмысының жандануына, балалардың білім алуы мәселесіне және халықтың тұрмыс-тіршілігіне ерекше көңіл бөлді. Қызылжар өңірінде ақынның «Бақытсыз Жамал» атты романы дүниеге келді. Қазіргі таңда дара тұлғаның «Оян, қазақ» пен «Бақытсыз Жамал» туындыларын жан-жақты саралай қарасақ, қазақтың

жүрегіне жол тапқан алғашқы көркем шығармалар болып табылады. Осы кітаптар арқылы қазақтың ішінде ояну, гүлдену, өркениетке ұмтылу деген аңсар ойлар пайда болды. Және қазақ қоғамы «Бақытсыз Жамалдың» тағдыры арқылы өз тағдырын елестетіп, ойлануға мүмкіндік алды.

Құжаттарға іздеу жүргізіп, анықтап, көзі көргендер мен туған – туыстарының естеліктері, ғалымдар мен өлкетанушылардың газет және журнал беттерінде Мағжан Жұмабаев (1983-1938) жөнінде жаңа деректер, оның өмір тағлымын, азамат, ақын, қайраткер тұлғасын ашуда жаңа қырларынан көрсетеді.

Мағжанның оқуы мен қызмет етуінде туған өлкесі Қызылжардың орны ерекше. Қызылжарда Мағжанның тамаша туындылары жарыққа шықты, осында жанын тербеткен шабытпен Мағжан биік поэзия әлемінде талмай калқып, алып ақынға айналды.

1915 ж. Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде Мағжан жерлес досы Бекмұхамед Серкебаевпен, башқұрттың көрнекті ақын-жазушылары Шайқызада Бабичпен және Сәйфи Құдашпен оқуын жалғастырды:

«Шайқызада мен Мағжан екеуі біздің медресе мақтаныштары болды. Шығыстың барлық білімін меңгерген жас Мағжан өз замандастарын таң қалдырды. Ол араб-парсы және түркі текті тілдерді жетік білді – дейді Бекмұхамед Серкебаев өз естелігінде. [2].

1912 жылы Қазанда Мағжанның «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шықты.

Уфадан оралған Мағжан, қазақтың азаматтық ұраны болған «Оян қазақ!» өлеңдер жинағының авторы Міржақып Дулатовпен кездесіп, оның кеңесімен орыс және әлем әдебиетінің шығармаларымен танысады.

1917 жылдардағы Ақпан, Қазан төңкерістерінде Мағжанның саяси қызметі басталды.

1917 жылы сәуір-мамырда Ақмола облыстық қазақ съезіне Алаш қайраткері Ережеп Итбаев, бастаған ұйымдық комитет жұмысына Мағжан Жұмабаев қатысты. Мәжілісте Омбы облыстық қазақ комитеті құрылды. Сөйтіп, Қызылжар өлкесінде ұлттық мемлекеттік билік органдары қалыптаса бастады.

Ал 1917 жылы желтоқсандағы бүкілқазақ II съезінде Алаш автономиясы жарияланып, Алаш Орда үкіметі құрылғанда, оның құрамында Солтүстік өңірдің өкілдері болды. Олар: Мағжан Жұмабаев, Айдархан Тұрлыбаев, Қошмұхамет Кеменгеров, Жұмағали Тілеулин, Ахмет Жанталин.

Мағжан өміріндегі аса бір бедерлі белес, оның қайраткерлігін айғақтайтын 1918-22 жылдар.

1918 жылы 30 шілдеде шыға бастаған, қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар «Жас азамат» газеті ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті болды.

Мағжан Жұмабаевтың «Жастарға!» деген өлеңі осы газеттің 18 тамыз 1918 жылы 3-ші нөмірінде басылып шықты, Бұл өлең сол замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе болғандай дей отыра, осы өлеңнің бірінші рет жариялануы дейміз. Өлеңнің беташары ретінде Мағжан мынадай сөздер жазыпты:

«Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алындар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойландар. Күнді - түн, жақынды – жат, пайданы – зиян деп жүрген, толық саяси хұқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойландар!» дейді де өзінің атақты «Жастарға!» деген өлеңін басқан:

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!..

1920 жылдың басында Омбыда шыққан «Кедей сөзі» газетінің және кейінірек Петропавлда жарық көрген «Бостандық туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінің жауапты редакторы болып тағайындалды.

Сол газетте басылған «Автономия кімдікі?» - мақаласында Мағжан 1920 жылы 26 тамызда жарияланған қазақ автономиясы: «Айлы, күнді, қанды, отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтікі. ... Жүз жылдар орыс аксүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, Құрығын найзадай таянған, Қу толағай жастанған, Ер қазақтың автономиясы бұл!» - деп, халыққа сөз тастап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға шақырады. [4].

Мағжан шығармаларында қоғамдық дамуды таптық жолмен қарауға қарсы шықты.

Сондықтан да басылым атауының «Кедей сөзінен» «Бостандық туына» алмастырылғаны Мағжанның тікелей қатысуымен жүргізілгені туралы пікірде колдаймыз.

1921-1922 жылдары Қазақстанды ашаршылық қамтыды. Ақмола губерниясында 1921 жылы наурызда 1021 мың адамның 472 мыңы аштыққа ұшыраған. Солтүстік Қазақстан облыстық архив деректері: «1921 ж. аяғында Аш босқындар күннен-күнге көбейіп барады. Петропавл және Атбасар уездерінде олардың саны отыз мыңнан асып кетті. Атбасар және Көкшетау уездерінде жергілікті 62 мың қазақ пен 30 мың орыс аштыққа ұшырады. Ал 1922 жылғы қаңтардың алғашқы 25 күнінде Петропавлда 70 адам аштан өлді, 105 адам ісіп-кепті. Дәл қазір 70 адамның мәйіті тамақ пунктінің қорасында үюлі

жатыр. Коммуналдық шаруашылық бөлімі көшеде аштан өлгендерді жинап, көмуге үлгере алмауда. Ақпан айында жағдай тіпті асқынып кетті. Күн суытты. Жер-жерден үрейлі хабарлар келіп жетті. Аштық пен ажал аранын ашып, Қазақстанның солтүстігінен, орталыққа қарай жылжи тарап барады. Оны токтатар күш жок сияқты.

Көкшетау уезіндегі болыстарда аш-арықтар саны 150 мың адамға жетті, оның ішінде 130304 адам мүлде аш. Әсіресе қазақ болыстары қатты күйзеліс үстінде. Аштар қайыңның қабығын, ағаштың мүгін, тіпті ұн араласқан топырақ жеуге мәжбүр. Атбасар уезінде арам өлген малдардың терісін, сүйегін кеміруде»-деп мағлұматтар береді[5].

1922 жылы 5 мамырда Қызылжарда аштыққа қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссияның мәжілісі болды. Мәжіліске Көкшетау, Атбасар, Петропавл уездерінде орналасқан қазақ ауылдарының қиын жағдайы тұңғыш рет баса көрсетілді. Қабылданған қаулыда Помгол комиссиясының құрамына қазақтардан адам кіргізу туралы Мағжан Жұмабаевтың ұсынысы қабылданып, ол аштыққа қарсы күрес комиссиясының төрағасы орынбасары болып бекітілді.

Сол күні, 1922 жылы 5 мамырда, М. Жұмабаев Қостанай губкомының өкілдері ретінде Любимов пен Ключковты Семей губерниясына іс-сапарға жіберу қағазына қол қояды.

Ертеңіне, яғни мамырдың 6-күні Иван Михайлович Бебен мен Георгий Елисеевич Сальниковты Петропавл уезі Вознесен болысы Надежда поселкесінің өкілдері ретінде Ақмола уезіне мал мен астық жинауға жіберіп, мандаттарына қол қояды.

Сол күні Мағжан аштыққа қарсы күрес үшін жедел түрде уездік Помголдің құрамына қазақ қызметкерлерін енгізу туралы айтып, бұл жұмысқа Ерденев, Бегішев,

Байғазин, Төкібаевті ұсынады [6]. Мағжан мамырдың 22-күні Жакупов Ғалымның Сарыайғыр, Келтесор, Тайынша, Жамантұз, Торангүл болыстарына аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетуге жібере отырып, нақты тапсырмалар берген. Жергілікті органдардың аштыққа ұшырағандардың тізімін, жедел түрде ақпарат беру, азық-түлік қорын есепке алып, аштарға дұрыс бөлінуіне, жиналған көмекті Помголдың рұқсатымен тарату қажеттігіне баса назар аударған.

24 мамырда мухтасиб Абдухаликовқа мұсылман халқынан көмек жинап, оның 25 пайызын Помгол қорына, 75 пайызын Қызылжардың аштарына тарату туралы құжатқа қол қойған

1922 жылғы 9- маусым күні ПОМГОЛ төрағасының орынбасары Жұмабаев губерниялық әскери комиссар Приморскийге қазақтың 100 жетім баласын және мүмкін болғанша орыс балаларын қамқорлыққа алуды сұрап, хат жолдайды [7].

1922 жылғы 11-маусым күні Мағжан «Мир труда» газетінде мақала жазып, қазақ даласындағы аштықтың тұтас ұлтқа қатер төндіріп отырғанын көрсетіп, ащы шындықты жайып тастайды:

-С осени 1921 года наша Акмолинская губерния сделалась ареной смертного шествия немого царя. С тех пор киргизы нашей губернии на почве голода переживают те же испытанья и страданья, каковым в течение двух лет подвергнуты их братья в верхних губерниях Киргизской Республики.

Перед мной лежат официальные отношения нескольких Киргизских волисполкомов Петропавловского и Кокчетавского уездов. Именалинский волисполком пишет: «В нашей волости голод начал сильно чувствоваться с ноября 1921 года. Все бедное население волости до осени, съев весь свой скот. всю зиму поголовно

занималось скотокрадством. Небывалый джунт прошлой зимы скосил почти весь скот, каковой сократился до 70 процентов. Люди пухнут и умирают....

На почве голода разрушается, киргизские хозяйства и сам народ подвергнут нравственному разложению.

Пора услышать стон Сары-Арки и понять полное страданий жуткое молчание киргизского народа [8].

Мағжан 1923-1927 жылдары Мәскеудегі Орталық Шығыс баспасы мен бұрынғы Кеңес Одағы халықтары Орталық баспасында қызмет істеген. Мәскеу әдеби-көркем институтында оқып, Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде оқытушы болған.

Ал М.Жұмабаев ұсынған «Табалдырық» манифесі жөнінде т.ғ.докторы, профессор М.Қойгелдиев: «бұл Алаштың шығармашылық саласындағы ортақ ұстанымын білдірген бағдарламалық құжат болатын. Мағжан бұл құжатты Мәскеуде жүріп даярлап, елдегі түрлі орталықтарда жүрген белгілі қазақ зиялыларына, ең алдымен ақын, жазушы және журналистерге таратып, пікір білдірулерін, лажы болса баспасөзде жариялап, оны кең аудиториямен таныстыру жағын қарастыруларын өтінуі де сондықтан еді. «Табалдырықтың» авторы шығармашылық кемеліне жеткен Мағжан болатын, ал оның артында Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов сияқты ұлт-азаттық күрестің көшбастаушылары тұрды.

«Табалдырықтың» бағдарламалық күш-қуаты оның сол бір күрделі тарихи кезеңде қазақ қаламгерлері үшін ең өзекті қоғамдық мәселелерге қатысты өз тұжырымдарын ортаға салуында еді. Сондай-ақ онда жасалынған тұжырымдар большевиктік билік ұсынған идеологиялық ұстанымдардан анағұрлым кең ауқымды еді, ал оның авторының жалпыадамзаттық құндылықтарды елеп-екшеу дәрежесіне көтерілгендігі анық аңғарылып тұрды. Манифестің ұстанымы: қазақ әдебиеті өзгеру жолында

тұрған елінің өмірлік мәселелерінен тысқары бола алмайды. ол – уақыт ағымындағы ұлттың қоршаған ортаға, түрлі өзгерістерге, тұрмысқа деген өзіндік көзқарасы, философиясы. Басқаша айтқанда, әдебиет – таза ұлттық құбылыс- деді[9].

1927 жылы туған еліне қайтып оралып, 1929 жылға дейін Петропавлдағы қазақ педагогикалық техникумы мен кеңес-партия мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген.

Мағжан 1937 жылдың наурыз айында Алматыға келеді. Сол жылы 30 желтоқсанда қайтадан тұтқындалып, кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізіп, Жапонияның пайдасына шпиондық жасады деген жалған айыппен, ату жазасына кесіледі.

Алаш арыстарының арасынан ғұмырының белсенді шағын Қызылжар өңірінде өткізген Көшке (Көшмұхамед) Кемеңгерұлы 1896 жылы 15 шілдеде Омбы уезінде дүниеге келген. Әкесі Дүйсебай қажы Көшкені молдаға да, мұғалімге де беріп, арабшаны да, орысшаны да қат-қабат үйретеді. Одан кейін Омбыдағы приход мектебін бітіріп, Омбы ветеринарлық-фельдшерлік мектебінде зоотехника және медицина негіздері бойынша білім алды. 1913 жылы Омбы ауылшаруашылығы училищесіне түседі. Ол Ресей бодандығының қамытын киген қазақ елінің ұлт-азаттығы үшін күресін осында оқып жүргенде бастады. Қазақ жастарының тұңғыш ұйымы «Бірлікке» мүше болып, оның «Балапан» атты журналына редакторлық етті. 1918 жылы ауыл шаруашылығы училищесін тәмәмдайды. Келесі жылы Ақмола облыстық халық ағарту бөлімінің саны аз ұлттар ісі жөніндегі бөлімшесінде нұсқаушылық қызметке алынады. «Жас азаматқа» басшылық жасайды. Бұл газет жастарды бірлікке шақырған еді [95].

Шынында да, Қызылжар Көшке Кемеңгерұлына жат емес. Оны белгілі Көшкентанушы ғалым Д.

Қамзабекұлының зерттеулерінен де байқауға болады. Мәселен, «Қызылжарда Көшкенің де ізі бар» атты мақаласында мынадай қызық жәйттарды кездестіруге болады. Ол осы қалада шығып тұрған «Жас азамат» (1918-1919) газетінде редакторлық еткен, «Бостандық туына» атсалысқан.

1920 жылы қала бағында Көшкенің «Қасқырлар мен койлар» пьесасын талапкер әуесқой әртістер (өздерінің алдынан оқыған Жүнісбек Жанғонақов кейін Омбы қазақ педучилищесінде ұстаз болған, жас Сәбит Мұқановтар) қойған көрінеді.

Омбыдағы Батыс Сібір мал дәрігерлік институтының медицина факультетінде оқып жүргенде студент Көшке профессор Зарницинмен бірге Қызылжар аймағында халықты сауықтыру, емдеу шараларын жүргізген. Осы сапарынан кейін ол қызылжарлық Атығай ішіндегі Ақкиіктен тарайтын Мұхамеджанның қызы Зүбәйрамен көңіл қосады. Өкінішке орай, жұбайы 1923 жылы қайтыс болған. Көшке ғұмырының Қызылжар кезеңіндегі тағы бір дерек – оның 1920 жылы Мағжанмен бірге осындағы мұғалімдерді даярлайтын қысқа мерзімді курста жаратылыстанудан дәріс оқығандығы. Міне, осы айғақтардың бәрі Көшке өмірінде Қызылжардың өзіндік із қалдырғанын дәлелдесе керек [96].

Еліне, халқына аянбай қызмет етсе де, ұзақ уақыт бойы еңбегі еленбей келген Алаштың ардақтысы, осы өлкенің тумасы Жұмағали Тілеулин туралы мәліметтер енді ғана ғылыми айналымға енгізілуде. Әр жылдары белгілі ғалым М. Қойгелдиевтің, З. Тайшыбайдың, С. Ақтаевтың, өлкетанушы Қ. Мұқановтың, қайраткердің жиені Б. Қанапияновтың Жұмағали Тілеулин туралы жарық көрген мақалалар бар. Айта кететін бір жәйт, өзге өңірлерге карағанда Солтүстік Қазақстан өңіріндегі соның ішінде Қызылжардағы Алашордашылардың қызметі әлі

күнге дейін ғылыми тұрғыда зерттелуі кенже қалып отыр. Сондықтан, бұл мәселе алдағы уақытта өзінің шешімін табады деген сенімдеміз. 2015 жылы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік архиві «Жұмағали Тілеулин» атты қайраткердің еңбектерін, ол туралы деректер және құжаттар жинағын шығарды. Еңбектің құндылығы Жұмағали ағамыздың өмірі мен қызметі және еңбектері жинақта архивтік тың деректермен беріліп отыр.

Жұмағали Тілеулин 1890 жылы Ақмола облысы Көкшетау уезі Айыртау болысының Жаманшұбар ауынында (қазіргіше Солтүстік Қазақстан облысына қарайды) дүниеге келген. 1913 жылы Орынбор әскери мектебін бітірген. 1913-1917 жылдары Петропавл уезінде фельдшер болып жұмыс атқарған. Ақмола облыстық Алаш партиясының бөлімшесін құруға атсалысқан. Кеңес дәуірінде Петропавл мен Көкшетау уезінде денсаулық сақтау бөлімінде жұмыс істейді. Қызылжар қаласында қазақ педагогикалық техникумының ұйымдастырылуы мен ашылуына белсене атсалысқан. 1922 жылдың 1 қыркүйегінде техникум ашылып, оның тұңғыш директоры қызметін атқарған. Архив деректерінде оның кеңсе қызметкерлері үшін тіл үйрену курсын ашып, қазақша сабақ бергені жөнінде мәліметтер сақталған [97].

Ахмет Байтұрсынұлының тапсырмасы бойынша ол қазақ тілінде медицина саласы бойынша оқулық және кітап жазумен айналысады. Қайраткердің 1924 жылы Орынбордан «Гигиена», 1926 жылы Мәскеуден «Жұқпалы аурулар», «Қотыр мен жұқпалы аурулар, оларға қарсы қолданылатын шаралар», 1926 жылы «Денсаулық» атты кітабы жарық көреді. Сондай-ақ, «Көз ауруы – трахома» (1924), «Мерез» (Мәскеу), «Қолдағы хайуандардан адамдарға жұғатын аурулар» (Мәскеу, 1927) атты еңбектері қазақ тіліне аударылған. Отызыншы жылдары қуғын-сүргін қасіретін толық басынан кешкен аяулы азамат 1938

жылы Қырғызстанның Новотройцк ауданында аурухана менгерушісі болып жүрген кезінде қайта тұтқындалып, ату жазасына кесілді [98].

Қазақстанның солтүстік аймақтарында қазақ зиялы қауымы өкілдерінің қозғалысы ерекше еді, олардың біразы осы жердің тумасы болса, көпшілігі түрлі себептермен келіп, бір-бірімен танысты десек те артық айтпаған болар едік. Мысалы, Кеңес үкіметін сынағандардың бірі болып Ақмола губерниясының Петропавл қаласында 1920 жылы шығарылатын «Бостандық туы» атты басылымның бас редокторы Сабыр Айтқожин Ресейдің буржуазиялық ұлтшылдық көзқарасты бірнеше жылдар бойы сынға алып келген Кеңес үкіметіне де қарсы келіп өз ой пікірлерін ашық айтатын азаматтардың бірі болды. Сабыр Айтқожин 1895 жылы 29 наурызында Ақмола губерниясының Көкшетау уезіндегі Қотыркөл болысында дүниеге келген. Уфа қаласындағы «Ғалия» атты медреседе оқытушы болып қызмет атқарды. Содан соң Көкшетау қаласында халыққа білім беру орталығының инструкторы болды. Сонымен қатар Омбы, Орынбор қалаларындағы қалың қазақ жұртына «Кедей сөзі» атты газетінің негізін қалады. Ол 1921 жылдары Ақмола губерниясындағы Қызылжар қаласында әлеуметтік тәрбие бөлімінің менгерушісінің орынбасары болып қызмет атқарған. Кейін 1937 жылы қазанда Тараз қаласында тұтқынға алынып ату жазасына кесілген.

Алаш зиялыларының саяси талаптары мыналар еді: қазақ халқының дін, тіл тазалығын қорғау, оқу ағарту, ұлттық салт дәстүрді қолдау және жер мен ел даму бағыты. Алаш қозғалысы алға қойған мақсаттары қиын болса да, олар қазақ ұлты үшін жандарын аямады, Ресей және Кеңестердің тарапынан қысым көріп, жазаға жиі тартылды.

Ақпан төңкерісінен кейін монархиялы жүйе құлап, Уақытша өкімет орнады, осыны байқаған Алаш

қайраткерлері өздерің бастаған бағдарламаларын жүзеге асыруға белсенді түрде бастап кетті. Осы тұста Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов автономиялы тәуелсіз «Қазақ мелекетін» құру керек десе, Әлихан Бөкейханов демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей мемлекетінің құрамында қазақтың ұлттық аумақтық автономиясын құруын ұсынады.

Олардың өзара пікір таластары «Қазақ» газетінде үнемі жарияланып халықтың ат салысуын және ой пікірлерін ескерген болатын. Қалай болғанда осы екі ұсыныстың екуіне де ортақ мәселе- Қазақ автономиясын құру еді. Сонымен ұзақ айтыс тартыстан соң 1920 жылы 26 тамызында Қазақ автономиялық Кеңестік Республика құрылды.

Кеңес өкіметін сынағандардың бірі болып Ақмола губерниясының Петропавл қаласында 1920 жылы шығарылатын «Бостандық туы» атты басылымның бас редакторы-Сабыр Айтқожин Ресейдің буржуаздық ұлтшылдық көзқарасты бірнеше жылдар бойы сынға алып келген Кеңес өкіметіне де қарсы келіп, өз ой пікірлерін ашық айтатын азаматтардың бірі болды. Сабыр Айтқожин 1895 жылы 29 наурызында Ақмола губерниясының Көкшетау уезіндегі Қотырқөл болысында дүниеге келген. 1914-1916 жылдары Қызылжарда мұсылман қазақ мекетесінде, кейін Уфадағы Ғалия медресінде тәлім алған ол 1921 жылдары Ақмола губерниясындағы Қызылжар қаласында әлеуметтік тәрбие бөлімінің меңгерушісінің орынбасары болып қызмет атқарған.

Уфа қаласындағы «Ғалия» атты медреседе оқытушы болып қызмет атқарды. Содан соң Көкшетау қаласында халыққа білім беру орталығының инструкторы болды. Сонымен қатар Омбыдағы қазақ жұртына «Кедей сөзі» атты газеттің негізін қалады. Кейін 1937 жылы 2, 3

қазанда Тараз қаласында тұтқынға алынып ату жазасына кесілген.

Алаш қайраткерлерінің арасында жоғарыда тегі аталып кеткен Қызылжар өлкесінің азаматтары да ат салысқаны көріп отырмыз, ол Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин, Смағұл Сәдуақасов тағы да аты аталмаған азаматтар біздің өңірде баршылық. Осы азаматтар қазақ халқының сана сезімін ояту үшін кез келген салада қызмет жасауға тура келді. Мысалы айтқанда Мағжан Жұмабаев «Бостандық туы» атты газетінің редакторы бола тұра басқа Алаш партиясының бағдарламасына сай жұмыстарына белсенді түрде қатысып отырды.

Көлбай Төгісов Қызылжардағы (1879-1919жж.) «Үш жүз» партиясының төрағасы Семей облысының Ақсуат ауданы Ойшілік ауылда дүниеге келген, Елжас Бекенов (1892-1938жж.) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Қарағаш ауылында туған, 1912 жылдары Муратов диірмеде, теміржол бекеттерінде, кейін Қызылжардағы «Кеңес ауылы» газетінің бас редакторы болған.

Сейітбаттал Мұстафин (1892-1937жж.) қазіргі Ақмола облысы Еңбекшілер ауданында туған, 1913 жылы Түркияның Стамбул қаласындағы мұғалімдік семинарияны тәмәмдаған, содан соң Семей қаласында ұзақ жылдар бойы мұғалім болып қызмет атқарды. 1925-1930 жылдары Қызылжардағы педтехникумда ұстаз болып жұмыс істеді. Жұмағали Тлеулинмен тығыз байланыста болып Мағжан Жұмабаевпен де пікірлес жақын болды.

Әнес Іліясов (1897-1938жж.) бұрынғы Көкшетау облысы Рузаев ауданының тумасы, Петропавл уездік оқу бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеген.

Әбушахман Жамболов (1899-1937жж.) Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Көксау ауылында туған.

1934 жылы Петропавл қалалық партия комитетінің екінші хатшысы.

Жанұзақ Жәнібеков (1890 ж.) Қызылжар қаласында дүниеге келген, 1919 жылы Қызылжар оқу бөлімінде қызмет істеді.

Мұратбек Сейтов (1899-1937жж.) туған жері белгісіз Қызылжар қаласының ауруханасында оташы боп қызмет атқарған, Жақия Уақбаев (1904-1934жж.) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Есперлі ауылында дүниеге келген міне осындай қазақ азаматтары Қызылжар қаласында адал қызмет істеп жүріп кейін 1920-1937 жылдары Кеңес өкіметі тарапынан қуғын сүргінге ұшырап атылып кетті [103, 21 б.].

Ақмола облысының Көкшетау уезінде 1893-1937 жж. туған Есім Байғаскин алғашқысында 1919-1923 жылдары Петропавл уездік, Ақмола губерниялық атқару комитетінде қызмет атқарған 1925-1937 жылдары Ташкент қаласында «Ақжол» газетінің редакторы болып, Алаш партиясының идеяларын халыққа насихаттап отырды.

XX ғасырдың басында Алаш қозғалысының өлкедегі жетекші саяси күш ретінде танылуының өзіндік себебі бар еді. Қазақ қоғамының Алаш қозғалысына қолдау көрсетіп, оған ілесуінің әр түрлі сипаттағы мән-мағынасы атап айтқанда мына мәселелерде көрініс тапты:

біріншіден, Алаш қозғалысы қайраткерлері өздерінің білімділігі мен біліктілігімен көпшіліктің үміт-сенімдерін әрдайым ақтап келді;

екіншіден, қозғалыстың ағартушылық саласындағы орынды іс-әрекеттері, олардың қазақ қоғамы арасындағы беделін көтерді;

үшіншіден, ұлттың бірлік пен халықтың өзін-өзі билеу құқын іске асыруды жолға қою бағытындағы туындатқан идеясының жұртшылыққа кеңінен мәлім болуы т.б. іс-

әрекеттері Алаш қозғалысының өлкедегі жетекшілік позициясын айқындап берді.

Алаш зиялылары Қазақстанның барлық өңірлерінде жергілікті басқару ісіне, болыс сайлау, партияға кіру және думаға сайлану, баспасөзге жариялану секілді істерге белсене араласып отырды. Алаш қайраткерлерінің арасында жоғарыда тегі аталып кеткен Қызылжар өлкесінің азаматтары да ат салысқанын көріп отырмыз. Мәселен, Мағжан Жұмабаев «Бостандық туы» атты газетінің редакторы бола тұра басқа Алаш партиясының бағдарламасына сай жұмыстарына белсенді түрде қатысып отырды.

Петропавлда 1917 жылы Көлбай Төгесов құрған «Үш жүз» партиясы ұсақ бужуазияшыл демократтардың саяси партиясы болды. Партия құрамында зиялы қауым өкілдері, революцияшыл демократиялық бағыттағы жұмысшыларымен кедей шаруалар болатын. «Үш жүз» партиясы «Алаш» партиясының бағдарламасымен келіспей, ұдайы оларға қарсы шығып отырды. Партия құрылғаннан кейін бірнеше күннен соң Қызылжар қаласында партияның үні боп табылатын «Үш жүз» газеті жарық көре бастады. Басқада қазақ зиялы қауымдарының басылымдары секілді қарапайым халыққа өз бағдарламаларын ұсынып жатты. Алайда «Үш жүз» газетінің тағдыры алысқа бармады, осылайша бұл газет 1917 жылдың желтоқсанынан бастап 1918 жылдың мамырына дейін шарық көрді. Өйткені қазақ зиялы қауымдарына жүргізген қудалауға «Үш жүз» партиясының мүшелеріде іліккен еді.

Олардың баспанаханасы Алаш Орда мүшелерінің «Жас азамат» атты газетіне берілген болатын [105, 18 б.].

«Алаш» партиясы мен «Үш жүз» партиясының көзқарастары сәйкес келмеуі Үш жүздіктер Кеңес өкіметін қолдап, олардан әрдайым қолдау алып отырған. Кейін

Қ.Төгісов Колчактың жеңдеттерінің қолынан Омбы қаласында қаза тапты.

Кейінірек уездік комитеттер қалыптаса бастайды солардың ішінде Петропавл уезінің Алаш партиясы комитетінің төрағасы болып Жұмағали Тлеулин, Салмақбай Күсемісов, Мұхаметрахым Қарабалин тағайындалады. Партияның белсенді қатысушылар қатарына Біләл Малдыбаев, Абылай Рамазанов, Есім Байғаскин жатты.

1917 жылы билік басына келеген большевиктер көпке дейін ұлт интеллегенцияларын жеке рухани, әлеуметтік күш ретінде мойындамай келді. Бастапқы кезде олар қазақ зиялыларын сауатты оқығандар қатарына жатқызды, орысша оқығандарды Кеңестік саясатты жүргізуге қызмет еткізуге күш салды. Коммунистік басшылар қазақтың оқығандарын ескі интелегенция және жұмысшы-шаруа интелегенциясы деп екі бөліп қарады. Кейін оларды бір - біріне қарсы айдап салып отырды. Қазан төңкерісіне дейін елге танылған, халықтың рухани жетекшісі қызметін атқарған ұлт интелегенциясының бәрін Алаш топтарының зиялы қауымына жатқызып, саяси айыптар тағылып, қоғамдағы беделін түсіруге кірісті.

XX ғ. 20-жылдардағы жалпы алғанда Солтүстік Қазақстандағы қоғамдық саяси ахуалды айта отырып, Кеңес үкіметі қоғамның таптық құрылымына қатты маңыз бергенін және оның өзіндік саяси негіздері мен себептері де болғанын айту керек.

Алаш қайраткерлерінің іс әрекеттерінің бастысы да, маңыздылығы да -қазақ ұлтын отарлық езгіден босатып, егемендік алу еді. Қазақ жастарының білімдерін асырып, келешекте қазақтар өз мемлекетіне тәуелсіздікке жететіне олар үлкен үмітпен қараған болатын.

Ұлт зиялылары аз уақытта қазақ халқына көптеген жақсы істер жасап, қазіргі тәуелсіз Қазақстан

Республикасының негізін қалауының бастауы десек те артық айтпаған болар едік. Әрине, Алаш партиясы осы бір аз уақытта партия ретінде қалыптасып үлгермегені туралы академик К.Н. Нүрпейісов өз еңбегінде «Алаш және Алаш Орда» атты кітабында айтқан еді. Автордың пікірінше Алаштықтар тек Қазақ автономиясының көлеңкесі ретінде қала бергені туралы айтылады.

Қызылжардың алаш қайраткерлері қазақ жастарының, жалпы қазақ қауымының тәуелсіздікке деген арман-мұңын айғақтап, қоғамдық сананы оятуға күш салғанын, Мағжан Жұмабаевтың досы Жұмағали абақтыға түскенде арнаған жырынан үзіндімен аяқтағымыз келеді:

Ардақты ер! Ұмытылмас қылған ісің,
Күні ертең айбынды Алаш жинап есін,
Көксеген көп заманнан тілегінді
Жарыққа шығаруға жұмсар күшін, - деген екен.

4.3 1917 жылғы ақпан төңкерісі және Петропавл қаласы

1917 жылғы ақпан- наурызда Ресей империясында патша үкіметін құлатып, елде буржуазиялық-демократиялық республика орнатқан төңкерісі болды. Ақпан революциясының жеңісі саяси жүйенің жоғарғы сатысы — республикалық құрылысқа көшуге жағдай туғызумен қатар отаршыл жүйенің күш-қуатын әлсіретуге де мүмкіндік берді. Нәтижесінде ресми билікті қолына алған мемлекеттік Думаның шешімімен құрылған Уақытша үкіметі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқандарды жазалау экспедицияларының әрекеттерін тоқтатты. Ресей империясы аумағында кең көлемде саяси бостандықтар орын алып, бүкіл қоғамдық өмірдің демократиялануы басталды, жасырын түрдегі партиялар жариялық жағдайға шықты, жаңа партиялар мен басқа да саяси ұйымдар құруға рұқсат етілді. Алайда Ақпан

революциясы негізгі соғыс және жер мәселелерін шеше алған жоқ.

Уақытша өкімет Ресей империясының Қазақстан сияқты отар аймақтарында кадеттерден, эсерлерден және өзінің саяси бағытын жүзеге асыруға сенімді деп табылған казактың ұлттық-демокриялық интеллигенциясының жекелеген өкілдерінен өлкелік, облыстық және уездік комиссарларын тағайындады. Ә.Бөкейханов Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы, М.Тынышбаев Жетісу облысындағы комиссарлары болып тағайындалса, М.Шоқай, А.Бірімжанов, А.Кенесарин Түркістан өлкесі мен Торғай өңіріндегі Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында жауапты қызметтер атқарды. Қазақстанның облыс, уезд орталықтарында Уақытша үкіметтің жергілікті органдары — атқару комитеттер, коалициялық комитеттер, азаматтық комитеттер жүйесі қалыптасты. Олар негізінен жергілікті орыс буржуазиясының, кәсіпкерлердің, банкирлердің өкілдерінен құрылып, кадеттердің, эсерлердің және соларға жақын саяси партиялар мен қозғалыстардың мүшелері болды. Уақытша үкіметтің өлкедегі ұлттық тірегі 1917 жылғы наурыз айынан құрыла бастаған қазақ және мұсылман комитеттері болды. Олар негізінен сол жылғы шілде айында казактың ұлттық Алаш партиясын ұйымдастырған Ә.Бөкейханов басқарған ұлттық-демокриялық интеллигенцияның жетекшілігімен құрылды.

Ақпан төңкерісі қарсаңында Петропавл қаласы Қазақстанның экономикалық орталығының бір болатын. Қала тұрғындарының саны 60 мың тұрақты тұрғындар, сонымен қатар Петропавл уезінен, Көкшетау және тағы басқа қалалардан келген 40 мың адам және 10 мың әскери адамдар болған еді. Петроградтағы төңкеріс хабары Петропавл қаласына жете салысымен қала тұрғындарының, әсіресе, қара жұмысшылар қуанышпен

қарсы алып, алаңдарға шығып, митинг өткізе бастады. Келесі күні қалалық думада осыған орай отырыс ұйымдастырылды, бұл отырыста социал-демократтар мен монархияны жақтаушылар арасында қызу тартыс болған еді.[106, 15 б.].

Кадеттер «Халық бостандығы» атты партияға біріге бастады.1917 жылдың 4 наурызында олар қоғамдық қауіпсіздік коалициялық комитетін құрды. Солардың ішінде бірнеше белгілі адамдар бар, олар-Мазаев, Казанцев, Нагаткин сияқтылар. Ал қала көпестерінің қоғамы революциялық қозғалысты бәсеңдетуге тырысты. Сөйтіп қала тұрғындарын тыныштандыруға шақырған болатын.

Сол кезеңде Ресейдің басқа да қалалары секілде Петропавл қаласында социал-демократтар жұмысшылар депутаттарының Кеңестерін құруға қызу кірісіп кетті. Белсенді ұйымдастырушылар- жергілікті тұрғындар А.М. Поволоцкий, К. Сүтішев, Г. Едресов секілді адамдар болды. 1917 жылдың 5 наурызында Петропавлда жұмысшы депутаттарының Кеңесі құрылды. Көп кешікпей солдат депутаттарының Кеңесі құрылды.

Мұрағатта сақталған Петропавлда жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі мәжілісінің хаттамасына қарағанда, 1917 жылғы сәуірдің 8 жұлдызында Кеңес қатары басқа қоғамдық ұйымдардан келгендерді «шешуі дауыспен» қабылдау туралы шешім шығарған. Сол күні қалада тәртіп сақтау үшін милиция жасақтау жөнінде келісімге келіп, милиция құру жөнінде арнай комиссия сайлаған. Комиссия құрамына Исуренко, Дубынин, Сычев, Кириченко, Яковенко, Савинцев, Голяшин, Алферов, Величко және Гриневич –барлығы 10 адам сайланған. Бұл құжаттағы маңызды мәселе, өткен 1916 жылы әскер қатарына шақырылған қазақтар жөнінде қабылданған шешімді айтуға болады. Кеңес мүшесі Богоменов тұрып.

«Қазақтарды не істейміз. Олар тылда да жұмыс істемейміз деп, дүрлігіп жатыр», деген. Жиналысқа қатысушылар бұл ұсыныс жөнінде: «Қазақ арасына қазақша білетін мылтықсыз солдаттар және мұсылман депутаттар, мұғалімдер жіберу керек. Сөйтіп, қара жұмыс істеуге көндіру қажет», деген қаулы алынған. [107, п 1.]

Социал-демократтар Петропавл қаласының кәсіпорындар жұмысшыларын сайлауға белсене қатысуға шақырды.

Уақытша үкімет билікті қолына толық ала, алмай саяси жағдай шиеленесіп тұрған кезде қиыр аймақтарда да берекесіздік орын алды. Уақытша құрылған атқару комитеттері мен қазақ комитеттері бас біріктірмеді. Өйткені, олардың екеуінің мүддесі екі түрлі еді. Қазақтар самодержавие күйрегеннен кейін өз тағдырына ие болғысы келді, бірақ билікті өкімет орнай қоймаған. Ал, қазақ еместер, жасыратыны жоқ, отаршылдық пиғылдан алыс кете алмай, егер Қазақстан тәуелсіздік алатын болса, өздеріне жайсыз тиеді, деген ниетпен ашық қарсылық танытты. Мұның мысалы Семейден де, Верныйдан да, Қарқаралыдан да, Ақмола мен Қызылжардан да көруге болады.

Мысалы, 1917 жылы 14-сәуірде Петропавлдың уақытша уездік атқару комитетінің құрамын өзгерту туралы мәселе қараған жиналыс болды. Оған қала сыртындағы қазақ және орыс ауылдарынан өкілдер қатысты.

Жиналыста Ресей патшасы тақтан түскенімен, уақытша үкімет жергілікті билікті жұртшылыққа бермей жатқандығына наразылық білдірді. Уездегі билік әлі де офицерлердің, казак әскерлерінің қолында қалып келеді. Сайлаусыз құрылған билік құрамына шаруалар мен қазақ ұлтының өкілдері шақырылмаған.

Осылайша үкіметсіз қалған Ресей империясының әр аумағында, оның ішінде орталығы әлі Омбы, бірақ негізгі тірегі Петропавл болған Ақмола облысында да биліктің кімнің қолында болуы керектігі шешілмей жатты. Алаш көсемдерінің ұйымдастыруы бойынша уездік атқару комитеттерімен қатар, жарыса қазақ комитеттері де құрыла бастады.

Қазақ комитеттерінің өтпелі кезеңде жергілікті ұлт мүддесін қорғау үшін құрылғанын, олардың большевиктік немесе қандай да революциялық бағдарламасы болмағандығын атап айтқан дұрыс. Себебі, Кеңестік тарихта қазақ комитеттері шетінен ұлтшыл, керітартпа, бұқара халыққа қарсы билік институттары болып еді, деген пікір қалыптасқан. Өкінішке қарай, әлі де 1917 жылы Қазақстанда құрылған белгілі дәрежеде мемлекеттік билікке араласқан, негізінен Алаш қайраткерлерінен құрылған уездік, облыстық қазақ комитеттері жан-жақты зерттеліп, олардың бағасы берілген жоқ.

Әрине, кезінде тек большевиктер ғана емес, орыстың социал-революционерлері бастаған басқа да қадау-қадау саяси ұйымдар иессіз қалған биліктен үміткер еді. Бірақ олардың бірде-біреуі қазақ даласында қазақтарға күн туғызамыз деп ойлаған жоқ. Ұлыдержавалық шовинизм, отаршылдық туын жықпай, екі ғасыр билеп-төстеп қалған дәстүрді одан әрі жалғастырғысы, тіпті нығайтқысы келді. Мысалы, Петропавлда жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі мәжілісінің хаттамасына қарағанда, 28 сәуірде өткен мәжілісінде Ресейдегі Құрылтай жиналысы туралы мәселе қаралып, қабылданған қаулыда: «Құрылтай жиналысын тез арада шақыру талап етілсін Сайлауға эсер және социалистік партиялардың қатаң бақылауымен өтетін болсын» деп жазылған. Уақытша Үкімет органдарының жұмысына осындай партиялар бақылау жасайтын болсын, деп ұйғарылған.

Жергілікті өзін-өзі басқару, азық-түлік қорын жасау органдары да саяси партиялардың басшылығымен жұмыс істеуге тиіс деген шешім алынған. Жиналыс төрағасы үшін Мурашко, хатшы үшін Копылов қол қойған хаттамада қалада тұратын этнос өкілдерінің саяси құқықтары, тұрмыс-тіршілігі туралы ештеңе айтылмаған.[107,11-15пп.].

Қазақстанға орталық аудандардан эмиссарлар жіберіліп, бүлікшіл үгіт жүргізе бастады. Олардың ішінде кейін кеңес үкіметі кезінде шулы әрекеттерімен мәлім болған матрос Авдеев сияқтылар бар еді. Осы кезде Омбыдағы «Свободная речь» газеті қазақ даласына 35 большевиктік үгітшінің өтіп кеткенін хабарлады.

1917 жылғы 30-тамызда Петропавл советі 12 адамнан Әскери-төңкеріс комитетін (военревком) құрды. Оның құрамында 3 большевик, 4 солшыл эсер, 3 меньшевик-интернационалист және 3 эсер болды. Міне, тіпті осындай жағдайдың өзінде большевиктердің заңды билігі туралы сөз айтуға бола ма? Ал, осы советтің де, комитеттің де құрамында бірде-бір қазақ болған жоқ.

Осылайша,1917 жылы қазан төңкерісінен кейін де, солтүстік өлкеде, оның орталығы Петропавл қаласында қилы-қилы оқиғалар болды. Мысалы, желтоқсанның 12-күні Петропавл қалалық думасы жоғарыда аталған Военревкомның билігін мойындамау жөніндегі шешім қабылдады. Екі күннен кейін Военревком таратылды. Оның орнына жұмысшы және солдат депутаттары қалалық советінің атқару комитеті құрылды. Жергілікті халық большевиктердің баса-көктеп билеуіне, қысымына төзбей бас көтерді.

Кейін де «саналы саяси күрес, халықты бостандыққа жеткізетін революциялық іс-әрекет» деп жазылғанымен, 1917-1919 жылдардағы, тіпті, 1921 жылға дейін созылған большевиктік арандату қимылдары

Солтүстік Қазақстан тарихында аса бір шиеліністі, үрейлі, кантөгіске толы кезең еді. Жергілікті қазақтар да, қазақ еместер де қатты қиянат көрді, қалың қауымның азаматтық ар-ожданы, құқықтары аяққа басылды. «Ақтар» мен «қызылдардың» бірі қашып, бірі қуған аласапыран замандар өткен ...[108. 50-51 бб.].

1917 жылы шілде-қыркүйекте Ресейдегі өкімет билігі үшін тартыстар Петропавлда да көрініс тауып отырды. Кеңестерде бірде меньшевиктер, бірде большевиктер басшылыққа ие болып отырды. 10 қыркүйекте Петропавлдағы қазақ комитетінің құрамын қайта сайлау жиналысы болды. «Жиналысты өткізуге басшылық жасау үшін,-денлінген, осы оқиға туралы газет хабарында,- Омбыдан. Ақмола облыстық қазақ комитетінің төрағасы (Айдархан Тұрлыбаев.-авт.) келген. Жиналысқа қазатармен бірге, қала татарлары да белсене қатысқан. Жергілікті қазақтар Алаштың ниеттесі, ұлттық билік органы саналған «Қазақ комитетін» сайлауға ерекше белсенділік көрсеткені сонша, жиналыс қатарынан үш күнге созылған. Қатысушылардың бір тобын, мысалы патша заманында шен-шекпен алып қалған Торсан Тілемісов сияқты байлар қолдаса, оған қарсы жікті Салмақбай Күсемісов сияқты көзі ашық белсенді азаматтар бастаған. Қалаға білім жетілдіру курсына ауылдардан келіп жатқан мұғалімдер үшінші топ болып пікір білдірді. Ақыры, бір келісімге келе алмағандар комитетті бұрынғы құрамында қалдырған. Алайда, мұрағатта бұл құрам туралы дерек сақталмаған.[109].

Большевиктер қаладағы кәсіпорын жұмысшыларына ғана емес, гарнизон әскерлеріне үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізді. Большевиктерін жер, бостандық және ұлттық теңдігі ұрандарына сенген қала тұрғындары билікті Кеңестерге беруді талап ете бастады.

1917 жылдың 22 қараша күні қабылданған уақытша төңкеріс комитеті Петропавл қаласындағы, уездердегі билікті қантөгіссіз көпшіліктің қолдауымен алған болатын. Бұл төңкеріске қарсы болғандарды большевиктер жағы іс-шара қолданып төтеп беріп отырды. Осылайша қаланың билігі большевиктердің қолына өте бастаған болатын. Қарсы келеген саяси күштерді тоқтату барысында, кеңестер жағы қалады басқа фракциялардың газет, журнал басылымдарын жабуға кірісті [106, 22 б.].

Кеңестер Еңбек комиссары М.С. Курнаковті, азық-түлік комиссары А.И. Быстрицкийді, әскери комиссар Ф.Е. Шананинді, сауда және кәсіпорын комиссары болып А.И.Пучкаревті тағайындалды. Сөйтіп комиссарлар қалық думаға, теміржол бекеттеріне, уездің милиция және пошта пунктеріне жіберілді.

1917 жылдың қыркүйек пен қазан айларында Ресейдегі төңкерісшілдік дағдарыстың шұғыл пісіп жетілген кезеңі еді. Большевиктердің жер, бостандық, бостандық, ұлттар теңдігі сияқты ұрандарыны сенген жұмысшылар мен шаруалар өкіметі Петропавл қаласындағы билікті Кеңестердің қолына беруді талап ете бастады. Сөйтіп қаланың 2135 жұмысшылар тобы большевиктерді қолдаған болатын. Осыған орай большевиктердің ұсынысымен Петропавлдық кеңестер ұйымы ІІ Бүкілресейлік съезге қатусуға кеткен делегаттарға телеграф арқылы жұмысшылар мен шаруалар кеңесіне дауыс беру туралы хабар жіберді.

Өлкеде болып жатқан қоғамдық саяси оқиғалардан Қазақ даласынында қалыс қалмағандығының, қазақ ауылдарында да саяси белсенділік пен ұлттық сананың оянып, бұл процестерге қазақтардың да біршама жақсы араласқанын аңғарамыз.

Қазақтар арасында жерлері мен шабындықтарын қайтарып беру туралы наразылықтың күшейгенінің кейбір

жерлерде орыс шаруаларымен қақтығыстарға барғандығы туралы жеделхаттар Ақмола облыстық жер комитетіне келе бастады. Большевиктік, социалистік идеяларды көптеген саяси күштер мойындамады, ал қазақ өлкесінде ұлттық зиялы қауым өкілдері, қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік экономикалық ойларын, Кеңес өкіметіне дейін айтып насихаттап, социализм идеяларының жат екендігінің айтқан болатын. Большевиктермен Кеңес өкіметі ұлттық мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш көсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік саясатын таңдап алған болатын. Сондықтан да қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырумен болды.

1917 жылдың 29 қарашасында Петроград қаласының II Бүкілресейлік съезінің ВЦИК делегаты А.А.Звездов Петропавлға келіп баяндама оқып партияның қабылдаған шешімдерін айтқан соң, Омбы қаласында III Батыс Сібір съезге дайындық жұмыстары мен өткізілетіні туралы шешім қабылданды.

Баяндама оқылғаннан кейін Петропавл қаласының шаруалар мен жұмысшылар кеңесі Петроград қаласының шешімдеріне қолдау айтып, олардың бастаған саяси кадамдарына сенім білдіретіне бір ауыздан дауыс берді. Омбы қаласында 1917 жылдың желтоқсан айында Батыс Сібір кеңестерінің съезі өткеннен соң Ақмола облысы, оның ішінде Петропавл қаласында Кеңес өкіметінің тұрақтап қалуына маңызды рөл атқарған еді. Осы съезде Петропавл қаласынан төрт делегат қатысып барлық Батыс Сібір аймағы, Ақмола және Семей облыстарының биліктерін Кеңес өкіметінің қолына тапсыруға дауыстарын берді.

Сонымен қатар осы өңірдегі жұмысшылар мен шаруалардың Халық кеңес комиссарларын қолдауға дайын екендігін айтты. Алайда бұл Бүкілресейлік съезде

Кенестерді құру көпшілік тарапынан бірден қолдау тапқан жоқ екендігінде айтып кетуіміз қажет. Мысалы Батыс Сібір шаруалар депутаттарының Кеңесі өзінің Бүкілресейлік шаруалар депутаттарының Кеңесіне жолдауында, барлық төңкерісшіл, социалистік саяси күштердің бірігуі қажеттігін, бірақ та, большевиктердің саяси күреске күш қолдануын құптамайтының білдірген еді. Жалпы қоғамдық-саяси өмірдің осы кезеңдегі жер мәселесі негізгі болғандығы шындық. Аграрлық проблема тек орыс селосында ғана емес сонымен қатар қазақ арасында да үлкен шиелініс туғызды [106, 23 б.].

Омбы уездік шаруа депутаттарының II съезінде «Үш жүз» партиясы атынан сөйлеген Көлбай Тоғысов барлық болыстық, селолық жер комиссарларында қазақтардан да өкілдер кіріп, жерді социалистік негізінде бөліп және облыстық қазақ социалистік партиясы комитетін құрмайынша, бұл мәселенің түбегейлі шешілметінің мәлімдеді. Кейін Тоғысовтың табандылығымен болыстық жер комиссиясы құрамына екі орыс казак және екі қазақ кіреді.

Кеңестердің төңкерістің қарсы күштеріне, яғни, тап жауларына қарсы «қызыл жорығы» әскери трибуналдан құрудан басталды. Мұндай трибуналдар Омбы, Петропавл, Акмола сияқты қалаларда құрылды.

Барлық жерде ескі мемлекеттік басқару аппараттарын кеңестік органдармен алмастыру жүріп жатты. Олардың қатарында Петропавл қаласыда болғанын айтуға болады. Кеңес уездегі барлық милиция шендері мен қызметкерлерді дереу ауыстыруды, егерде қызметіне сәйкес келмесе немесе бағынбаса істі сотқа беруді талап етті.

Жаңа өкіметтің алдында тұрған үлкен міндеттің бір ол халықты азық - түлікпен қамтамасыз ету болатын. Большевиктердің азық-түлік проблемасын шешуге

ашықтан- ашық күштеу әдістері көп жерде наразылық та туғызып отырды.

Реквизиция тек ірі меншік иелеріне ғана емес, орта, шағын дәулеттілерді және ауқатты шаруаларды да қамти бастады.

Оны Кеңес қызметкерлерінің өздері де мойындауға мәжбүр болды. Барлық жерде жұмысшы шаруа кеңестерінің өкімет билігін тартып алуы Қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап саяси биліктен айырылған таптардың қарулы қарсылығын туғызды. Осылайша желтоқсан айының орта шеніненде Петропавл қаласында большевиктерге қарсы бағытталған жоспарлар әзірленіп жатты. Олардың қатарына қаланың көпестері, орыс казактары мен қазақ зиялылары да болды.

Кеңестік билік тарапынан түсінбеушілік пен қолдау табудан күдер үзген Алаш Орда, енді большевиктерге қарсы ымырасыз күрес жүрізуді алға қойды. Петропавл қаласының большевикі П.В.Клоковтың басшылығымен әскери трибунал арқылы қарсы шықандарды басып, әскери тергеу комиссиясында қамап ұстады. 1918 жылдың қаңтар айынан бастап мировой сот билігі негізінде Петропавл қаласында халық соты пайда болды, оның төрағасы ретінде П.Н.Шупко атты большевик тағайындалды. Ал сот тергеу органы енді сот тергеуші комиссиясы деп өзгертілді, төрағасы П.В.Клоков болды. Комиссия құрамына Я.Д.Левченко, Виноградов, Яункаин секілді большевиктерден тұрды. Сонымен қатар Петропавл қаласында саяси қылмысты қарастыратын арнайы сот тергеу милициясы болды, оның басшысы Ф.К.Юрасов олардың міндеті іздеу шараларымен бастапқы тергеу жұмыстарын анықтау болатын. Осылайша Петропавлда Кеңес өкіметінің сот билігінің негізі қалана бастады.

1918 жылдың қаңтардың басында қалалық шарушылық бөлімі ашылды, кейін қалалық кеңес

халықтық шаруашылық мекеме болып өзгертілді. Мекемеге кәсіптік, жер мәселесі, құрылыс бөлімдері және сауда- сатық, қаржы мекемесі, оқу бөлімі, тұрмыстық, техникалық, еңбек бөлімдері кірген еді.

Батыс Сібірдің III съезінде, яғни 1918 жылы 19-24 қаңтар аралығында Омбы қаласында шаруалар депутаттарының басы қосылды. Осы құрылтайда Петропавл қалалық делегаттары бір ауыздан Кеңестік билікті қолдады. Сонымен қатар шаруалар кеңесі депутаттары мен жұмысшы солдат кеңесінің одақтасуына пікірлер айтылып жатты. Съезге қатысушылар Сібір буржуазиялық автономия билігін тоқтату үшін қаулы шығарып, Сібір облыстық билік толықтай Кеңес өкіметінің қолына өтуге шешім қабылдады. Өлкенің IV съезінің шешіміне сәйкес Петропавл уездік шаруалар кеңесі мен орыс казак және Алаш зиялылар отырысы өтті. Осыған орай 1918 жылдың 4 сәуірінде большевиктердің ұсынысы бойынша шаруалар кеңесіне бірігуге шешім қабылданып, жоғарғы уездік билік Кеңестердің қолында екендігін, орыс-казак буржуаздары мен Алаш қайраткерлері мойындауға мәжбүр болды. Осылайша Петропавл қаласының билігі біртіндеп Кеңестердің қарамағына өте басты [106, 29 б.].

Большевиктер Кеңес өкіметінің билігін өңірде бекініп тұрақтап қалуына шаруалар мен жұмысшыларға көмектерін аямады. Халықтың көңілінен шығу үшін 1918 жылдың басында Кеңестер қалалық ұн өндіретін, Зенков атындағы тері өңдеу кәсіпорнын, консерва зауытын және басқа да ірі зауыттырды жалпы халықтық деп жариялай бастады.

Бұл халықтық кәсіпорынды Кеңес комиссары қадағалап отырды. Осы жылдың қаңтар айының орта шеніне қарай қалалық атқару комитеті көпестер мен мал саудагерлерінің өнімдерін есеп алып, ет саудасын қалалық Кеңестердің қарамағына берді.

Ал 1918 жылдың 16 қаңтарында атқарушы комитет Петропавл қалалық капиталистерден жеті күн ішінде 2 млн рубль тәркілеуге және біріңғай салық жинап тұруға шешім қабылдады. Наразы болғандарды сот жаукершілігіне тарта бастады. Қалалық атқару комитетінің отырыстарын да ауылдық, селолық аймақтарда Кеңес өкіметіне беру, сонымен қатар қала көшелерінде қоғамдық қауіпсіздікті күшейту мәселелері қарастырылды.

Большевиктер үлкен үйлері бар көпестердің, саудагерлерінің үйлерін тәркілей бастады, оларға теміржол қызметкерлерін орналастыды. Сібір сауда-өндіріс банкісін және қойма сақтау орындарын да тәркілеген болатын. Ал ұсақ кәсіпорындардың иелері болса жұмысшалар қарауында болды. Қалалық Кеңес шаруашылығы тері өңдеу, диірмен мекемелерінің жұмысына жайлы жағдай жасау үшін көмір мен жанармай тапшылығын қамтамасыз етуге бірнеше маңызды іс-шаралар әзірледі.

1918 жылдың наурыз айында Кеңестер билігі Петропавлдағы шет ел фирмалары мүліктерінің бір бөліктерін тәркілей бастаған болатын. Атап айтқанда «Р и Т. Эльворти» Акциянерлік қоғамының ауылшаруашылық техникаларын сақтау қоймасын және Дат экспорт қоғамының қоймалары еді. Омбы қаласындағы АҚШ, Ұлыбритания, Дат консулдарының қарсылығы мен шағымдарын жергілікті облыстық орындаушы комитет кері қайтарып отырды. Кеңестік халық шаруашылығы өндіретін тауарларды есепке алған соң, халықтың кедей бөлігін азық-түлікпен қамтасыз ету туралы шешім шығарды. Осылайша қала тұрғындарының көпшілігі тарапынан қолдау алған Кеңестер өздерінің көздеген мақсаттарына бір табан жақындаған еді.

Тәркілеген және қарамағына алынған кәсіпорындардың өнімдерін Петропавлда жаңа құралған

Кенес үкіметі Ресейдің орталық аймақтарына жіберіп отырды.

1917 жылдың желтоқсан айындағы Я.М. Свердловтың орталық Сібір орындаушы комитетіне жібірген хатында «орталық және еуропалық Ресейдің халқына нанның қажеттілігін» айтып, «нан өнімдерін тек Сібір мен Қазақстан жерлерінен алуға болады» делінген еді. Осыған орай теміржол бекеттерінің жұмыс қарқыны арта түсті, әсіресе Омбы, Түмен, Петропавл бағыты тоқтаусыз қызмет істеді. Осы кезде Мәскеу, Петроград секілді ірі қалардың ВЦИК Кеңестерін жарлығын орындау барысында Петропавлдан көптеген азық-түлік өнімдері тасымалданып жатты. Бұл уақытта Петропавл қаласының қоймаларында нанның мөлшері көп болатын және екі жылған жетерлік нан өнімдері болды.

1918 жылдың 3 қаңтарында Қазақстанның барлық солтүстік аймақтарындағы болыстарда 5 млн пұт нан жинау басталды және теміржол бекеттеріне жеткізіліп, Ресейдің орталық қалаларына жіберіле бастады. Осы науқанды Кеңестер комиссарлары басқарып, бақылауларында ұстады. А.П.Шлихтердің бастамасымен қалада автомобильдік жасақтар ұйымдастырылды. Олар жүк көліктерімен Батыс Сібір қаларынан нан өнімдерін Петропавлдық теміржол бекеттеріне тасымалдап отырды. Осының нәтижесінде Омбы және Петропавл қаласынан 1918 жылы үш ай ішінде 3 млн пұт нан жіберілді. Тек Петропавл уезінің үш болсынан 5,5 мың пұт астық пен 2 мың пұт әр түрлі дақылдар жиналды [106, 31 б.].

Азық-түлікке жауапты басшы комиссары А.П. Шлихтер 1918 жылдың сәуір айында Батыс Сібір съезінде сөйлеген сөзінде орталық және еуропалық Ресей төңкерісшілерін аштықтан аман алып қалғаны туралы баяндама берген болатын. Сөйтіп ол атқарған жұмысының

нәтижесін көрсетіп, делегаттар арасында беделін арттырды.

Кеңес өкіметінің тағыда бір саясатының негізі, олар орталық Ресей аймақтарынан аштыққы тап болған отбасыларды Қазақстанның солтүстік аймақтарына қоныстандыра бастады. Осыған орай, Петропавл уезіне және қалаға 5 мың отбасы қоныс аударды. Петропавл қалалық атқарушы комитет Қызыл әскер жасақтарына үлкен мән берді. Олардың қатарын ұлғайтуға бар күштерін алды. Бұл жұмыстың арта түсіуіне әсіресе III Бүкілресейлік съезден оралған Петропавл қалалық Кеңестер төрағасы И.Д. Дубынин септігін тигізді. 1918 жылдың 10 наурыздағы Кеңестер отырысында Дубыниннің ұсынысымен Петропавлда аймақтағы ескі әскери гарнизондар мен әскери қызметкерлерді таратып, оның орнына Қызыл әскерді құру туралы шешім қабылданды. Ұйымдастыру іс-шаралары И.Д. Дубыниннің мойына жүктелді. Ал әскери штаб құрамына П.П.Темлянец пен Заикин тағайындалды.

Сәуір айының аяқ кезінде штаб құрамы Петропавлда өз еркімен әскер қатарына алған адамдардан жаяу әскер ротасы мен атты әскер ротасынан құралды. Сонымен қатар тері, консерва, басқа да зауыттар мен кәсіпорындарындағы бастапқы құралған жасақтар өз қызметтерінде қала берді.

Әскер қатарына бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан әскери тұтқындар ішінде тәрбиелік, насихатту жұмысын жүргізе отырып, оларды да қызметке тарту көзделді. Сол себептен Петропавл қаласы маңындағы әскери тұтқын лагерьлерден жиналған венгрлерден, немістерден, австриялықтардың жасақталған атқыштар роталары құралды. [106, 32 б.].

1917 жылғы желтоқсанның басында Омбыда жұмысшы және солдат депутаттарының Батыс Сібір съезі

болды, одан кейін осы өлкенің шаруа депутаттарының съезі болды.

1918 жылғы қаңтарда Ақмола облысы деген атау жойылып, бүкіл аймақ Омбы облысы деп аталды. Аты өзгерген Омбы облысының құрамына: Омбы, Петрпавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Тары және Текелі уездері енгізілді. Осылайша, большевиктік Кеңес үкіметі Романовтар әулеті аяқтай алмаған отарлау саясатын заңды шегіне жеткізді. Бір шеті Қызылжардан Ұлытау, Балқашқа дейін, Торғай ойпатынан Ертіске дейінгі бүкіл Арқа алабы Омбы облысына қарайтын болды.

Сол кездегі оқиғалардың өрістеуін қадағалап, байқасақ Бүкілресейлік уақытша Үкімет те, Уфа директориясы да, Сібірдегі Колчак үкіметі де, ақыр соңында большевиктер партиясының еркін жүзеге асырған Кеңес үкіметі де қазақ халқына бостандық беруге асықпағанын көреміз. Олар Ресейдің орасан зор шикізат қоймасы ретіндегі қазақ жерлері бөлініп кетеді деп қорықты.

Омбыдағы өзін-өзі Бүкілресейлік деп жариялаған Колчак үкіметі өзі жанын қоярға жер жер таба алмай жүріп, 1918 жылғы 4-қарашада арнайы жарлық шығарып, «Алаш үкіметі –Алашорданың жұмысын тоқтатты». Тиісінше, Алаш қайраткерлеріне сенімсіздік білдіріп, тұтқынға алды.

Мұндай жағдайда Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ басшылары саяси күрес тәсілдерін өзгертіп, большевиктік революциялық үкіметпен жақындасуға ниет білдірді. Сөйтіп, қайткен күнде де қазақ халқын қырғыннан, Ресейде жүріп жатқан «ақ пен қызылдың» азамат соғысынан аман алып қалуға күш жұмсады. Соның нәтижесінде Кеңес үкіметі 1919 жылдың 4-сәуірінде «Алашорда үкіметінің мүшелеріне кешірім жасау туралы» қаулы алады. Онда: «БОАҚ Төралқасы Алашорда

үкіметінің бұрынғы мүшелерін кеңес жұмысына қатыстырудың кезі келді және оларды бұрынғы қызметі үшін қуғындауға үзілді-кесілді тыйым салынады», деп атап көрсетілді.

Алайда, бұл шешім кезінде қазақ даласында ықпалы күшейіп бара жатқан Алаш қозғалысының қарсылығын бәсеңсіту мақсатында жасалған айла екенін кейінгі тарих айдан анық көрсетті. Кеңес үкіметі өз қаулысын орындамады. Қолына билік алған соң, 1921 жылдың өзінде-ақ қазақ қайраткерлеріне ұлтшылдық деген таңба басып, қуғындай бастады.

Жалпыға мәлім Петроградта большевиктер 1917 жылғы 25-қазанда өкімет билігін басып алғаннан кейін, ертеңінде ашылған советтердің Бүкілресейлік екінші съезінде ұлт аймақтарына арнап үндеу қабылданды. Онда «Совет өкіметі Россияны мекендеуші барлық ұлттардың өзін-өзі билеуіне шын мәнінде құқық берілуін қамтамасыз етеді», деп жариланды. Бұл-билік басына келген тобырдың бұқара халық қолдауына ие болу үшін жасаған айла-шарғы екені көп ұзамай мәлім болды.

«Россия халықтары праволарының декларациясында» барлық халықтарға теңдік, өзін-өзі билеу, тіпті дербес мемлекет құруға дейін ерік берілетіні жазылды. Ал, «Россия мен Шығыстың барлық мұсылман-еңбекшілеріне» арнап, 1917 жылғы 20-қарашада жарияланған үндеуде де көп уәде бар еді. Бірақ, олар орындалмады. Мұның зардаптары жөнінде тарихи әдебиеттерден көптеген тарихи мағлұматтар табуға болады.

Большевиктер партияның қолдауына ие болған ұлы державалық шовинизмнің асқынуы және отаршылдық ниеттің тыйымалуы қазақ халқына орны толмас залалдар әкелді. Қалың қазақ бұқарасының мүддесін қорғағандар ұлтшылдық әрекеттері үшін жазаланып отырды.

1919 жылғы 27-тамызда Сібір төңкеріс комитеті, қысқаша Сибревком құрылды. Орталығы Петропавл болған Ақмола және орталығы Семей болған Семей губернияларын да Сибревкомының билігі жүгірді.

Тиісінше, 1919 жылғы 23-қарашада Петропавл уездік ревкомы, ал, 8-желтоқсанда Ақмола және Семей уездік ревкомдары құрылды.

Жер-жерде ауылдық және болыстық ревкомдар құру науқаны басталды. Сакталған архив құжаттарына қарағанда, бұл жұмыс оңай жүрмеген. Халықтың еркінен тыс, сырттан уездік ревкомның нұсқаушылары 1919 жылғы 7-желтоқсаннан 1920 жылғы 20-қаңтарға дейін ауылдық және болыстық ревком құру үшін 72 елді мекенді аралап шықты, деп жазылған бір құжатта.- Нұсқаушылардың жетіспеуінен уездің бүкіл мекендерін тез арада қамту мүмкін болмады. Уездік ревкомның жазбаша нұсқауына сай, жергілікті ревкомдар құруды жеделдету қажет».

1919 жылдың аяғына қарай қарулы қақтығыстар күшейді. Азамат соғысының майданына айналған Солтүстік Қазақстанның, әсіресе қазақ ауылдары көп ауыртпалық тартты. Ақтар тартып әкеткен мал мен азықтан қалғанын қызылдар тонады., Ең аяғы киіз үйлердің туырлық, түндігіне дейін сыпырып алып кеткен жағдайлар болған. Отырықшы ауылдардың егіні жиналмай қалды.

Қаланың тұрғындары да бей-берекет, қиын тұрмысқа тап болды. Отын аз, жарық болмады. Аш-жалаңаш, қайыршы хал үйреншікті жағдайға айналды. Ақтарды қуып шығып, қалаға қайта ие болған. 5-армияның саяси бөлімі Петропавлда ревком құрды. Өкімет билігі ревкомға берілді. 1920 жылғы 20-шілдеде Петропавлда Кенестердің қалалық және уездік съезі болды. Соның шешімімен бес күннен кейін ревком таратылып, қала-уездік атқару комитеті билікті қолына алды.

«Есіл көтерілісі» кезіндегі қала тіршілігі. 1920 жылғы азық-түлік салғырты (орысша «продразверстка»-авт.) «соғыс коммунизмі түрінде жарияланған кеңес үкіметінің ерекше шараларының бірі болатын. Азамат соғысынан берекесі кеткен Ресей мемлекетінде жаппай азық-түлік қорлары таусылып, орталық аудандарда жаппай аштық орын алды. Осы қиыншылықтан шығу мақсатында В. Ленин бастаған большевиктер билігі Сібір мен Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс аймақтарындағы халықтың қолындағы «артық азық-түлігін алу мақсатында, бұрынғы салық саясатының орнына салғырт салу, яғни жеке қожалықтың әл-ауқатына қарай сөшерлеп, азық-түлік қорларын күшпен тартып алуға кірісті. Әлбетте, мұндай төтенше шара әділетсіз саналып, бейбіт жағдайда күш қолдану халықтың үкімет билігіне қарсы наразылығын тудырды. Қарсылық, әсіресе, Батыс Сібірдің егіншілікпен және мал өсірумен айналысатын ауқатты шаруалардан басталып, бірте-бірте жайыла берді. Солтүстіктегу Есіл, Қорған, Омбы уездеріндегі бүліктер Петропавл төңірегіне де салқынын тигізе бастады.

1920 жылғы 20 желтоқсанда басталып, 1921 жылғы 2 қаңтарға дейін өткізілген Петропавл қала-уездік партия конференциясында ашық айтылғандай «өлкеде кулактар қарсылығы өршіп келе жатты. Шаруалар жерге ие болғанымен, оның өнімін пайдалана алмай, коммунистер үкіметіне наразы болуда». Петропавл қаласында «Сібір шаруалар Одағы» деген оппозициялық ұйым пайда болды. Бұрынғы эсэр (социалист-революционерлер) партиясының жетекшісі И.Н. Шантуров басқарған комитетте қаланың 1-гильдия көпесі шаруалардың досы Кармацкий, Колчак әскерінің поручигі Родин, бақалшы дүкендерінің иесі Иванов сияқты 8 адам осы комитет құрамында болып, қала жұртын үкіметке қарсы қару жұмсауға үгіттеген.

«Сібір шаруаларының көтерілісі», немесе «Есіл көтерілісі» деп аталған қанды қырғынның тарихы туралы көп айтуға болады, алайда бұл арада сол көтерілістің Петропавл қаласындағы көріністерін қысқаша сипаттаумен шектелген жөн сияқты.

1921 жылғы 9 ақпанда көтерілісшілер, қала сыртындағы теміржол желісін бүлдіріп, 12 ақпанда қалаға шабуыл жасамақ болған. Қала билігі өз тарапынан сактық жасап, милиция қызметкерлері, әскери қызметшілер мен белсенді коммунистерден қарулы топтар құра бастады. Топты мектептің әскери сабақ оқытушысы Б.Н.Горячев басқарды. Ақпанның 13 күні қала басшылығы тұрғындарға арнап «Мир труда» газетінде Үндеу жариялады. Төніп келе жатқан қауіпті түсіндірді. Қалада төңкеріс жасауға дайындалған деген айып тағып, «Шаруалар одағы» дегеннің жетекшілері мен бұрынғы патша офицерлерін қамауға алды. Ақпанның 13-жұлдызында Петропавлда әскери жағдай жарияланды.

Сол күні түске қарай, Новопавловка селосы жағынан қалаға тұтқиылдан ақ гвардияшылар бастаған көтерілісшілер кіріп келіп, кездескендердің бет-жүзіне қарамай, қырып-жоя бастады. Оқиғаға куә болғандардың айтуынша, олар бала-шағаны да аямаған. Алдымен қалалық түрмені, базар алаңын басып алған. Бас-аяғы бірекі сағаттың ішінде қала көшелері жауға толып кеткен. Сырттан келгендерге қаланың өз ішіндегі сатқындар қосыла берген. Алғашқы солққыны милиция қызметкерлері қарсы алып, соғысқанымен милицияның өз ішінен де көптеген сатқындар пайда болып, жау жағына шығып кеткен. Сатқындар қала гарнизонында да аз болмаған. Бұрын патша әскерінде болғандар жау жағына шыға берген. Кейін тергеуде анықталғанындай, мысалы Сокольский деген гарнизон командирі, соенің алдында ғана пулеметтерді бұзып, тығып тастауға бұйрық берген.

Іштен шыққан жаулардың әрекеті көтерілісшілердің бетін қайтаруды қиындатып, қаланың жазықсыз тұрғындарын көптеген орынсыз шығынға ұшыратты.

Бұл кезде Петропавл қаласы 1920 жылғы 26 тамыздағы Үкімет декреті бойынша Қазақ Автономиялы Республикасы Ақмола губерниясының орталығы болатын. Алайда, Омбыдағы Ресей Сібір комитетінің қарсылық көрсете беруіне байланысты, Петропавл мен оның айналасындағы аумақтарды Қазақстанға беру мәселесі орынсыз созылып, Мәскеудегі Бүкілресейлік Атқару Комитетінің төрағасы М. Калинин, Ресей Үкіметінің төрағасы В. Ленин қол қойған заң күші бар құжат орындалмаған. Соның нәтижесінде қала мен уезде, тұтас алғанда губернияда Қазақ үкіметі орнамай, оның басшы органдары жұмысына кіріспеген болатын. Демек, «Есіл көтерілісі» деген бүлік бүкіл Солтүстік өлкенің Қазақстанға берілуіне кедергі жасады. Орталық биліктің пәрменімен, 1921 жылдың 19 наурызында Орынбордағы Қазақ Республикасы басшыларынан ҚазЦИК төрағасы Сейітқали Меңдешев, Сәкен Сейфуллин бастаған бір топ жетекші қызметкер Петропавлға келіп, жергілікті жағдаймен танысқан соң, Омбыға жүріп кетті. Сонда Қазақ делегациясы мен Сибревком арасындағы келіссөз 2 мамырға дейін созылып, ақыры Ақмола және Семей губернияларының шегарасы белгіленіп, Қазақ АССР-ы құрамына берілетіні туралы құжат дүниеге келді.

Ал, «Есіл көтерілісшілерінің» Петропавлдағы және уездегі қырғын соғыстарына қайта оралатын болсақ, жоғарыда айтқанымыздай, 13 ақпан күні көтерілісшілер қала гарнизонын қорғауға арналған жеті пулемет пен үш зеңбіректі оп-онай қолға түсірді. Ұйтқи соққан боран арсында, үйілген қарды тасалап, қаланы қорғаушылар жан аямай соғыса берді. Жау қолында қалған қаладан тез арада әуелі архивтер қауіпсіз жерлерге әкетілді.

Партия-совет қызметкерлерінің отбасылары мен жаралылар Тоқушы стансасына жөнелтілді. Сол күні түнде Тоқушы стансасына Рыбалкин бастаған 200 бүлікші Тоқушыға шабуыл жасап, Петропавлдан барғандарды қыра бастаған. Көргендердің айтуыша, Омбыдан қарулы әскер келмегенде жау оларды түгел қырып тастайды екен.

14 ақпан күні таң ата Омбыдан Петропавлға қарай «Красный сибиряк» броньді пойызы шығып, жол бойы соғысып келе жатқан. Мысалы, Булаев стансасын басып алған бандыларды жеңу үшін төрт сағаттай соғыс болған. Петропавлға жеткен бетте «бронепойыздың жауынгерлері вокзалдың алдына артиллерия қаруларын құрып жіберіп, қаланы бір сағат бойы атқылаған. П.И. Корицкий бастаған 200 жаяу әскер мен 30 атты жауынгер қалаға соғысып кіріп, бүлікшілерді тықсыра бастады, дейді сол кездің куәгерлері.- Алайда, бүлікшілер қосымша көмек алып, қызыләскерлерді вокзалға қайта қуып тықты». Екі жақ түн жамылып соғысқан.

15 ақпан күні таңертең 249-полктің солдаттары да эшелонмен жеткен. Собор алаңында (қазір Погодин театрының алдындағы алаң.-авт) қырғынның көп болғаны сондай, жаяу адам мәйіттерден аяқ алып жүре алмаған. Қала 16 ақпан күні көтерілісшілерден азат етілген. Бүлік салдарынан қалаға көп зиян келді. Теміржол ғимараттары қирады, кей жерлерде рельс бұзылды. Астық тиіп Сібірден Ресейге бет алған 500 вагон үш апта бойы тұрып қалған, деген дерек бар. Көтеріске қатысушылар заң алдында жазасын тартты. Ревтрибуналдың үкімімен 1921 жылғы наурызда 41 адам атылды [84].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы тарих ғылымының негізгі міндеті – отандық тарихты объективті тұрғыдан қайта қарап, зерттелмеген беттерін қайта жазу, ашылмай келген тұстарын тереңірек зерттеу мәселесі болып табылады. Төл тарихымызды қайта түлетіп, халқымыздың тарихи жадын жаңғыртуға соңғы кездері біршама жұмыстар атқарылғаны белгілі.

2004 жылдан бері Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында көптеген бұрың сонды белгісіз болған тарихи деректер табылып, шетелдерден құндылығы жоғары архив құжаттары мен жазба еңбектер қайтарылып, ғылыми базамызды толықтырылды. Осы дерек көздерді пайдалана отырып Қазақстанның солтүстік өңірлерінің Ресей империясы үшін стратегиялық маңызы бар аймақтың болғанын байқаймыз. Қызылжар жерінде салынған Әулие Петр атындағы және де Қазақстанның Ресеймен шекаралас аймағындағы бекіністердің салынуудағы орны мен ерекшеліктерін көре аламыз. Осыған орай, Ресей өкіметінің шығыс елдерге бағытталған саясатына сараптама бере отырып, патшаның әскери күшке сүйеніп экономикалық, саяси-әлеуметтік қадамдарын ашуға мүмкіндік туғызды. Сондай-ақ Петропавл бекінісінің Ресей империясы үшін атқарған рөлі мен себеп, мақсаттарын және отарлау саясатының қадамдарын көреміз.

Ерте заманнан бері Орта жүз қазақтарының атақонысы болып келеген Солтүстік Қазақстан жерлеріне Ресей өкіметі әскери форпостар мен бекініс, редуттарын салып біртіндеп Қазақ даласына кіре бастады. Ал Батыс Сібір аймағын ежелден мекен еткен қазақтың ру-тайпалары шептің бергі жағына ығусуға тура келді.

Қазақ даласының солтүстік аймағы XVIII ғасырда Ресей империясының саяси-жағрафиялық қызығушылық орталығына айнала бастады.

1752 жылдың жаз айында Петропавл бекінісінің негізі қаланған соң, осы өңірге патша өкіметі қоныстану саясатын жүргізе бастады. Еуропалық және орталық Ресей қалаларынан орыс, татар, грек көпестері ағылып жатты. Қазақ-орыс қатынастары жаңа даму деңгейіне көтерілді. 1759 жылы Петропавл бекінісінде жәрмеңкелер ашыла бастады.

Осыған орай Қазақстанның Солтүстігіндегі әскери шептердің құрылысы Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-саттық қарым-қатынастың дамуына жол ашқанын көреміз. Сонымен қатар, Орта Азия елдерімен сауда-саттық жасауға патша өкіметіне өз септігін тигізді.

Ресей империясы қазақ даласында бекініс және әскери форпостарды сала отырып отарлау саясатын жүзеге асырды. Ал Қазақ хандығы болса біртіндеп өз егемендігінен айырыла бастады және Ресей империясының отарын айналды.

Қазақстан тәуелсіз ел аттанған соң өз тарихына деген бетбұрыс басталды. Тарихшы ғалымдарымыз Ресей, Қытай, Парсы және басқа да шет ел архивтарындағы Қазақстан тарихына қатысты деректерді зерттеп зерделеу барсында, көптеген құнды деректертер елмізге жеткізілді. Осы деректер тарихи шындықты ашуға мүмкіндік беруде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Ремезовская летопись: летопись Сибирская: исследование, текст и перевод: науч. – справ. – Тобольск: Возрождение Тобольска, 2006. – 167 с.
2. А. Күзембайұлы, Е. Әбіл. Сібірдегі керейлер мемлекеті. Қазақ тарихы, 2015. – № 6. –Б. 13–16.
3. Фальк И.П. Записки путешествия академика И.П. Фалька. Полное собрание ученых путешествий по России, издаваемое Императорской Академией наук. – СПб., 1824. – Т. 6. – 499 с.
4. Соловьев С.М. История России с древнейших времен. – М.: Мысль, 1988 – 797 с.
5. Лебедев В. Из истории сношений казахов с царской Россией в XVIII в. // Красный архив. –1936. – № 5.
6. История Казахстана русских источниках XVI – XX веков 6 том. П 90 Путевые дневники и служебные записки о поездках по казахским степям. XVIII/Сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. –516 с.
7. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
8. Костомаров М.И. Русская история в жизнеописаниях ее главнейших деятелей. – М.: Олма-Пресс Образование, 2004. – 780 с.
9. Карамзин Н.М. История государства Российского. – М.: Олма-Пресс, 2003. – 879 с.
10. Бартольд В.В. Абулхаир // Соч. – М.: Наука, 1964. - Т. 2, ч. 2. – С. 489-490.;
11. Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз – кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времен кончины Абулхаир-хана. – Уфа, 1853. – Т. 1. – 248 с.

12. Небольсин П.И. Покорение Сибири. – СПб., 1849. – 344 с.

13. Золотов П.А. Некоторые сведения о бывшей Западно-Сибирской военной границе в минувшем столетии // Семипалатинские областные ведомости. – 1875. – № 22-24.; Первое заселения бывшей Западно – Сибирской военной границы свободными обывателями //Акмолинские областные ведомости. – 1875. – № 9.; Генерал-поручик Иван Иванович фон Шпрингер. – Омск, 1877. –128 с.; Материалы для истории сибирского казачьего войска. – Омск, 1878. – 268 с.; О сибирских переводчиках и толмачах во 2-й половине XVIII в //Акмолинские областные ведомости. – 1876. № 1, 2.

14. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898. – 522 с.

15. СКОММ № 158 Бенюх коры «Планы военных крепостей Горькой линии XVII-XIXвв» 1т, 313 ис ., –179 б.

16. История Казахстана русских источниках XVI – XX веков 2 том. – Алматы, 2006. –585 с.

17. Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз – кайсаков. – Алматы: Ылым, 1998. – 280 с.

18. Словцов П.А. Историческое обозрение Сибири. – СПб., 1886. - Кн.1. – 326 с.; Кн. 2. - 364 с.

19. Радищев А.Н. Сокращенное повествование о приобретении Сибири // Соч. – М.-Л., 1941. – Т.2. – 432 с.

20. Ядринцев Н.М.Сибирь как колония. – СПб., 1882. – 472 с.

21. Буцинский П.Н. Заселение Сибири и быт ее первых насельников. Харьков, 1889. – 328 с.; Шашков С.С. //Соч.: в 2 т. - СПб.: Изд. О.Н. Поповой, 1898.; Исторические очерки. Исторические этюды. - Т. 1-2. - 667 с.

22. Головачев П.М. Ближайшие задачи исторического изучения Сибири // Журнал Министерства народного просвещения. – 1902. – № 9. – С. 49-68.

23. Бюджетное учреждение Омской области «Исторический архив Омской области (БУ ИсА) РФ, Ф 366 Г.Е. Катанаева, Описание 1, «Начало внедрения в Сибирских линиях Казачья Орда под протекторатом России XVIII в». 41с.

24. Щеглов И.В. Хронологический перечень важнейших дат из истории Сибири. – Иркутск, 1888. – 779 с.

25. Г.Е. Катанаев. Историческая справка, «О том, когда и как построен город Омск», Омскпромстройбанк, 1996-94с.

26. Катанаев Г.Е. К вопросу о так называемых «земельных захватах» Сибирского казачьего войска. – Омск, 1898. - 19 с.; Катанаев Г.Е. Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске. – Омск, 1904. – 32 с.

27. Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы- Абылай, 2-том, Алматы, «Ел-шежірее», 2011,

28. Казахско-русикие отношения в XVI–XVIII веках (Сборник документов и материалов).А. 1961 г.Док. №233.С. 602-603

29. Остафьев В.А. Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве: записки Западно – Сибирского отдела ИРГО. – Омск, 1895. - Кн. 18, вып. 2. - С. 1-62.

30. Х.Айдарова. Чокан Валиханов: Казахский филиал академии наук ССР, КазОГИЗ, Алма-ата-1945–193 с.

31. М Дулатовтың. //Шығармалары. – Алматы, 1991. – 329 б.

32. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. – М.: Мысль, 1993. – 781 с.

33. Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова (1836-1838г.г.): очерки по истории национальных движений казахского народа. (По материалам Центрального Государственного Архива Казахстана). – Алма-Ата: Алтын Орда, 1991. – 102 с.; Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – Л.: Госполитиздат, 1941. – Т.1. – 438 с.;

Рязанов А.Ф. Восстание Кенисары Касымова (1837-1847г.г.): исторический очерк. – Алматы: Айқап, 1993. – 32 с.; Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова. - Алма-Ата: АН КазССР, 1946. – 254 с.

34. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. – М.: АН СССР, 1957. - 342 с.

35. СҚОММ 158 Бөнух қоры, «Этнический состав и расселения казахов Среднего жуза» 1т, 328 іс.

36. Туманшин К.М. История развития Петропавловска и его уезда: автореф. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1960. – 24 с.

37. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX веков. – М.: АН СССР, 1960. – 455 с.

38. Касымбаев Ж.К. Верхнеиртышские крепости и упрочение русско-казахских политических отношений во второй половине XVIII в. Проблемы социально-экономического и этнодемографического развития городов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 44-51.

39. Olcott M.B. The Kazakhs, Hoover Institution Press, Stanford. - California, 1987. – 388 p.

40. Скайлер Ю. Түркістан. Орыс Түркістаны, Қоқан, Бұхара және Құлжаға саяхат жазбалары //В кн.: Қазақтар шетел әдебиетінде.– Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 240 б.

41. Джордж Демко. Орыстардың Қазақстанды отарлауы 1896-1916жж, Алматы: Ғылым, 1997–230 б.

42. Краусс А. Ресейдің Орта Азиядағы жаулаушылық тарихы, 1558-1899 жылдар // В кн.: Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. - 240 б.

43. Козыбаев М.К. Актуальные проблемы изучения Отечественной истории // В кн.: Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2006. – С. 14-26.

44. СҚОММ Бенюх 158 қ, 1т, 307 іс. Страницы по истории Ишимской линии: 179 б.

45. А.И. Семенов. Город Петропавловск за 200 лет (1752-1952 вв) Исторический очерк Петропавловск, 2010. – 190 с.

46. Қазақстан тарихы этникалық зерттеулер 8 том; Арғын-Алматы: «Алаш» тарихи зерттеу орталығы, 2010 - 409 б.

47. М.Әбдіров. Хан Кучум известный неизвестный. – Алматы: Жалын, 1996. -176 б.

48. Ж.Артықбаев. Қазақстан тарихы: оқулық, Астана: Фолиант, 2013-360 б.

49. А.Б.Шалгимбеков. История военного продвижения и закрепления Российской империи в северном регионе Казахстана (вторая половина XVIII-первая треть XIX, Костанай, 2010-178с.

50. А.Ғ. Ибраева. Қазақстан музейлері тарих толқынында: монография.- Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2015. –34-76 бет.

51. Ж. Е. Жаппасов. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 147 б.

52. А.Сейтқасымов. XX ғасырдағы 20-30 жылдардағы Солтүстік Қазақстанның қоғамдық саяси-өмірі. Автореферат, Алматы: 2000-27 бет.

53. С.Мәшімбаев. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихи. Автореферат, Алматы: 2001-51 б.

54. З.Тайшыбай Қазақтың ханы Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі. 1 том- Алматы: Ел- шежіре, 2011.- 640 б.

55. С.Мәлікова. Новые страницы истории: газета Северный Казахстан 2015 г.

56. Е. Қуандық. Қазақстандағы «Кіші Октябрь» Бағыты:Бастауы, барысы және салдары // Тарихи саяси талдау// Автореферат: Алматы, 2002.

57. Русские в Евразии XVII–XIX вв. Миграции и социокультурная адаптация в иноэтничной среде / Н.Е.Бекмаханова, М.Б.Булгаков, Л.С.Гатагова, В.Я.Гросул, Д.И.Исмаил-Заде, В.В.Трепавлов, Э.П.Федосова. Отв. ред. В.В.Трепавлов. Москва; Тула: Гриф и К, 2008. Тираж 500. 480 с. 25, 5 п.л. (авторский вклад 6, 7 п.л.)

58. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы. Атамұра, 1996. Т. 1. 86-б.

59. Муқанов М.С., Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата. Наука, 1974. 200-с.

60. Аристов Н.А., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб, 1897. 182-с..

61. Андреев А., Строгановы. Энциклопедическое издание. М. 2000. 592-с.).

62. Миллер Г.Ф., История Сибири. Т.1. Москва. Восточная литература, 1999. 190-191-с..

63. А.Күзембайұлы, Е.Әбіл, “Сібірдегі керейлер мемлекеті”. Қазақ тарихы, №6, 2015. 13-16-б.

64. Кабульдинов З.Е., Об автохонном казахском населении Северного Казахстана и Западной Сибири // История борьбы за независимость в Северном Казахстане: Матлы междунар. науч-практ. конф. Алматы. “Қазақ энциклопедиясы”, 2011. 464-б..

65. С.Е.Толыбеков. Кочевое общество казахов в XVII-начале XX века. (Политико-экономический анализ). Алма-Ата, «Наука» АН КазССР, 1971-633с.

66. Санжар Аспендияров. Қазақстан тарихының очерктері. Алматы, САНАТ, 1994-119 б.

67. Козыбаев М. К. Правда и мифы о Ермаке. История и современность – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 254 с.

68. История Казахстана русских источниках XVI – XX веков 4 том. П 26 Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII/Сост. И.В. Ерофеева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. –368 с.

69. ГАОО Ф.1. Оп. 1. Д.32.
70. Л.А. Кузнецов. Краткий исторический очерк Петропавловска Акмолинской области. Петропавловск, 1913 г.
71. ГАОО Ф.1. Оп. 1. Д.177 Л. 833.
72. Ф.158. Оп. 1. Д. 138 А.
73. ГАОО Ф. 2. Оп.1. Д. 54. Л.7-10.
74. Горбань Н.В.Из истории строительства крепостей на юге Западной Сибири // Вопросы географии: сб. 31. – М., 1953. – С. 220 - 241.
75. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828гг.) – М.-Л.: АН СССР, 1940. – 543 с.
76. Инструкция из Правительствующего Сената подполковнику В.Кутузову, командированному для проведения пограничной (Новой) линии между Оренбургской и Иртышской границами.- ГАОМО. - Ф.366, оп.1, д.13
77. О постройке крепостей, редутов и маяков на Новой линии. – ГАОМО. - Ф.366, оп.1, д. 34.
78. Степной край: зона взаимодействия русского и казахского народов (XVIII-XX вв.): матер. II Междунар. науч. конф. – Омск, 2001. – 269 с.; Степной край Евразии: историко-культурные взаимодействия и современность: тез. докл. и сообщений V Междунар. науч. конф. – Омск, 2007. – 260 с.
79. Потанин Г.Н. Материалы по истории Сибири. – М., 1867. – 393 с.
80. Бенюх 158 к, 1 т, 308 і, рукописи, копии документов, заметки, М.И.Бенюха по истории строительства Горькой линии из архива г. Омск. - 152 б.
81. Петропавловск, уездный город Акмолинской области// Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: В 86 томах (82 т. и 4 доп.). –СПб., 1890.- 1900 с.

82. Фиалков Д.Н. Горькая линия военных укреплений: записки по краеведению Омской области. – Омск, 1972. – С. 52-61.

83. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX в. – Алма-Ата, 1964. –

84. Северо-Казахстанская область: В краю белых берез/ Сост. Сергеева Р. – Алма-Ата: Өнер, 1989.- 216 с.

85. Северо-Казахстанская область страницы летописи родного края.- Алматы: «Казахстан».- 1993.- 379 б.

86. 3.Тайшыбай Қазақтың ханы Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі. 2 том- Алматы: Ел– шежіре, 2011.- 640 б.

87. СҚОММ № 158 Бенюх қоры «Очерки из истории формирования населения Казахстана в I пол. XIX в.» 1т, 315 іс ., - 160 б.

88. СҚОММ № 158 Бенюх қоры «Из истории Сибири и Казахстана XIX в.» 1т, 317 іс ., - 120 б.

89. СҚОММ № 158 Бенюх қоры «Документы по истории Северного Казахстана XIX - XX вв.» 1т, 22 іс ., - 150 б.

90. Черников В.С. Крестьянская колонизация Северного Казахстана в конце XIX – начале XX в. и ее социально-экономические последствия: автореф. ... канд. ист. наук. – Москва, 1966. – 19 с.

91. Остафьев В.А. Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве: записки Западно – Сибирского отдела ИРГО. - Омск, 1895.-310 с.

92. Петропавловск: Серия: История городов Казахстана:Алма – Ата: Наука, 1985.- 208 с.

93. Очерк. Виль Галиев, Мыржакып Дулатов под Омском и в Петропавловске. Отрывок из книги «Пробудившийся народ».

94. Қамзабекұлы Д. Мағжан және Смағұл // Мағжан. - № 1 (17), 2015. – 98-105 бб.

95. Мұқанов Қ. Міржақыптың Қызылжарда болған жылдары туралы // Қызылжар нұры, 23 қаңтар 2009. – 7 б.

96. Қожахметов Б. Қамалдым өткелі жоқ терең жорға // Солтүстік Қазақстан, 14 шілде 2006. – 4 б.

97. Қамзабекұлы Д. Қызылжарда Көшкенің де ізі бар // Солтүстік Қазақстан, 9 желтоқсан 1994. – 2 б.

98. Жұмағали Тілеулин. Деректер, қайраткердің еңбектері және құжаттар жинағы / Құраст. С. Мәлікова, А. Мырзағали, Т. Долганова, К. Байгунакова. – Петропавл, 2015. – 277 б.

99. Кемеңгер Қ. Ақмола-Көкше елінен шыққан Алаш қайраткерлері // Арқа ажары, 11 қыркүйек 2010 ж. – 3 б.

100.СҚОММ, 18 – іс, 1 – т, 1273 – қ, 5-6 пп.

101.Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы.Желтоқсан 1917 ж.- мамыр 1920 ж. - Алматы: Алаш, 2005.- 496 б.

102.Т. Кәкішев. Қазақ зиялылары.- Алматы: Қазығұрт, 2011.- 416 б.

103.СҚОММ 1273 қор, 1т, 11іс, 14п. Қ. Мұқановтың газет журналдарда жарияланған мақалалары.

104.СҚММ 1273 қор, 1т, 18 іс, т 1, газет Тағдыры Қызылжарда тоғысқан 22 сентябрь 2006 ж.

105.СҚММ 1273 қор, 1, 10 іс, 36-44 пп.

106.Омашев Н.Н. Алаш арыстарының саяси басшылығы: Оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2007.-160 б.

107.Северо-Казахстанская область в 1917 – 1957 гг. Сборник статей/ Под.ред.Ю.А.Долгопятов и др. – Алма-Ата.- 1957.- 155 с.

108.ҚРОМА 23 Қор,1тізім, 1іс.

109.З. Тайшыбай Мағжанның Қызылжары, Астана 2008, 232 б.

110.Киргизы и равноправие «Степная речь», № 222, 30 сентября 1917 г.

*Ибраева Ақмарал Ғосманқызы
Мәлікова Сауле Зейнуллиновна
Әбіл Ерлан Қамитұлы*

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Подписано в печать 06.04.2018 г. Формат 60×90 1/16.
Гарнитура Times. Ризография. Объем 11,5 усл.печ.л.
Тираж 30 экз. Заказ №118-13. Бумага книжно-журнальная.
Отпечатано в ИПО СКГУ им.М.Козыбаева.